

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларын және әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № 716 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 желтоқсанда № 21869 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 11-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 14.07.2022 № 522 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ереже бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас әскери-медициналық басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2020 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 716 бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде (бұдан әрі – ҚР ҚК) және әскери прокуратура органында әскери-дәрігерлік сараптама (бұдан әрі – ӘДС) жүргізу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 04.01.2023 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. ӘДС:

1) азаматтардың әскери қызметке (әскери жиындарға), сондай-ақ денсаулық жағдайы бойынша есепке алу мақсатында жарамдылық санатын;

2) Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери қызмет өткеруге, әскери жиындардан өтуге (міндеттерін орындауға) байланысты олардағы аурудың, мертігудің (жараланудың, жарақаттанудың, контузия алудың) (бұдан әрі – мертігу) және қаза табуының (қайтыс болуының) себепті байланысын;

3) әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде әскери қызметшілер болған мүгедектікке әкелмеген мертігудің ауырлық дәрежесін;

4) мемлекеттік авиацияға қызметке кіретін Қазақстан Республикасы азаматтарының және авиациялық персоналдың жеке психофизиологиялық қасиеттерін айқындау үшін жүргізіледі.

3. Азаматтардың әскери қызметке (әскери жиындарға) жарамдылық санаты, сондай-ақ есепке алу мақсатында медициналық куәландыру жүргізумен айқындалады.

Медициналық куәландыру:

әскерге шақыру учаскелеріне тіркелетін, әскери қызметке шақырылатын және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарына, сондай-ақ жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедраларға (факультеттерге) оқуға түсетін азаматтарға;

әскери, оның ішінде келісімшарт бойынша қызметке кіретін азаматтарға;

әскерге шақыру немесе келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге;

әскери оқу орындарының (бұдан әрі – ӘОО) курсанттарына, кадеттер мен тәрбиеленушілерге;

радиоактивті заттармен, иондаушы сәулелендіру көздерімен, зымыран отыны компоненттерімен, электр-магниттік өріс, лазерлік сәулелендіру көздерімен қызмет ету үшін іріктелетін және қызмет өткеретін әскери қызметшілерге;

мемлекеттік авиацияның авиациялық персоналына;

әскери жиындарға шақыру кезінде немесе есепке алу мақсатында запаста тұратын азаматтарға жүргізіледі.

4. Медициналық куәландыру кезінде әскери-дәрігерлік комиссия (бұдан әрі – ӘДК), дәрігерлік-ұшқыш комиссиясы (бұдан әрі – ДҰК) және жергілікті атқарушы органдардың (бұдан әрі – ЖАО) медициналық комиссиясы осы Қағидаларға және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 722 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21863 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында қызмет өткеру үшін адамдар денсаулық жағдайына қойылатын талаптарға (бұдан әрі – Талаптар) сәйкес қорытынды шығарады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-1. Әскери прокуратура органының әскери қызметшілеріне ӘДС осы Қағидаларға сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. Қағида 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қорғаныс министрінің 04.01.2023 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Әскерге шақыру учаскелеріне тіркелетін, мерзімді әскери қызметке шақырылатын, әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлау үшін оқуға түсетін азаматтарды медициналық куәландыру

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 29.11.2022 № 1143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Әскерге шақыру учаскелеріне тіркелетін, мерзімді әскери қызметке шақырылатын, әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлау үшін оқуға түсетін азаматтарды медициналық куәландыруды жергілікті атқарушы органның (бұдан әрі – ЖАО) медициналық комиссиясы жүргізеді.

Медициналық куәландыру жүргізілгенге дейін ЖАО медициналық комиссиясының маман-дәрігері куәландырылушының жеке басын куәландырады.

Әскерге шақыру учаскесіне тіркелуге және мерзімді әскери қызметке шақырылуға жататын, әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлау үшін оқуға түсетін азаматтарды медициналық куәландыру барысында:

медициналық ақпараттық жүйеден және медициналық ұйымдардан (меншік нысандарына қарамастан) алынған созылмалы аурулар мен соңғы он екі ай ішінде инфекциялық және паразитарлық ауруларға шалдыққанына байланысты диспансерлік есепте тұратыны туралы мәліметтер (анықтамалар), дәрі-дәрмекті және басқа да заттарды көтере алмауы (жоғары сезгіштігі) туралы мәліметтер, жыл сайынғы профилактикалық медициналық қарап-тексеру туралы мәліметтер;

Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес бекітілетін денсаулық сақтау саласындағы есепке алу және есеп беру құжаттамасының нысанына сәйкес (бұдан әрі – есепке алу және есеп беру құжаттамасының нысандары) құжаттар: амбулаторлық пациенттің медициналық картасы, профилактикалық қарап-тексеру (скрининг) картасы, әскерге шақыру жасына дейінгінің емдеу картасы (ол бар болған кезде мерзімді әскери қызметке шақырылатын адамдар үшін);

рентгенограммалар, азаматтардың денсаулық жағдайын сипаттайтын арнайы зерттеу әдістерінің хаттамалары және медициналық құжаттар тексеріледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 29.11.2022 № 1143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Әскерге шақыру учаскелеріне тіркелуге және мерзімді әскери қызметке шақырылуға жататын, әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлау үшін оқуға түсетін азаматтарға медициналық куәландыруға дейін кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын:

- 1) жалпы қан және несеп талдауы;
- 2) мерезге микропреципитация реакциясы (микрореакция);
- 3) электрокардиография (бұдан әрі – ЭКГ);
- 4) эхокардиография;

5) кеуде қуысы ағзаларын флюорографиялық (рентгенологиялық) зерттеу (медициналық куәландыратын күні үш айдан кешіктірмей);

6) құрсақ қуысы ағзаларын және бүйректерді ультрадыбыстық зерттеу;

7) бруцеллезге (мал шаруашылығында жұмыс істейтіндерге және (немесе) жеке шаруашылығында малы барларға) қан талдауы жүргізіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 29.11.2022 № 1143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық есепке алу құжаттамасынан алынған мәліметтер, сондай-ақ медициналық куәландыру кезінде зертханалық және

аспаптық әдіспен жүргізілген зерттеулердің нәтижелері шақырылушының есепке алу картасына жазылады.

Флюорограмма (рентгенограмма) куәландырылушының жеке ісінде оның әскери қызмет мерзімі аяқталғанға дейін болады, одан кейін тиісті медициналық ұйымдарға қайтарылады, олар флюорографиялық үлдір түрінде немесе электрондық жеткізгіштерде бір жыл бойы сақталады.

8. Азаматтарды медициналық куәландыру осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Медициналық куәландыруды жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

9. 17 жасқа толған жасөспірімдерді әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу кезінде медициналық комиссия әскери қызметке жарамдылығын және арналу көрсеткішін айқындаудан басқа медициналық профилактикалық жұмысты одан әрі жүргізуді айқындау мақсатында жоспарлы скринингтік медициналық қарап-тексеру ретінде тіркелетін денсаулық жағдайының деңгейін айқындайды.

10. Әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу (мерзімді әскери қызметке шақыру) кезінде тексерілуге (емделуге) мұқтаж деп танылған азаматтар қорғаныс істері жөніндегі бөлімдерде (басқармаларда) (бұдан әрі – ҚІБ(Б) әскери қызметке уақытша жарамсыздар тізімі бойынша немесе әскери қызметке шамалы шектеулермен жарамдылар тізімі бойынша есепке алынады және олар туралы мәліметтер тіркеу (мерзімді әскери қызметке шақыру) аяқталғаннан кейін он жұмыс күні ішінде медициналық ұйымдарға және денсаулық сақтауды мемлекеттік басқару жергілікті органдарына беріледі.

Медициналық ұйымдардың және денсаулық сақтауды мемлекеттік басқару жергілікті органдарының басшылары көрсетілген тізімге сәйкес азаматтардың уақтылы тексерілуін (емделуін) қамтамасыз етеді.

Тексеру және (немесе) емдеу аяқталғаннан кейін медициналық ұйымдардың және денсаулық сақтауды мемлекеттік басқару жергілікті органдарының дәрігері немесе жауапты адамы жеті жұмыс күні ішінде ҚІБ-ға (Б-ға) әскерге шақыру жасына дейінгінің емдеу картасын және есепке алу және есеп беру құжаттамасының нысанына сәйкес азаматтардың денсаулық жағдайын сипаттайтын медициналық құжаттарды жолдайды.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 29.11.2022 № 1143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Әскерге шақыру учаскелеріне тіркелуге (мерзімді әскери қызметке шақыруға) жататын азаматтың денсаулық жағдайын анықтау және (немесе) аурулар немесе дене бітімінің кемістіктері бар диагнозын нақтылау мақсатында тіркеу (әскерге шақыру) комиссиясы оны медициналық ұйымдарға амбулаториялық немесе стационарлық тексеруге жібереді. Тексерілуге (емделуге) жолдамада осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық ұйымның атауы, алдын ала диагноз, нені нақтылау қажет екені және тексеру (емдеу) нәтижесімен қайта медициналық

куәландыруға қайта келу мерзімі көрсетіледі. Азаматтарды медициналық ұйымдарда тексеру (емдеу) негізгі және қосалқы ауруларды ескере отырып жүргізіледі.

Жолдама әскерге шақыру учаскелеріне тіркелуге (мерзімді әскери қызметке шақырылуға) жататын азаматтарға оларға тіркеу (әскерге шақыру) комиссиясының шешімі жарияланған кезде беріледі.

Жолдамаға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша денсаулық жағдайын зерттеу актісі (бұдан әрі – акт), амбулаторлық пациенттің медициналық картасы және оның денсаулық жағдайын сипаттайтын медициналық құжаттар қоса беріледі.

Тексеру (емдеу) аяқталғаннан кейін акт толтырылады, оған тексеруді (емдеуді) жүргізген дәрігер, бөлімше меңгерушісі және медициналық ұйымның басшысы (бас дәрігер) қол қояды, медициналық ұйымның елтаңбалы мөрімен расталады. Актіде зерттеудің зертханалық-аспаптық әдістері нәтижесі және негізгі және қосалқы диагноздарды растайтын объективті деректер көрсетіледі. Диагноз аурулардың халықаралық жіктемесіне сәйкес қойылады, сондай-ақ аурудың немесе дене бітімі кемістігінің сатысы, теңелу кезеңі, зақымданған ағзаның (жүйенің) функционалдық бұзылуы көрсетіледі.

Тексерілуден (емделуден) қайтып оралғаннан кейін азамат қайта медициналық куәландырылуға жатады. Егер қайта медициналық куәландырудан кейін азамат әскери қызметке уақытша жарамсыз немесе әскери қызметке шамалы шектеулермен жарамды деп танылса, онда ол әскери қызметке уақытша жарамсыздардың тізімі бойынша немесе әскери қызметке шамалы шектеулермен жарамдылардың тізімі бойынша есепке алынады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 29.11.2022 № 1143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Медициналық куәландыруды жүргізу кезінде ЖАО медициналық комиссиясының маман-дәрігері әскерге шақырылушының есепке алу картасына аурулардың халықаралық жіктемесіне сәйкес диагнозын (аурулар болмаған кезде – "дені сау" деген жазба жасалады), Талаптарға сәйкес әскери қызметке жарамдылық санаты туралы қорытындыны, Талаптардың тармақтары мен тармақшаларын жазады. Азамат әскери қызметке шамалы шектеулермен жарамды деп танылған, бірақ ауыз қуысын санациялауға немесе көру қабілетін түзетуге мұқтаж болған жағдайда ЖАО медициналық комиссиясының маман-дәрігерінің қорытындысы "Емделуге (ауыз қуысын санациялауға, көру қабілетін түзетуге) мұқтаж" деген жазбамен толықтырылады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 29.11.2022 № 1143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Тіркеу немесе мерзімді әскери қызметке шақыру, әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлау үшін оқуға түсетін кезде, әскери қызметке жарамды немесе әскери қызметке шамалы шектеулермен жарамды деп танылған азаматтарға ЖАО медициналық комиссиясы әскерге шақырылушының есепке алу картасына әскери қызметке жарамдылық санаты туралы қорытындыдан кейін Талаптарға сәйкес әскер түрлері мен тектері бойынша арналу көрсеткішін белгілейді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 29.11.2022 № 1143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Талаптарға сәйкес әскери қызметке уақытша жарамсыздық көзделетін аурулар болған кезде әскерге шақыру учаскелеріне тіркелетін, мерзімді әскери қызметке шақырылатын, әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлау үшін оқуға түсетін азаматтарға қатысты ЖАО медициналық комиссиясы мерзімін көрсетумен уақытша жарамсыздығы туралы қорытынды шығарады.

Әскери қызметке уақытша жарамсыздығы туралы қорытынды үш айдан алты айға дейін шығарылады, ол аурудың дәрігерлік-сараптама нәтижесі айқындалмаған кезде қайтадан шығарылады, уақытша жарамсыздық мерзімі он екі айдан аспайды, одан кейін қайта медициналық куәландыру жүргізіледі.

Тіркеу немесе әскерге шақыру комиссиясының жұмысы (мерзімді әскери қызметке ағымдағы шақыру) аяқталғанға дейін азаматтарды тексеру (емдеу) аяқталған жағдайда әскери қызметке уақытша жарамсыздығы туралы қорытынды шығарылмайды және ЖАО медициналық комиссиясының маман-дәрігері қайта медициналық куәландыруға келу күнін көрсетумен тексерілуге (емделуге) мұқтаж туралы қорытынды шығарады.

Азаматтарға әскери қызметке уақытша жарамсыздығы мерзімі өткеннен кейін қайта медициналық куәландыру жүргізіледі және ЖАО-ның медициналық комиссиясы әскери қызметке жарамдылығы немесе жарамсыздығы туралы қорытынды шығарады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 29.11.2022 № 1143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) әскерге шақыру комиссиясының медициналық комиссиясы облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) жиын пунктінде аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясы мерзімді әскери қызметке шақырған азаматтарды бақылау медициналық қарап-тексеруді жүргізеді.

Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) жиын пунктінде бақылау медициналық қарап-тексеру нәтижесінде әскери қызметке кедергі келтіретін аурулар немесе дене бітімінің кемістіктері анықталған кезде азаматтар жаңадан

анықталған мән-жайларды ескере отырып, қайта медициналық куәландыру жүргізу және әскери қызметке жарамдылық санатын айқындау үшін әскерге шақырылған жері бойынша ҚІБ-ға (Б-ға) жіберіледі.

Қайтарылатын әрбір азаматқа облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) әскерге шақыру комиссиясы медициналық комиссиясының маман-дәрігері осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық куәландыру парағын (бұдан әрі – медициналық куәландыру парағы) ресімдейді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 29.11.2022 № 1143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Тіркеу (әскерге шақыру) комиссиясының хаттамалар кітабына қысқаша анамнез, объективті зерттеу деректері, зерттеудің зертханалық және аспаптық әдістері нәтижесі, диагнозы, сондай-ақ тіркеу (әскерге шақыру) комиссиясының шешімі жазылады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 29.11.2022 № 1143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Әскери командаларға қабылданған азаматтарға облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) жиын пункттерінде организмінде есірткі заттарының болуына тестілеу және АИТВ-инфекциясына зерттеу жүргізіледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 29.11.2022 № 1143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Азаматтарға денсаулық жағдайы бойынша мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдырудың немесе одан босатудың негізділігін облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) медициналық комиссиясының маман-дәрігерлері әскерге шақырылушылардың барлық жеке істерін, белгіленген диагнозды және шығарылған қорытындыны растайтын медициналық құжаттарды зерделеу және (немесе) аталған азаматтарды ішінара медициналық қарап-тексеру арқылы тексеріледі.

Құжаттарды тексеру және (немесе) медициналық қарап-тексеру нәтижесі бойынша облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) әскерге шақыру комиссиясы әскерге шақырылушының есепке алу картасында аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясының шешімін бекіту немесе азаматты қайта медициналық куәландыруға жіберу туралы белгі жасайды.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 29.11.2022 № 1143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Қайта медициналық куәландыруға денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамдылық санаты туралы аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар

қаланың) әскерге шақыру комиссиясының шешімімен келіспейтіні туралы мәлімдеген азаматтар да жатады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 29.11.2022 № 1143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) әскерге шақыру комиссиясы қайта медициналық куәландыруды жүргізу мерзімі, орны және қайта медициналық куәландыруға жататын азаматтар туралы аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссияларын хабардар етеді.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 29.11.2022 № 1143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Азамат жеке ісімен және белгіленген диагнозды және шығарылған қорытындыны растайтын медициналық құжаттармен бірге қайта медициналық куәландыруға жіберіледі.

Қайта медициналық куәландыру нәтижесінде азаматтың әскери қызметке жарамдылығы санаты өзгерген кезде медициналық комиссияның маман-дәрігері медициналық куәландыру парағын ресімдейді және облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) әскерге шақыру комиссиясы төмен тұрған әскерге шақыру комиссиясының шешімін жояды және хаттамалар кітабында және әскерге шақырылушының есепке алу картасында ресімделетін өз шешімін шығарады және азаматқа жариялайды.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 29.11.2022 № 1143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Әскерге шақырылушының есепке алу картасы, медициналық куәландыру парағы, сондай-ақ қорғаныс істері жөніндегі департаменттің (бұдан әрі – ҚІД) мөрімен расталған облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) әскерге шақыру комиссиясы отырыстарының хаттамалары кітабынан үзінді шешімі қайта қаралған әскерге шақыру комиссиясына жолданады. Егер қайта медициналық куәландыру нәтижесінде аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясының шешімі өзгермесе, онда хаттамалар кітабында және әскерге шақырылушының есепке алу картасында оны бекіту туралы қысқаша жазба жасалады, бұл ретте медициналық куәландыру парағы ресімделмейді.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 29.11.2022 № 1143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) әскерге шақыру комиссияларының қызметін зерделеу облыс (республикалық маңызы бар қала және астана) әскерге

шақыру комиссиясының хаттамалар кітабының деректерін зерделеу, жеке істерін тексеру және әскери қызметке уақытша жарамсыз немесе әскери қызметке жарамсыз деп танылған азаматтарды медициналық куәландыру және медициналық тексеру жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

24. Мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілер әскери қызмет орнына келгеннен кейін алғашқы медициналық қарап-тексеруден өтеді. Алғашқы медициналық қарап-тексеру нәтижесінде әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеруге кедергі келтіретін аурулары анықталған мерзімді қызмет әскери қызметшілері Талаптарға сәйкес медициналық куәландыруға жіберіледі. Медициналық куәландыруды госпитальдық әскери-дәрігерлік комиссиялар (бұдан әрі – ӘДК) жүргізеді.

Маман-дәрігерлердің қорытындылары әскери қызметшінің медициналық кітапшасына, ӘДК қорытындысы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ӘДК отырыстарының хаттамалары кітабына (бұдан әрі – ӘДК отырыстарының хаттамалары кітабы) жазылады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 29.11.2022 № 1143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Денсаулық жағдайы бойынша мерзімді әскери қызметке негізсіз шақырылған әскери қызметшілер госпитальдық ӘДК-ның медициналық куәландыруына жатады. Бұл ретте ӘДК қорытындысы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауруы туралы куәлікпен (бұдан әрі – ауруы туралы куәлік) ресімделеді және оны штаттық ӘДК бекітеді.

26. Штаттық ӘДК бекітілген ауруы туралы куәліктің көшірмесін бекітілгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына және әскери қызметшінің әскерге шақырылу орны бойынша ҚІД-ға жолдайды.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 29.11.2022 № 1143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Штаттық ӘДК, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) ҚІД денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарымен бірлесіп, азаматтарды денсаулық жағдайы бойынша мерзімді әскери қызметке негізсіз шақыру жағдайын есепке алуды жүргізеді және себептерін зерделейді және мерзімді әскери қызметке шақырылатын азаматтарды тексеру және медициналық куәландыру сапасын жақсартуға шаралар қабылдайды.

Бұл ретте осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматты денсаулық жағдайы бойынша мерзімді әскери қызметке негізсіз шақыру себептерін зерделеу картасы толтырылады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 29.11.2022 № 1143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27-1. Қорғаныс істері бөлімі (басқармасы) (бұдан әрі – ҚІБ (Б) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясы (бұдан әрі – ҚР ҚМ ОӘДК) бекіткен ауруы туралы куәлік көшірмесін алғаннан кейін он жұмыс күні ішінде азаматты денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке негізсіз шақыру себебін зерделеу картасының 1 – 3-бөлімдерін толтырады және картаның үш данасын тиісті облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) қорғаныс істері департаментіне (бұдан әрі – ҚІД) жібереді. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) ҚІД денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органымен бірлесіп, азаматты денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке негізсіз шақыру себебін зерделегеннен кейін азаматты денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке негізсіз шақыру себебін зерделеу картасының 4-бөлімін толтырады және оны алғаннан кейін он бес жұмыс күнінен кешіктірмей талдау үшін осы картаны ҚР ҚМ ОӘДК-ге жібереді.

ҚР ҚМ ОӘДК азаматты денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке негізсіз шақыру себебін зерделеу картасының 5-бөлімін толтырады және оны алғаннан кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей осы картаны түпкілікті қорытындысымен облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) ҚІД-ға жібереді.

Ескерту. 2-тарау 27-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қорғаныс министрінің 20.01.2025 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Жиырма жеті жасқа толуы бойынша мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылған адамдар оларды әскери міндеттілер есебіне қою кезінде медициналық куәландыруға тек әскерге шақыру комиссиясының бұрын шығарылған шешімі болмаған жағдайда жатады.

29. Әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлау үшін оқуға түсетін азаматтарды медициналық куәландыруды ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) немесе облыстың (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) ЖАО медициналық комиссияларының маман-дәрігерлері жүргізеді.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 29.11.2022 № 1143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламасын іске асыратын әскери оқу орындарына оқуға түсетін азаматтарды және тәрбиеленушілерді медициналық куәландыру

30. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беру (бұдан әрі – мектептер) бағдарламасын іске асыратын әскери оқу орындарына оқуға түсетін азаматтар (бұдан әрі – кандидаттар) медициналық куәландырудан мектептерге келгеннен кейін штаттан тыс уақытша әрекет ететін ӘДК-дан өтеді, олардың құрамы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ереженің (бұдан әрі – Ереже) 15-тармағына сәйкес айқындалады.

31. Медициналық куәландыру басталғанға дейін:

1) психикалық денсаулық және фтизиопульмонология орталығынан, медициналық ұйымнан (меншік нысанына қарамастан) созылмалы ауыруы мен соңғы он екі ай ішінде инфекциялық және паразитарлық ауыруға шалдығуына байланысты диспансерлік есепте тұратыны туралы мәліметтер (анықтама), дәрі-дәрмекті және басқа да заттарды көтере алмауы (жоғары сезгіштігі) туралы мәліметтер, жыл сайынғы профилактикалық медициналық қарап-тексеру туралы мәліметтер алынады. Мемлекеттік ақпараттық жүйе арасында өзара іс-қимыл болған кезде медициналық ақпарат (мәлімет) денсаулық сақтау саласындағы электрондық ақпараттық ресурстан және ақпараттық жүйеден алынады;

2) Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысанына сәйкес азаматтардың денсаулық жағдайын білдіретін медициналық құжаттар зерделенеді: пациенттің амбулаториялық медициналық картасы (052/у нысаны), профилактикалық қарап-тексеру (скрининг) картасы (055/у нысаны), профилактикалық екпе картасы (065/у нысаны), денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды) (075/у нысаны), рентгенограмма, арнайы зерттеу әдісі хаттамасы;

3) медициналық куәландыру басталғанға дейін күнтізбелік отыз күннен ерте емес:

жалпы қан талдауы;

мерезге микропреципитация реакциясы (микрореакция);

жалпы несеп талдауы;

тыныш жағдайдағы электрокардиография (жүктемеден кейін – көрсеткіш бойынша)

;

кеуде қуысы ағзасын флюорографиялық (рентгенологиялық) зерттеу (медициналық куәландыратын күні үш айдан кеш емес);

эхокардиография жүргізіледі.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Медициналық куәландыру басталғанға дейін мектепте ұсынылған мәліметтер тізбесінің және медициналық зерттеу нәтижелерінің толықтығы тексеріледі.

33. Медициналық ұйымдардың мәліметтері бойынша мектепке оқуға түсуге кедергі келтіретін созылмалы аурулар немесе дене бітімінің кемістіктері бар адамдар медициналық куәландыруға жіберілмейді.

34. Мектепте кандидатқа осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери оқу орнына оқуға түсетін азаматқа медициналық куәландыру картасы ресімделеді.

35. Куәландыру кезінде кандидаттың денсаулық жағдайын байқаудың алдыңғы медициналық құжаттары, куәландырылушының анамнездік деректері зерделенеді.

36. Медициналық куәландыру процесінде көрсеткіштер бойынша денсаулық жағдайын айқындау үшін қажетті қосымша зертханалық, аспаптық зерттеу әдістері жүргізіледі.

37. Диагнозды нақтылау мақсатында кандидат әскери-медициналық ұйымдарға (медициналық ұйымдарға) тексерілуге жіберіледі, ол ӘДК жұмысының кезеңінде аяқталуға тиіс. Тексеруге (емдеуге) жолдамада әскери-медициналық мекеменің (медициналық ұйымның) атауы, диагнозы, тексеру мақсаты көрсетіледі.

38. Мектепке оқуға түсуге кедергі келтіретін ауру анықталған кезде кандидатты одан әрі медициналық куәландыру тоқтатылады, дәрігер-маман медициналық куәландыру парағын толтырады және ӘДК мектепке оқуға түсуге жарамсыздығы туралы қорытынды шығарады.

39. Медициналық куәландыру нәтижелері бойынша штаттан тыс уақытша әрекет ететін ӘДК оқуға түсуге жарамдылығы (жарамсыздығы) туралы қорытынды шығарады (бұл ретте ӘДК қорытындысын шығаруға негіз болған Талаптардың тармақтары көрсетіледі).

40. Куәландыру нәтижелері және ӘДК қорытындысы ӘДК отырыстарының хаттамалар кітабына, әскери оқу орнына оқуға түсетін азаматты медициналық куәландыру картасына жазылады.

41. Медициналық куәландыру кезінде мектепке оқуға түсуге жарамсыз деп танылған азаматтың медициналық куәландыру картасы және медициналық куәландыру парағы медициналық куәландыру аяқталғаннан кейін жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей есепке алу және талдау үшін штаттық ӘДК-ға жолданады.

42. Денсаулық жағдайында оқуға жарамдылық санатын қайта қарауды көздейтін өзгерістер болған кезде тәрбиеленушілер медициналық куәландыру үшін штаттан тыс тұрақты әрекет ететін (гарнизондық және госпитальдық) ӘДК-ға жіберіледі.

43. Оқуға жарамсыз деп танылған тәрбиеленушілерге ӘДК қорытындысы ауруы туралы куәлігімен ресімделеді және оны штаттық ӘДК бекітуге тиіс.

4-тарау. Орта техникалық және кәсіби, жоғары, жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын, оның ішінде шетел мемлекеттерінің әскери оқу орындарына, сондай-ақ жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедраларға (

факультеттерге) оқуға түсетін азаматтарды және әскери қызметшілерді медициналық куәландыру

44. Әскери оқу орындарына оқуға түсетін азаматтарды (бұдан әрі – кандидаттар) алдын ала медициналық куәландыруды облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана, қалалар және аудандар жергілікті атқарушы органдарының (бұдан әрі – ЖАО) медициналық комиссиясы, ал жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламасын іске асыратын әскери оқу орындарының әскери қызметшілеріге және оқу бітірушілерге – штаттан тыс тұрақты (уақытша) әрекет ететін ӘДК жүргізеді.

45. Медициналық куәландыруға жіберу алдында әскери оқу орнына оқуға түсетін азаматқа медициналық куәландыру картасы: кандидаттарға – қорғаныс істері жөніндегі бөлімдерде (басқармаларда) (бұдан әрі – ҚІБ (Б), әскери қызметшілерге – әскери бөлімдерде, жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламасын іске асыратын әскери оқу орындарын бітірушілерге – мектепте ресімделеді.

46. Медициналық куәландыру басталғанға дейін кандидаттар ҚІБ-ға (Б-ға) осы Қағидалар 31-тармағының 1), 2) тармақшаларына сәйкес медициналық құжаттарды ұсынады (ақпараттық жүйелер бар болған кезде – ҚІБ (Б) мәліметтерді дербес алады).

Медициналық ұйымдардың мәліметтері бойынша ӘОО-ға оқуға түсуге кедергі келтіретін созылмалы аурулар немесе дене кемістіктері бар кандидаттар медициналық куәландыруға жіберілмейді.

47. Кандидаттар ЖАО-ның медициналық комиссияларына медициналық куәландыру басталғанға дейін күнтізбелік отыз күннен ерте емес жүргізілген медициналық зерттеулер нәтижелерін ұсынады:

- 1) жалпы қан талдауы;
- 2) мерезге микропреципитация реакциясы (микрореакция);
- 3) жалпы несеп талдауы;
- 4) мұрын қосалқы қуыстарының рентгенографиясы;
- 5) тыныш жағдайдағы ЭКГ (жүктемеден кейін – көрсеткіштер бойынша);

б) кеуде қуысы ағзаларын флюорографиялық (рентгенологиялық) зерттеу медициналық куәландыру күніне дейін үш айдан кешіктірілмей жүргізіледі;

7) бруцеллезге қан талдауы (мал шаруашылығында жұмыс істейтіндерге және (немесе) жеке шаруашылықта малы барларға).

48. ӘОО-ға оқуға түсетін әскери қызметшілер медициналық куәландыруға медициналық кітапшамен жіберіледі, онда жыл сайынғы профилактикалық медициналық қарап-тексеру нәтижелері, эпикриз түрінде және осы Қағидалардың 47-тармағында көрсетілген зерттеу нәтижелерімен ресімделген медициналық көмекке жүгіну сипатталады.

49. Әскери қызметшілердің медициналық кітапшаларында соңғы жылдардағы жыл сайынғы профилактикалық медициналық тексеру нәтижелері болмаған кезде алдын ала

медициналық куәландыру оларды кейіннен госпитальдық ӘДК-ның медициналық куәландыруымен стационарлық тексеруге жіберу туралы ӘДК қорытындысы шығарылады.

Әскери қызметшіде медициналық кітапша болмаған кезде медициналық куәландыру жүргізілмейді.

50. Алдын ала медициналық куәландыру процесінде кандидаттарға көрсеткіштер бойынша денсаулық жағдайын айқындау үшін қажетті қосымша зертханалық, аспаптық зерттеу әдістері жүргізіледі.

51. Жүргізілген зерттеу нәтижелері, сондай-ақ бұрын жасалған барлық профилактикалық егулер және дәрі-дәрмек құралдарын және басқа да заттарды көтере алмаушылығы (жоғары сезгіштігі) туралы мәліметтер әскери оқу орнына оқуға түсетін азаматты медициналық куәландыру картасына жазылады және қоса беріледі.

52. Диагнозды нақтылау мақсатында кандидат медициналық ұйымдарға тексеруге жіберіледі. Тексеруге (емдеуге) жолдамада медициналық ұйымның (әскери-медициналық мекеменің) атауы, диагнозы, тексеру мақсаты көрсетіледі.

Жолдамаға акт, амбулаторлық пациенттің медициналық картасы және денсаулық жағдайын сипаттайтын медициналық құжаттар қоса беріледі.

52-1. Техникалық, кәсіптік және жоғары білім беру бағдарламасын іске асыратын әскери оқу орнына оқуға түсетін, денсаулық жағдайы бойынша оқуға (оқуға түсуге) жарамды кандидаттар түпкілікті медициналық куәландырудан әскери оқу орнында өтеді.

Ескерту. Қағидалар 52-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Кандидаттарды түпкілікті медициналық куәландыруды (жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын ӘОО-ларға түсетіндерден басқа) штаттан тыс уақытша (тұрақты) әрекет ететін ӘДК ӘОО-ға оқуға түсуге жарамдылығын айқындау үшін жүргізеді.

54. ӘОО-ға оқуға түсуге кедергі келтіретін аурулар анықталған кезде одан әрі тексеру тоқтатылады, дәрігер-маман медициналық куәландыру парағын ресімдейді және ӘДК ӘОО-ға оқуға түсуге жарамсыздық туралы қорытынды шығарады.

55. Авиациялық персоналды даярлау бойынша ӘОО-ның ұшу мамандықтарына оқуға түскен кезде медициналық куәландыруға:

1) түсті қалыпты сезінетін және әрбір көзге түзетусіз көру жітілігі 1,0-ден төмен емес;

2) сыбырлап сөйлеуді естуі кемінде 6/6;

3) артериялық қан қысымы сынап бағанасы 130/80-нен жоғары емес және 105/60 миллиметрден төмен емес;

4) дене салмағының индексі 18,5-тен төмен емес және дене салмағы 90 килограмнан аспайтын;

5) бойы 165 сантиметрден төмен емес және 186 сантиметрден аспайтын;

6) аяқ ұзындығы кемінде 80 сантиметр;

7) қол ұзындығы кемінде 76 сантиметр;

8) отырған қалпында бойы 80 сантиметрден төмен емес және 93 сантиметрден аспайтын кандидаттар (әскери қызметшілер) жіберіледі.

56. Алдын ала медициналық куәландыруға жіберу алдында ҚІБ-да (Б-да) немесе әскери бөлімдерде оқуға, осы талаптарға жауап беретін кандидаттарға осы Қағидалардың 45, 46, 48-тармақтарына сәйкес медициналық құжаттар ресімделеді және осы Қағидалардың 47-тармағында көрсетілген зерттеулерге қосымша мыналар жүргізіледі:

1) он екі жалғамдағы электрокардиография (тыныш жағдайдағы және дене жүктемесінен кейін);

2) қалқанша безін, жүрек және несеп-жыныстық жүйесін ультрадыбыстық зерттеу;

3) қантқа және В және С гепатиттерінің маркерлеріне қанды зерттеу;

4) тыныш және циклоплегия жағдайында скиаскопия немесе рефрактометрия көмегімен түсті сезінуді, көру жітілігін, рефракцияны зерттеу;

5) мұрынмен тыныс алуды, иіс сезуді, құлақтың барофункциясын, сыбырлап сөйлеуді және сөйлеуді естуді, вестибулярлық және отолиттік аппараттарды зерттеу.

57. Авиациялық персоналды даярлау бойынша ӘОО-ның ұшу мамандықтарына оқуға түсетін кандидаттар штаттан тыс уақытша әрекет ететін дәрігерлік-ұшқыш комиссиясының (бұдан әрі – ДҰК) түпкілікті медициналық куәландыруына жатады.

58. ДҰК-ның дәрігер-мамандарының біреуі оларда ұшуға оқытып-үйретуге кедергі келтіретін ауруды анықтаған кандидаттар қалған дәрігер-мамандардан медициналық тексеруден өтеді, бірақ арнайы жүктеме сынамаларын орындаудан босатылады.

Ұшуға оқытып-үйретуге кедергі келтіретін аурулар анықталмаған кандидаттарға мынадай арнайы зерттеулер: барокамерада биіктік гипоксиясына және барометрлік қысымның төмендеуіне төзімділікке сынау, вестибулометрия, тоналдық аудиометрия және электроэнцефалография жүргізіледі.

Барокамерада сынау және вестибулометрия бір күнде жүргізілмейді.

59. Авиациялық персоналды даярлау бойынша ӘОО-ның ұшу мамандықтарына оқуға түсетін кандидаттардың психофизиологиялық қасиеттерін зерделеуді әскери оқу орнының ұшу еңбегінің психофизиологиясы бойынша дайындығы бар медициналық персоналы жүргізеді.

60. Түпкілікті медициналық куәландыру процесінде кандидаттарға медициналық көрсеткіштер бойынша зертханалық, рентгенологиялық және басқа да зерттеулер қайта

жүргізіледі. Диагнозды нақтылау үшін ӘДК (ДҰК) азаматты ӘДК (ДҰК) жұмысы кезеңінде аяқталуға тиіс медициналық ұйымға (әскери-медициналық мекемеге) тексеруге жібереді.

61. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын ӘОО-ларға, оның ішінде шетел мемлекеттерінің оқу орындарына оқуға түсетін әскери қызметшілерде ол бойынша Талаптарда әскери қызметке жарамдылық санатын дербес бағалау немесе әскери қызметке уақытша жарамсыздық көзделген аурулар болған кезде ӘОО-ға оқуға түсуге жарамсыз деп танылады.

62. Әскери қызметшіде Талаптарда әскери қызметке шектеулі жарамдылық немесе жарамсыздық көзделген аурулар анықталған кезде дәрігер-маман ӘОО-ға оқуға түсуге жарамсыздығы және әскери қызметке жарамдылық санатын айқындау үшін әскери қызмет өткеру орны бойынша тексеру және куәландыру қажеттілігі туралы қорытынды шығарады.

63. Медициналық куәландыру нәтижелері бойынша штаттан тыс уақытша (тұрақты) әрекет ететін ӘДК (ДҰК) ӘОО-ға оқуға түсуге жарамдылығы (жарамсыздығы) туралы қорытынды шығарады. Бұл ретте ӘДК қорытындысын шығаруға негіз болған Талаптардың тармақтары көрсетіледі.

64. Медициналық куәландыру нәтижелері ӘДК (ДҰК) отырыстарының хаттамалар кітабына, ӘОО-ға оқуға түсетін азаматтың медициналық куәландыру картасына, ал әскери қызметшіге оның ішінде медициналық кітапшаға жазылады.

ӘОО-ға оқуға түсуге жарамсыз деп танылған кандидаттарға медициналық куәландыру парағы ресімделеді, ал ӘДК (ДҰК) отырысының хаттамалары кітабына жарамсыздық себептерінің толық негіздемесі жазылады.

65. Түпкілікті медициналық куәландыру кезінде ӘОО-ға оқуға түсуге жарамсыз деп танылған адамдар туралы мәліметтерді штаттан тыс уақытша әрекет ететін ӘДК (ДҰК) медициналық куәландыру аяқталғаннан кейін жеті жұмыс күнінен кешіктірмей штаттық ӘДК-ға жолдайды.

66. Түпкілікті медициналық куәландыру кезінде әскери оқу орнына оқуға түсуге жарамсыз деп танылған әскери оқу орнына оқуға түсетін азаматтың медициналық куәландыру картасы және медициналық куәландыру парағы медициналық куәландыру аяқталғаннан кейін жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей алдын ала медициналық куәландыру сапасын зерделеу үшін алдын ала іріктеу жасаған облыстың (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) ҚІД-ға, гарнизондық (госпитальдық) әскери-дәрігерлік комиссияға (бұдан әрі – ӘДК), дәрігерлік-ұшқыш комиссиясына жіберіледі.

Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) ҚІД, гарнизондық (госпитальдық) ӘДК (ДҰК) алдын ала медициналық куәландыру сапасын зерделеу нәтижесін құжаттарды алған күннен бастап бір айдан кешіктірмей ҚР ҚМ ОӘДК-ға жібереді.

Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 20.01.2025 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

67. Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын ЭОО-ға оқуға түсетін әскери қызметшілерді медициналық куәландыруды әскери қызмет өткеру орны бойынша штаттан тыс тұрақты әрекет ететін ӘДК жүргізеді, куәландыру нәтижелері осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық куәландыру туралы анықтамамен (бұдан әрі – медициналық куәландыру туралы анықтама) ресімделеді, оның бір данасы бақылау үшін штаттық ӘДК-ға жолданады.

68. Жоғары оқу орындарында білім алатын және әскери кафедраларда запастағы офицерлер мен запастағы сержанттарды даярлау бағдарламалары бойынша оқу үшін іріктелген азаматтарды (бұдан әрі – студенттер) медициналық куәландыруды оқу басталар алдында жергілікті атқарушы органдарының (бұдан әрі – ЖАО) медициналық комиссиялары жүргізеді.

Әскери кафедралар студенттерге әскери оқу орнына оқуға түсетін азаматтың медициналық куәландыру картасын ресімдейді. Медициналық куәландыру басталғанға дейін студенттер ЖАО-ның медициналық комиссиясына осы Қағидалар 31-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген медициналық құжаттарды, осы Қағидалардың 47-тармағында көрсетілген медициналық зерттеу нәтижесін және әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәлікті ұсынады.

Медициналық куәландыру процесінде көрсеткіштер бойынша денсаулық жағдайын айқындау үшін қосымша зертханалық, аспаптық зерттеу әдістері жүргізіледі.

Әскери (оқу-жаттығу) жиындар алдында студенттерді медициналық куәландыруды ЖАО-ның медициналық комиссиялары жүргізеді. Куәландыру нәтижесі бойынша " Әскери (оқу-жаттығу) жиындарға жарамды (жарамсыз)" деген қорытынды шығарылады.

Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 14.07.2022 № 522 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-тарау. Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін азаматтарды медициналық куәландыру

69. Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін азаматқа ҚІБ-да (Б-да) медициналық куәландыруға жіберу алдында осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін азаматтың медициналық куәландыру картасы ресімделеді.

Медициналық куәландыру басталғанға дейін күнтізбелік отыз күн ішінде келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін азамат осы Қағидалардың 31-тармағының 1), 2) тармақшаларына сәйкес медициналық құжаттарды береді.

Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 20.01.2025 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

70. Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін азаматқа медициналық куәландыру басталғанға дейін күнтізбелік отыз күннен ерте емес:

- 1) жалпы қан талдауы;
- 2) мерезге микропреципитация реакциясы (микрореакция);
- 3) жалпы несеп талдауы;
- 4) тыныш жағдайдағы және жүктемеден кейінгі электрокардиография;
- 5) кеуде қуысы ағзасын флюорографиялық (рентгенологиялық) зерттеу (куәландыру күніне дейін үш айдан кешіктірмей);
- 6) мұрынның қосалқы қуысының рентгенографиясы;
- 7) В және С вирустық гепатитінің маркеріне қанды зерттеу;
- 8) АИТВ-инфекциясына қанды зерттеу;
- 9) қандағы қант талдауы;
- 10) бруцеллезге қан талдауы (мал шаруашылығында жұмыс істейтін және (немесе) жеке шаруашылығында малы бар адамдарға);
- 11) қырық жастан асқан адамдарға көздің ішкі қысымын өлшеу жүргізіледі.

Денсаулық жағдайын анықтау және (немесе) ауру диагнозын нақтылау мақсатында (бұдан әрі – медициналық көрсеткіш) қосымша медициналық зерттеу жүргізіледі.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 20.01.2025 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

71. Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін азаматтарға медициналық куәландыруды жергілікті атқарушы органның медициналық комиссиясы немесе гарнизондық (госпитальдық) ӘДК (ДҰК) жүргізеді.

Әскери бөлімге немесе өңірлік қолбасшылыққа (бұдан әрі – ӨңК) жіберу алдында азаматқа организмінде есірткі затының болуына тестілеу жүргізіледі, оның нәтижесі келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін азаматтың медициналық куәландыру картасына жазылады.

Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 20.01.2025 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72. Ауру диагнозын нақтылау үшін азамат амбулаторлық немесе стационарлық тексеруге медициналық ұйымға (әскери-медициналық мекемеге) жіберіледі.

Бұл ретте ЖАО-ның медициналық комиссиясы (штаттан тыс тұрақты әрекет ететін ӘДК) "Тексерілуге жатады" деген қорытынды шығарады.

Тексеруге (емдеуге) жолдамаға денсаулық жағдайын зерттеу актісі, амбулаторлық пациенттің медициналық картасы және азаматтың денсаулық жағдайын сипаттайтын басқа да медициналық құжаттар қоса беріледі.

Куәландырылушыны бір ай ішінде медициналық тексеруді аяқтау мүмкін болмаған кезде, сондай-ақ тағайындалған медициналық зерттеу нәтижелері мерзімінде ұсынылмаған жағдайда ЖАО-ның медициналық комиссиясы (штаттан тыс тұрақты әрекет ететін ӘДК) "Медициналық куәландыруға келмеуіне (толық тексерілмеуіне) байланысты шығарылған жоқ" деген қорытынды шығарады.

Азамат тексерілуден бас тартқан кезде ЖАО-ның медициналық комиссиясы (штаттан тыс тұрақты әрекет ететін ӘДК) "Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге жарамсыз" деген қорытынды шығарады.

73. Денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды немесе Талаптарға сәйкес әскер (қызмет) түрлері және әскер тектеріне байланысты әскери қызметке шамалы шектеулермен жарамды азаматтар келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге жарамды деп танылады.

74. Егер медициналық куәландыруға жолдамада ҚР ҚК түрінде және әскер тегінде әскери қызмет өткеру үшін, әскери-есептік мамандық бойынша оқуға (қызметке) жарамдылығын айқындау туралы көрсетілсе, келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге жарамды деп танылған азаматтарға қатысты штаттан тыс тұрақты әрекет ететін ӘДК тиісті қорытынды шығарады.

174. Штаттық ӘДК ауыруы туралы куәліктің немесе психикалық, мінез-құлығы бұзылған (ауыруы бар), қатерлі жаңа өскін пайда болған, жыныс жолымен берілетін инфекция, адамның иммундық тапшылығы вирусынан туындайтын ауыруы бар адамдарға (АИТВ-жұқтырған) жасалған анықтаманың әрбір данасы беткі жағының жоғарғы бөлігінде мынадай мазмұндағы мөртаңба қояды: "Көшірме жасауға, қолға беруге, мәліметті жария етуге тыйым салынады".

Ескерту. 174-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

175. Медициналық куәландыру нәтижелері бойынша әскери қызметке жарамсыз немесе шектеулі жарамды деп танылған психикалық, өзін-өзі ұстау ауытқулары (аурулары) бар адамдар туралы мәліметтерді:

1) ЖАО-ның медициналық комиссиялары әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу, әскери қызметке шақыру және әскери оқу орындарына, республикалық әскери мектеп-интернаттарына (лицейлерге) оқуға түсу кезінде куәландырылған азаматтың тұрғылықты жері бойынша психиатриялық (психоневрологиялық) ұйымдарға сараптамалық қорытынды қабылданған сәттен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) психиатриялық бейінді штаттан тыс ӘДК әскери қызмет өткеру кезеңінде куәландырылған әскери қызметшінің тұрғылықты жері бойынша психиатриялық (психоневрологиялық) ұйымдарға бекітілген сараптамалық құжатты алған сәттен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей жолдайды.

Бұл ретте мәліметтерде азаматтың (әскери қызметшінің) төлқұжаттық деректері, ЖСН, туған күні, тұрғылықты мекенжайы, куәландырылған күн, диагнозы, ӘДК қорытындысы көрсетіледі.

176. Медициналық куәландыру кезінде ауруы бойынша демалысқа мұқтаж деп танылған әскери қызметшілерге медициналық куәландыру туралы анықтама төрт данада ресімделеді.

Анықтамалардың бірінші және екінші даналары әскери қызметшінің әскери қызмет өткеру орны бойынша әскери бөлім (мекеме) командиріне (бастығына) (куәландырылғанның қолына беріледі), ал үшінші, төртінші даналары штаттық ӘДК-ға бақылау үшін ауру тарихымен және басқа да медициналық құжаттармен бірге жолданады.

Бақылаудан кейін штаттық ӘДК анықтаманың бір данасын оны ресімдеген ӘДК-ға жолдайды.

Ауруы бойынша негізсіз демалыс берілген кезде штаттық ӘДК қабылданған шешім жөнінде әскери қызметшінің әскери қызмет өткеру орны бойынша әскери бөлім (мекеме) командирін (бастығын) жазбаша хабардар етеді.

Бұл жағдайда штаттан тыс ӘДК-ға медициналық куәландыру туралы анықтамамен бірге осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша штаттық ӘДК сарапшысының қорытындысы (бұдан әрі – сарапшы қорытындысы) жолданады, онда қорытындының және нұсқаудың негізсіздігі себептері мазмұндалады.

177. Мерзімді әскери қызмет өткеретін әскери қызметші ауруы бойынша демалысқа кеткен кезде анықтаманың бірінші данасы оның қолына беріледі, ал екінші данасы әскери бөлімнің ісінде қалады.

178. Бекітілмеген ауруы туралы куәліктер және ӘДК анықтамалары штаттық ӘДК сарапшысының қорытындысымен бірге оны жасаған штаттан тыс ӘДК-ға қайтарылады. Сарапшының қорытындысында оның бекітілмеу себебі мазмұндалады.

Бекітілмеген сараптамалық құжаттың бір данасы штаттық ӘДК-да 5 жыл бойы сақталады.

179. Медициналық бақылап тексеру (куәландыру) тағайындалған кезде штаттық ӘДК тексеруді (куәландыруды) жүргізу орны мен мерзімдерін көрсете отырып, әскери қызметшінің әскери қызмет өткеру орны бойынша әскери бөлім (мекеме) командирін (бастығын) жазбаша хабардар етеді.

180. Штаттан тыс ӘДК бекітілмеген сараптамалық құжатты алғаннан кейін бекітілмеу себептеріне талдау жүргізеді, штаттық ӘДК нұсқауларын орындайды және осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен қайта бекітуге жолдайды.

Бекітілмеу себептерін талдау нәтижелері, штаттық ӘДК нұсқауларын орындау куәландырылушының ауру тарихында және сараптамалық құжатында көрсетіледі.

Бұрын бекітілмеген сараптамалық құжатты қайта бекітуге ұсынбау жағдайлары туралы штаттан тыс ӘДК штаттық ӘДК-ны себептерді негіздеумен жазбаша түрде хабардар етеді.

181. Соғыс уақытында ауруы туралы куәлік:

- 1) әскери қызметке жарамсыз деп танылған запастағы офицерлерге;
- 2) әскери қызметке жарамсыз, 6-12 айдан кейін қайта медициналық куәландырумен әскери қызметке уақытша жарамсыз деп танылған барлық әскери қызметшілерге жасалады.

182. Соғыс уақытында ауруы туралы куәлікпен ресімделген ӘДК қорытындысы штаттық ӘДК-да бекітілуге, ал медициналық куәландыру туралы анықтамамен ресімделген қорытынды бақылануға тиіс.

183. Штаттық ӘДК сараптамалық құжаттардың (ауруы туралы куәліктердің, медициналық куәландыру туралы анықтамалардың) көшірмелерін құқық қорғау органдарының, медициналық ұйымдардың немесе халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган аумақтық бөлімшелерінің, әскери бөлімдер командирлерінің, мекемелер бастықтарының және куәландырушының өзінің сұрау салуы бойынша береді.

184. Бұрын ведомстволық штаттан тыс (штаттық) ӘДК куәландырған ҚР ҚК басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери қызметшілеріне қатысты сот ұйғарымы бойынша штаттық ӘДК шығарған шешімдер осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сот ұйғарымы бойынша анықтамамен ресімделеді.

13-тарау. Мемлекеттік авиацияның авиациялық персоналын медициналық куәландыру

185. Ұшқыш, штурман және ұшқыш экипажының басқа да мүшесі, ұшуға басшылық жасау мен басқаруды жүзеге асыратын, әуе кемесі бортында ұшу

тапсырмасын орындауға қатысатын адамдар, әуе қозғалысын басқару операторы, пилотсыз әуе кемесінің операторы (сыртқы пилот), парашютші, планерші, әуеде қалықтап ұшатын адам және ұшқыш құрамының лауазымына тағайындалған азаматтар (бұдан әрі – авиациялық персонал), сондай-ақ авиациялық персонал даярлайтын, әуе кемесін, пилотсыз әуе кемесін ұшуда қолдану мамандығы бойынша білім алатын әскери оқу орнының курсанттары (тыңдаушылары) (бұдан әрі – авиациялық персонал даярлайтын ӘОО курсанттары) жыл сайын ДҰК-да жоспарлы медициналық куәландырылуға тиіс. Алдыңғы ДҰК қорытындысы бойынша ұшу жұмысына, ұшуға, ұшуға басшылық жасауға, пилотсыз әуе кемесін басқаруға, парашютпен секіруге жарамсыз деп танылған авиациялық персонал адамдары, ұшуға үйретуге жарамсыз деп танылған авиациялық персонал даярлайтын ӘОО курсанттары, сондай-ақ авиациялық техникаға қызмет көрсету немесе әуе кемесінің ұшуын қамтамасыз ету бойынша жерүсті авиациялық мамандары жоспарлы медициналық куәландырылмайды. Авиациялық персонал осы Қағидалардың 192-тармағына сәйкес мерзімі айқындалатын стационарлық жағдайда жоспарлы куәландыру көзделмегенде амбулаториялық жағдайда жоспарлы куәландырудан өтеді.

Әуе қорғанысы күштерінің бас қолбасшысы, әскери-әуе күштерінің қолбасшысы және ұшқыш құрамының лауазымында тұрған оның орынбасарлары штаттық ӘДК жанындағы ДҰК-да жоспарлы (кезекті) амбулаториялық медициналық куәландырудан өтеді.

Ескерту. 185-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

186. Медициналық куәландыруға дайындалу кезінде әскери бөлім (мекеме) әскери-медициналық (медициналық) қызметінің бастығы комиссияаралық кезеңде авиациялық персоналды және авиациялық персонал даярлайтын ӘОО курсанттарын медициналық бақылау нәтижесін:

- 1) денсаулық жағдайындағы өзгеріс динамикасын;
- 2) ұшу жұмысының (ұшудың, ұшуға үйретудің, ұшуға басшылық жасаудың, пилотсыз әуе кемесін басқарудың, парашютпен секірудің) бұрын анықталған патологиялық өзгеріске әсерін, егер болса;
- 3) жеке психофизиологиялық ерекшелікті, сондай-ақ психофизиологиялық қасиетін зерделеу нәтижесін;
- 4) шалдыққан ауыруды (жарақаттану), оның өту ерекшелігін;
- 5) ұшуды (ұшуға басшылық жасауды, пилотсыз әуе кемесін басқаруды, парашютпен секіруді), арнайы жаттықтыруды, сынау мен зерттеуді көтере алуы жинақтайды.

Ескерту. 186-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

187. Авиациялық персонал және авиациялық персонал даярлайтын ӘОО курсанттары медициналық куәландыруға тек ауыз қуысын санациялағаннан, ал әйелдер қосымша гинекологтың тексеруінен өткеннен кейін жіберіледі.

Ескерту. 187-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

188. Медициналық куәландыру басталғанға дейін авиациялық персоналға:

1) кеуде қуысы ағзаларын флюорографиялық (рентгенологиялық) зерттеу (куәландыратын күні 3 айдан кешіктірілмей);

2) 12 жалғамалық әдіспен электрокардиография (тыныш жағдайда және дене жүктемесінен кейін);

3) жалпы қан және несеп талдауы;

4) қандағы қантты зерттеу;

5) фиброгастродуоденоскопия (көрсеткіштер бойынша);

6) 40 жастан асқан адамдарға көздің ішкі қысымын өлшеу;

7) мұрынның қосалқы қуыстарының рентгенографиясы (көрсеткіштер бойынша);

8) мерезге микропреципитация реакциясы (микрореакция);

9) құрт жұмыртқалары мен лямблия кисталарына нәжісті зерттеу жүргізіледі.

Авиациялық персоналға стационарлық медициналық куәландыру кезінде, әуе қозғалысының операторы, ұшқышсыз ұшатын аппараттардың операторы, парашютші, планерші, әуеде ұшушы, сондай-ақ әуе кемесінің бортында ұшу тапсырмаларын орындауға қатысатын маман лауазымдарына алғаш рет тағайындалатын әскери қызметшілерге жоғарыда аталған зерттеулерге қосымша мынадай зерттеулер:

күрсақ қуысы ағзаларын, қалқанша безін, жүрек және несеп-жыныстық жүйесін ультрадыбыстық зерттеу;

фиброгастродуоденоскопия;

қанды зерттеу: тромбоциттер, ретикулоциттер, коагулограмма, бауыр сынамалары, холестерин, липопротеидтер (стационарлық медициналық куәландыру кезінде);

Нечипоренко бойынша несепті, тәуліктік несептің оксалаттарын зерттеу (жоғары маневр жасайтын ұшақтарда ұшатын ұшқыштар мен штурмандарға);

тік ішекті аспаптық зерттеу (40 жастан асқан адамдарға);

қанды В және С гепатиттерінің маркерлеріне зерттеу;

мұрынның қосалқы қуыстарының рентгенографиясы;

тоналдық аудиометрия;

функционалдық сынамаларды көрсеткен кезде электроэнцефалография жүргізіледі.

Ескерту. 188-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 14.07.2022 № 522 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

189. Барлық клиникалық-зертханалық және аспаптық зерттеулер медициналық куәландыру басталғанға дейін күнтізбелік 30 күннен ерте емес орындалады. Медициналық көрсеткіштер бойынша қосымша зерттеулер жүргізіледі.

Ескерту. 189-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 14.07.2022 № 522 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

189-1. Медициналық зерттеу нәтижесін ұсынбаған авиациялық персонал медициналық куәландыруға жіберілмейді.

Ескерту. Қағида 189-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қорғаныс министрінің 14.07.2022 № 522 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

190. Медициналық куәландыру кезінде дәрігер-маман тексереді және медициналық кітапшаның тиісті бөлігін толтырады, диагнозды, ұшу жұмысына, ұшуға, ұшуға үйретуге, ұшуға басшылық жасауға, пилотсыз әуе кемесін басқаруға, парашютпен секіруге жарамдылық санаты туралы қорытындыны және өз ұсынымын жазады.

ДҰК осы Қағидаларға және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 721 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21860 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік авиацияда қызмет ету үшін адамдардың денсаулық жағдайына қойылатын талаптарға (бұдан әрі – Авиацияға қойылатын талаптар) сәйкес қорытынды шығарады.

Куәландыру нәтижесі бойынша ДҰК төрағасы дәрігер-маманның авиациялық персоналдың медициналық кітапшасына барлық жазбаны дұрыс енгізілгенін тексереді, ұшу жұмысына (ұшуға, ұшуға үйретуге, ұшуға басшылық жасауға, пилотсыз әуе кемесін басқаруға, парашютпен секіруге) жарамдылық санаты туралы қорытынды шешім шығарады. ДҰК авиациялық персоналдың (курсанттың) ұшу жұмысына (ұшуға, ұшуға үйретуге, ұшуға басшылық жасауға, пилотсыз әуе кемесін басқаруға, парашютпен секіруге) жарамдылық санаты туралы мәселені шешумен қатар емдеу-сауықтыру іс-шаралары тізбесі мен кезеңділігін айқындайды. ДҰК қорытындысына төраға, хатшы қол қояды және ол комиссия (мекеме) мөрімен бекітіледі.

Ескерту. 190-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

191. ДҰК қорытындысы медициналық куәландырылған сәттен бастап бір жылға жарамды. Медициналық куәландыру, егер авиациялық персоналдың (курсанттың) денсаулық жағдайында ДҰК қорытындысын қайта қарауға негіз болатын өзгерістер

болса немесе ДҰК қорытындысы бойынша белгіленген мерзімінен бұрын жүргізіледі. ДҰК-ның ұшу жұмысына (ұшуға, ұшуға үйретуге, ұшуға басшылық жасауға, пилотсыз әуе кемесін басқаруға, парашютпен секіруге) жарамдылығы немесе жарамсыздығы туралы жаңа қорытындысы ДҰК-ның алдыңғы қорытындысын жояды.

Авиациялық персоналда ДҰК қорытындысының қолданыс мерзімі ол қарулы жанжалға, жедел-жауынгерлік іс-шараға қатысқан, жауынгерлік (оқу-жауынгерлік) міндеттерді және (немесе) Қазақстан Республикасынан тыс жерге ұшуды орындаған кезде аяқталған жағдайда штаттық ӘДК-ның рұқсаты бойынша ДҰК қорытындысының қолданыс мерзімі күнтізбелік отыз күнге дейінгі мерзімге, ал төтенше ахуалды (төтенше жағдайды) жою кезінде төтенше ахуал (төтенше жағдай) мерзіміне ұзартылады.

Авиациялық персонал осы Қағидалардың 192-тармағына сәйкес айқындалатын мерзімде жоспарлы (кезекті) стационарлық медициналық куәландырылмаған жағдайда штаттық ӘДК-ның рұқсаты бойынша штаттан тыс ДҰК-да амбулаториялық медициналық куәландырылады, оның қорытындысы алты айға дейін жарамды.

ДҰК қорытындысының көрсетілген (ұзартуды ескеріп) мерзімі аяқталғаннан кейін авиациялық персонал ұшу жұмысына (ұшуға, ұшуға үйретуге, ұшуға басшылық жасауға, пилотсыз әуе кемесін басқаруға, парашютпен секіруге) жіберілмейді және медициналық (амбулаториялық, стационарлық) куәландырылуға жіберіледі.

Ескерту. 191-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

192. Ұшқыш және штурман отыз жасқа толғаннан кейін бірінші жоспарлы стационарлық медициналық куәландырудан өтеді. Кейіннен Авиацияға қойылатын талаптардың тармақтары қолданылмай, сондай-ақ жарамдылығын жеке бағалау көзделмейтін тармақтар бойынша ұшу жұмысына жарамды деп танылған ұшқыш пен штурман кезекті (жоспарлы) стационарлық медициналық куәландырудан үш жылдан кейін, ал жарамдылығын жеке бағалау көзделетін Авиацияға қойылатын талаптардың тармақтары қолданылып, ұшу жұмысына жарамды деп танылғандар – екі жылдан кейін немесе медициналық көрсеткіш болғанда ДҰК қорытындысы бойынша жыл сайын өтеді.

Ұшқыш экипажының мүшелері (ұшқыш және штурманнан басқа), ұшуға басшылық жасау мен басқаруды жүзеге асыратын, әуе кемесі бортында ұшу тапсырмасын орындауға қатысатын адамдар, әуе қозғалысын басқару операторы, пилотсыз әуе кемесінің операторы, парашютші, планерші және әуеде қалықтап ұшатын адам қырық жасқа толғаннан кейін бірінші жоспарлы стационарлық медициналық куәландырудан, кейіннен бес жылдан кейін немесе медициналық көрсеткіш болғанда ДҰК қорытындысы бойынша жыл сайын өтеді.

Авиациялық персонал елу жасқа толғаннан кейін стационарлық медициналық куәландырудан ДҰК-да жыл сайын өтеді.

Ескерту. 192-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

193. Авиациялық персоналдың денсаулық жағдайында диагноз немесе ДҰК сараптамалық қорытындысын нақтылау талап етілетін өзгерістер болса, олар кезектен тыс стационарлық (амбулаторлық) медициналық куәландыруға жіберілуге тиіс.

194. Авиациялық персоналға кезектен тыс (жоспардан тыс) стационарлық медициналық куәландыру:

1) ДҰК (ӘДК) қорытындысы бойынша;

2) Авиацияға қойылатын талаптардың тармақтарына сәйкес ұшу жұмысына, ұшуға, ұшуға басшылық жасауға, пилотсыз әуе кемесін басқаруға, парашютпен секіруге, ұшуға үйретуге жарамсыздығы немесе жарамдылығын жеке бағалау көзделетін ауырудан (мертігуден) кейін;

3) стационарлық емделуде, ауыруы бойынша демалыста болған және (немесе) денсаулық жағдайы бойынша ұшудан (ұшуға басшылық жасаудан, пилотсыз әуе кемесін басқарудан, парашютпен секіруден) босатылған, оңалтуда үздіксіз болудың жалпы уақыты төрт айдан астам болған кезде;

4) ұшу тапсырмасын жүйелі орындамаған жағдайда (ұшқыш және штурман);

5) ұшу жұмысында алты айдан астам үзіліс болған кезде (ұшқыш және штурман);

6) авиациялық оқиғадан, оның ішінде әуе кемесін мәжбүрлі тастап кеткеннен (катапульттенгеннен) кейін;

7) ұшқыш (штурман) денсаулық жағдайына анағұрлым жоғары медициналық талап қойылатын басқа ұшақ түріне жұмыс істеу үшін ауыстырылған кезде;

8) шет мемлекеттің авиациялық персоналды даярлайтын ӘОО-дан келетін ұшқышқа және штурманға жүргізіледі.

Ескерту. 194-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

195. Стационарлық медициналық куәландыру әскери-медициналық мекемелердің мамандандырылған бөлімшелерінде жүргізіледі.

196. Кезекті (кезектен тыс) медициналық куәландыруға жіберуді әскери бөлімнің командирі және (немесе) жоғары тұрған басшылық жүргізеді.

197. Медициналық куәландыруға жіберілетін адамдарға ДҰК-ға осы Қағидалардың 80-тармағының 1), 3), 4) тармақшаларына сәйкес медициналық құжаттар ұсынылады.

198. Денсаулық жағдайы туралы мәлімет қосымша:

1) алдыңғы ДҰК диагнозы мен қорытындысын;

2) соңғы рет қашан және қайда стационарлық медициналық куәландырудан өткенін;

3) комиссияралық кезеңде дене бітімі жағдайы мен жұмысқа қабілетіне жалпы мінездемені, ұшуалды және ұшудан кейінгі медициналық қарап-тексеру туралы мәліметті;

4) медициналық көрсеткіш бойынша ұшудан (ұшуға басшылық жасаудан, пилотсыз әуе кемесін басқарудан, парашютпен секіруден) босатылған немесе шеттетілген жағдайды, оның себебін;

5) кәсіби қызметіне дәрігерлік бақылау деректерін;

6) кәсіби қызмет процесіндегі пульс жиілігі динамикасын, артериялық қан қысымының өлшемі және куәландырылушының денсаулық жағдайын білдіретін басқа да объективті деректерді;

7) жеке психофизиологиялық ерекшелікті;

8) кәсіби қызметті жалғастыру орындылығын;

9) медициналық куәландыруға жіберу себебін;

10) әскери бөлім (мекеме) дәрігерінің атқаратын лауазымында одан әрі қолдану орындылығы туралы пікірін;

11) лауазымдық міндеттерді атқарудың (ұшуды орындаудың, ұшуға үйретудің, парашютпен секірудің, ұшуға басшылық жасаудың, пилотсыз әуе кемесін басқарудың) денсаулық жағдайына әсері (әскер етпеуі) туралы қорытындыны қамтиды.

Ескерту. 198-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

199. Қызметтік іс туралы мәлімет қосымша:

1) жалпы ұшу сағатын (орындалған парашютпен секіру, ұшуды басқару мен басшылық жасау, пилотсыз әуе кемесін басқару сағатының жалпы санын), ағымдағы жылдағы ұшу сағатын (орындалған парашютпен секіру, ұшуға басшылық жасау, пилотсыз әуе кемесін басқару сағатының санын), ағымдағы жылы орындалған ұшу (орындалған парашютпен секіру, ұшуға басшылық жасауды жүзеге асыру, пилотсыз әуе кемесін басқару) туралы мәліметті, ұшақ (тікұшақ, пилотсыз әуе кемесінің) түрін;

2) ұшу (парашютпен секіру, ұшуға басшылық жасау, пилотсыз әуе кемесін басқару) сапасын;

3) ұшу жұмысын (ұшуды, ұшуға үйретуді, ұшуға басшылық жасауды, пилотсыз әуе кемесін басқаруды, парашютпен секіруді) жалғастыру орындылығын;

4) кәсіби қызметті жалғастыру мүмкіндігі туралы қорытындыны;

5) қолбасшылықтың атқаратын лауазымында одан әрі қолдану орындылығы туралы пікірін қамтиды.

Ескерту. 199-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

200. Барокамерада биіктік гипоксиясына төзімділікті жоспарлы зерттеу ұшқыш пен штурманға төрт жылда бір рет, ұшқыш экипажының басқа мүшесіне іріктеу кезінде және кейіннен бес жылда бір рет, парашютшіге, әуе кемесінің бортында ұшу тапсырмасын орындауға қатысатын адамға, планершіге және әуеде қалықтап ұшатын адамға іріктеу кезінде жүргізіледі. Биіктік гипоксиясына төзімділікке жоспардан тыс зерттеу медициналық көрсеткіш бойынша жүргізіледі.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген биіктік гипоксиясына төзімділікке зерттеуден өтпеген адамдар ұшуға (парашютпен секіруге) жіберілмейді.

Биіктік гипоксиясына төзімділікті жоспарлы (жоспардан тыс) зерттеу барокамера болмаған жағдайда ұшақта жүргізіледі.

Медициналық куәландыру барысында ДҰК маман-дәрігері ұшу жұмысына (ұшуға, ұшуға үйретуге, парашютпен секіруге) жарамсыз деп таныған авиациялық персоналға биіктік гипоксиясына төзімділікке зерттеу жүргізілмейді.

Ескерту. 200-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

201. Авиациялық персоналда (курсантта) стационарлық медициналық куәландыруда жіті немесе созылмалы аурудың өршуі анықталған кезде ол әскери-медициналық мекеменің бейінді бөлімшесіне тексерілу және (немесе) емделу үшін ауыстырылады.

Авиациялық персонал (курсант) стационарлық медициналық тексеру (емдеу) аяқталғаннан кейін штаттан тыс тұрақты әрекеттегі госпитальдық ДҰК-ға ұсынылады, ол сараптамалық қорытынды шығарады және оны куәландырылушыға жеткізеді. Маман-дәрігердің зерттеу, қарап-тексеру нәтижесі және ДҰК қорытындысы медициналық кітапшаның тиісті бөліміне енгізіледі. Куәландырылушы міндетті медициналық зерттеуден бас тартқан жағдайда медициналық тексеру тоқтатылады және куәландырылушы "Медициналық тексеруден бас тартуына байланысты медициналық куәландырусыз шығарылады" деген жазбамен әскери бөлімге (мекемеге) шығарылады. ДҰК-дан өтпеген авиациялық персонал (курсант) ұшуға (ұшуға үйретуге, ұшуға басшылық жасауға, пилотсыз әуе кемесін басқаруға, парашютпен секіруге) жіберілмейді.

Ескерту. 201-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

202. Ұшу жұмысына (ұшуға, ұшуға басшылық жасауға, пилотсыз әуе кемесін басқаруға, парашютпен секіруге) жарамсыз деп танылған және ұшу жұмысымен (ұшумен, ұшуға басшылық жасаумен, пилотсыз әуе кемесін басқарумен, парашютпен секірумен) байланысы жоқ әскери лауазымға тағайындалған авиациялық персонал диспансерлік есепке қойылады.

Ескерту. 202-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

203. Ұшу жұмысымен (ұшумен, ұшуға басшылық жасаумен, пилотсыз әуе кемесін басқарумен, парашютпен секірумен) байланысы жоқ әскери лауазымға тағайындалған авиациялық персонал сауыққан немесе тұрақты ауру ремиссиясына жеткен жағдайда штаттық ӘДК-мен жазбаша келісілгеннен кейін, бірақ ұшу жұмысына (ұшуға, ұшуға басшылық жасауға, пилотсыз әуе кемесін басқаруға, парашютпен секіруге) жарамсыздығы туралы ДҰК қорытындысы шығарылғаннан кейін бір жылдан ерте емес стационарлық медициналық куәландыруға жіберіледі. Авиациялық персоналды ұшу жұмысына (ұшуға, ұшуға басшылық жасауға, пилотсыз әуе кемесін басқаруға, парашютпен секіруге) қайта жіберу кезінде медициналық куәландыру әскери-медициналық мекеменің мамандандырылған бөлімшесінде жүргізіледі.

Әуе қорғанысы күштерінің (әскери-әуе күштерінің) қолбасшылығы штаттық ӘДК-ға авиациялық персоналды ұшу жұмысына (ұшуға, ұшуға басшылық жасауға, пилотсыз әуе кемесін басқаруға, парашютпен секіруге) қайта жіберу орындылығы туралы қолдаухат, қызметтік ісі және денсаулық жағдайы туралы мәлімет, медициналық кітапшаны, денсаулық жағдайының жақсарғанын растайтын медициналық құжаттарды жібереді.

Ескерту. 203-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

204. Авиациялық персоналды (курсантты) стационарлық медициналық куәландыру аяқталғаннан кейін оның денсаулық жағдайы Авиацияға қойылатын талаптарға сәйкес келмеген жағдайда ДҰК мынадай қорытынды шығарады:

1) I баған бойынша (ұшу практикасы басталғанға дейін) және II - V бағандар бойынша (авиация түріне байланысты ұшу практикасы басталғаннан кейін) және (немесе) VII баған бойынша Авиацияға қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін авиациялық персонал даярлайтын ЭОО курсанттарына – "ұшуға үйретуге жарамсыз";

2) II - V бағандар бойынша Авиацияға қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін ұшқыш пен штурманға (авиация түріне байланысты) – "ұшу жұмысына жарамсыз";

3) VI баған бойынша Авиацияға қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін ұшқыш экипажының басқа да мүшелеріне – "ұшу жұмысына жарамсыз (мамандығы бойынша)";

4) VI баған бойынша Авиацияға қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін әуе кемесінің бортында ұшу тапсырмасын орындауға қатысатын адамдарға, планершіге және әуеде қалықтап ұшатын адамға – "ұшуға жарамсыз";

5) VI баған бойынша Авиацияға қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін парашютшіге – "парашютпен секіруге жарамсыз";

6) VII баған бойынша Авиацияға қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін ұшуға басшылық жасау мен басқаруды жүзеге асыратын адамдарға, әуе қозғалысын басқару операторына – "ұшуға басшылық жасауға жарамсыз";

7) VII баған бойынша Авиацияға қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін пилотсыз әуе кемесінің операторына (сыртқы пилотқа) – "пилотсыз әуе кемесін басқаруға жарамсыз".

Ескерту. 204-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

205. Әскери-медициналық мекемеде (медициналық ұйымда) болатын авиациялық персонал емдеу аяқталғаннан кейін, егер шалдыққан ауруы:

1) ұшу жұмысына (ұшуға, ұшуға үйретуге, ұшуға басшылық жасауға, пилотсыз әуе кемесін басқаруға, парашютпен секіруге) жарамдылық дәрежесін өзгертуді;

2) ауруы бойынша демалыс беруді;

3) әскери қызметтің басқа да міндеттерін орындап, ұшудан (ұшуға үйретуден, ұшуға басшылық жасаудан, пилотсыз әуе кемесін басқарудан, парашютпен секіруден) босатуды талап етсе, ДҰК-ның (ӘДК-ның) медициналық куәландыруына жіберіледі.

Ескерту. 205-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

206. Егер шалдыққан ауру алдыңғы сараптамалық қорытындыны өзгертуді талап етпесе, авиациялық персонал медициналық куәландырусыз әскери-медициналық (медициналық) мекемеден (ұйымнан) шығарылады және шығару эпикризінде және медициналық кітапшада "Шалдыққан ауру ұшу жұмысын жалғастыруға кедергі келтірмейді" деген жазба жазылады.

207. Авиациялық персонал даярлайтын ӘОО курсанттары жыл сайын ұшу практикасы басталғанға дейін және оқу аяқталғаннан кейін (оқу бітірген кезде) осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен медициналық куәландырылуға тиіс.

Бұл ретте бірінші курс курсанттарына қан тобы мен резус-факторы айқындалады, нәтижесі медициналық кітапшаға енгізіледі.

Медициналық куәландыру басталғанға дейін курсанттарға:

кеуде қуысы ағзасын флюорографиялық (рентгенологиялық) зерттеу (куәландыратын күні 3 айдан кешіктірмей);

12 бөлікте электрокардиография (қалыпты жағдайда және жүктемеден кейін);

жалпы қан және несеп талдауы;

қандағы қантты зерттеу;

фиброгастродуоденоскопия (көрсеткіш бойынша);

мұрынның қосалқы қуысының рентгенографиясы (көрсеткіш бойынша);

мерезге микропреципитация реакциясы (микрореакция);

күрт жұмыртқасы мен лямблия кистасына нәжісті зерттеу жүргізіледі.

Медициналық көрсеткіш бойынша ұшуға үйретуге жарамдылығын айқындау үшін курсанттар әскери-медициналық мекеменің мамандандырылған бөлімшесіне медициналық куәландыруға жіберіледі.

Ескерту. 207-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

208. Куәландыру нәтижелері бойынша ДҰК осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес қорытындылар шығарады.

209. Ұшу жұмысына (ұшуға, ұшуға үйретуге) жарамдылығы туралы ДҰК қорытындысы парашютпен секіруге, ал II - III бағандар бойынша куәландырылатын ұшқыш пен штурманға және жерүсті катапульттеуге жарамдылықты көздейді. Куәландырылушы денсаулық жағдайы бойынша Авиацияға қойылатын талаптарға сәйкес парашютпен секіруден және (немесе) жерүсті катапульттеуден босатылған жағдайда ДҰК қорытындысында ұшу жұмысына (ұшуға, ұшуға үйретуге) жарамдылығы туралы қорытындыдан кейін оның парашютпен секіруден және (немесе) жерүсті катапульттеуден босатылуға тиіс екені көрсетіледі.

Ұшу жұмысына жарамды немесе ұшу жұмысына шектеулі жарамды деп танылған ұшқыш, штурман ұшуға басшылық жасауға, пилотсыз әуе кемесін басқаруға жіберіледі.

Ескерту. 209-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

210. Авиация түріне тиесілігіне сәйкес келетін Авиацияға қойылатын талаптардың бағаны бойынша шектеумен жіберілген, анағұрлым төмен талаптарды қамтитын бағандар бойынша ұшу жұмысына жарамды деп танылған, сондай-ақ әскери қызметте болудың шекті жасына толған кезде әскери қызметке шамалы шектеумен жарамды деп танылған ұшқыш пен штурман ұшу жұмысына шектеулі жарамды деп саналады.

Ескерту. 210-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

211. ДҰК қорытындысында Авиацияға қойылатын талаптардың тармақтары, тармақшалары мен бағандары, ұшу жұмысына (ұшуға үйретуге, ұшуға басшылық жасауға, пилотсыз әуе кемесін басқаруға, парашютпен секіруге және ұшуға) жарамдылық дәрежесі, диагнозы, аурудың немесе мертігудің (стационарлық медициналық куәландыру кезінде авиациялық персоналға немесе курсанттарға) себепті байланысы және негізгі емдеу-профилактикалық ұсыным көрсетіледі.

ДҰК денсаулық жағдайы V баған бойынша Авиацияға қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін ұшқыш пен штурманға, авиациялық персонал даярлайтын ЭОО

курсанттарына ұшуға басшылық жасауға және пилотсыз әуе кемесін басқаруға немесе ұшуға үйретуге жарамдылық санатын VII баған бойынша айқындайды, ал жарамсыз болған кезде VII баған бойынша Талаптарға сәйкес әскери қызметке жарамдылық санаты айқындалады.

ДҰК ұшу жұмысына (мамандығы бойынша), ұшуға, ұшуға басшылық жасауға, пилотсыз әуе кемесін басқаруға, парашютпен секіруге жарамсыз деп танылған авиациялық персоналға Талаптарға сәйкес әскери қызметке жарамдылық санатын айқындайды.

Ескерту. 211-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

212. Авиациялық персоналға ауруы бойынша демалыс беру, ұшудан (ұшуға басшылық жасаудан, пилотсыз әуе кемесін басқарудан, парашютпен секіруден) босату туралы қорытынды Авиацияға қойылатын талаптарға сәйкес шығарылады және медициналық куәландыру туралы анықтамамен ресімделеді.

ДҰК (ӘДК) әскери қызмет міндеттерін орындаудан жеті тәуліктен он бес тәулікке дейінгі мерзімге босату туралы қорытындымен қатар ұшудан (ұшуға басшылық жасаудан, пилотсыз әуе кемесін басқарудан, парашютпен секіруден) босату туралы қорытынды шығарады және медициналық куәландыру туралы анықтамамен ресімдейді. ДҰК (ӘДК) медициналық көрсеткіш бойынша босату туралы қорытындыны қайта шығарады, бірақ жалпы босату мерзімі отыз тәуліктен аспайды.

Ескерту. 212-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

213. Әскери бөлімдердің және авиациялық персоналды даярлау бойынша ӘОО-ның дәрігерлері 7 тәулікке дейінгі мерзімге ұшудан босатады немесе әскери қызмет міндеттерін орындаудан (курсанттарға – барлық жұмыстар мен нарядтардан) толық босатады.

214. Ұшу жұмысына (ұшуға үйретуге, ұшуға, ұшуға басшылық жасауға, пилотсыз әуе кемесін басқаруға, парашютпен секіруге) жарамдылық туралы ДҰК қорытындысы жеке бағалау көзделетін Авиацияға қойылатын талаптардың тармақтары бойынша:

- 1) аурудың оң болжамы;
- 2) комиссияаралық кезеңде медициналық бақылау деректері бойынша мамандығы бойынша лауазымдық міндеттерді атқару (ұшу, ұшуға үйрету, парашютпен секіру, ұшуға басшылық жасау, пилотсыз әуе кемесін басқару) авиациялық персоналдың денсаулық жағдайына әсер етпеген;
- 3) куәландырылушының кәсіби қызметті жалғастыруы орынды болған;
- 4) әскери бөлім (мекеме) қолбасшылығы мен дәрігерінің пікірі бойынша атқаратын лауазымда одан әрі пайдалану орынды болған кезде шығарылады.

Бұл жағдайда қорытынды жоғарыда аталған барлық шарт болған кезде шығарылады. Ауру болжамы ауырлық дәрежесі, таралуы, өршу жиілігі, зардап шеккен ағза мен жүйе функциясының бұзылу дәрежесі, жүргізілген емдеу-сауықтыру іс-шараларының тиімділігі, кәсіби қызметті жалғастырған жағдайда аурудың өршу дәрежесі және асқыну, аурудың ұшу қауіпсіздігіне ықпал етуі ескеріліп айқындалады.

Ескерту. 214-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

215. Мамандық бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жоғары әскери оқу орындарына оқуға түсетін ұшқыштар мен штурмандар ұшу жұмысын орындауға шектеулер болған кезде ӘОО-ға оқуға түсуге жарамсыз деп танылады.

216. Әскери-медициналық мекеменің мамандандырылған бөлімшесінде медициналық куәландыру кезінде, егер оны штаттық ӘДК бекітуге тиіс болса, ДҰК қорытындысы медициналық кітапшаға енгізілмейді. Бұл жағдайда ұшу жұмысына (ұшуға үйретуге, ұшуға, ұшуға басшылық жасауға, пилотсыз әуе кемесін басқаруға, парашютпен секіруге) жарамдылығы (жарамсыздығы) туралы ДҰК қорытындысы бекітілген ауыруы туралы куәлік (медициналық куәландыру туралы анықтама) алынғаннан кейін медициналық кітапшаға жазылады.

Ескерту. 216-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

217. Куәландырылушы туралы мәліметтер және ДҰК қорытындысы ДҰК отырыстарының хаттамалары кітабына жазылады. ДҰК отырысының хаттамаларына комиссия жүргізілген күні төраға, ДҰК отырысына қатысқан комиссия мүшелері және хатшы қол қояды, ал комиссияның қорытындысы куәландырылушыға жарияланады.

218. Ұшу жұмысына (ұшуға үйретуге, ұшуға, ұшуға басшылық жасауға, пилотсыз әуе кемесін басқаруға, парашютпен секіруге) жарамды және ұшу жұмысына шектеулі жарамды авиациялық персоналға медициналық куәландырылғаннан кейін осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ДҰК-дан өткені туралы куәлік беріледі. ДҰК-дан өткені туралы куәлік ұшуға (ұшуға басшылық жасауға, пилотсыз әуе кемесін басқаруға, парашютпен секіруге) жіберу үшін негіз болып табылады.

ДҰК-дан өткені туралы куәлік ауыруы туралы куәлікпен немесе медициналық куәландыру туралы анықтамамен ДҰК қорытындысы ресімделген жағдайда жазып берілмейді. Бұл жағдайда авиациялық персоналға ДҰК-дан өткені туралы куәлік штаттық ӘДК бекіткен ауыруы туралы куәлік (медициналық куәландыру туралы анықтама) алынғаннан кейін беріледі. Әскери бөлімге (мекемеге) бекітілген ауыруы туралы куәлік (медициналық куәландыру туралы анықтама) және (немесе) ДҰК-дан

өткені туралы куәлік түскенге дейін авиациялық персонал ұшу жұмысына (ұшуға басшылық жасауға, пилотсыз әуе кемесін басқаруға, парашютпен секіруге және ұшуға) жіберілмейді.

Ескерту. 218-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

219. ДҰК қорытындысын ауруы туралы куәлікпен ресімдеу кезінде объективті тексеру деректерін және арнайы зерттеу нәтижелерін ДҰК отырысының хаттамалары кітабына жазбауға рұқсат етіледі, жазбасы бар ауруы туралы, штаттық ӘДК қорытындысы туралы куәліктің бір данасы ДҰК отырысының хаттамалары кітабында қосымша ретінде сақталады.

ДҰК отырысының хаттамалары кітабын жүргізуді, шығарылған қорытындыны ресімдеуді және оның негізділігін бақылау ДҰК төрағасына жүктеледі.

220. Ауыруы туралы куәлік:

1) ұшу жұмысына (ұшуға, ұшуға үйретуге, ұшуға басшылық жасауға, пилотсыз әуе кемесін басқаруға, парашютпен секіруге) жарамсыз деп танылған;

2) ұшу жұмысына алғаш рет шектеулі жарамды деп танылған авиациялық персоналға;

3) бұрын шығарылған ұшу жұмысына шектеу алынған кезде;

4) ұшу жұмысына (ұшуға, ұшуға үйретуге, ұшуға басшылық жасауға, пилотсыз әуе кемесін басқаруға, парашютпен секіруге) жарамдылық қайта берілген кезде жасалады.

Ескерту. 220-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

221. Запаста тұратын авиациялық персоналға:

1) олар ұшу жұмысына жарамсыз деп танылған кезде;

2) ұшу жұмысына алғаш рет шектеулі жарамды деп танылған кезде;

3) ұшу жұмысына қайта қабылданған кезде ауруы туралы куәліктер жасалады.

222. Медициналық куәландыру кезінде ауруы бойынша демалысқа, әскери қызметтің басқа да міндеттерін орындаумен ұшудан (ұшуға басшылық жасаудан, пилотсыз әуе кемесін басқарудан, парашютпен секіруден) босатуға (отыз және одан астам тәулікке) мұқтаж деп танылған авиациялық персоналға медициналық куәландыру туралы анықтаманы ресімдеу тәртібі осы Қағидалардың 176-тармағында айқындалады.

Ескерту. 222-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14-тарау. Запаста тұратын авиациялық персоналды есепке алу мақсатында медициналық куәландыру

223. Запаста тұратын ұшқыштар мен штурмандарды есепке алу мақсатында медициналық куәландыру бес жылда бір рет әскери жиындарға шақыру алдында немесе денсаулық жағдайында өзгерістер болған кезде жүргізіледі. Ұшу экипаждарының басқа да мүшелеріне әскери жиындарға шақырылған кезде немесе денсаулық жағдайында өзгерістер болған кезде ғана жүргізіледі.

224. Медициналық куәландыру нәтижелері запаста тұратын азаматтың медициналық куәландыру картасына жазылады.

225. Запаста тұратын және азаматтық авиацияда ұшу жұмысында болатын ұшқыштар мен штурмандар есепке алу мақсатында медициналық куәландыруға жіберілмейді. Бұл ретте ҚІБ (Б) сол мерзімдерде осы адамдарға жұмыс орны бойынша дәрігерлік-ұшқыш сараптамалық комиссияларынан жеке іске тіркеу үшін оларды медициналық куәландыру нәтижелері туралы анықтамаларды сұратады.

15-тарау. Әскери қызметшілер немесе азаматтар ауруларының, мертігулерінің, қаза табуының (қайтыс болуының) әскери қызмет өткеруге (әскери жиындардан өтуге) (міндеттерді орындауға) байланысты себепті байланысын айқындау

226. Аурудың, мертігудің, қаза табудың (қайтыс болудың) себепті байланысын:

1) ҚР ҚК-да әскери қызмет өткеретін азаматтарда – ҚР ҚМ ОӘДК, штаттан тыс тұрақты әрекет ететін госпитальдық және гарнизондық ҚР ҚК ӘДК;

2) ҚР ҚК-да әскери қызмет өткерген азаматтарда – ҚР ҚМ ОӘДК айқындайды.

227. Ауырғаны, мертігуі туралы жаңадан ашылған мән-жайлар және олардың әскери қызмет өткерумен (міндеттерді орындаумен) байланысы болған кезде аурудың, мертігудің себепті байланысы туралы қорытынды (құжаттар бойынша) сырттай (бұдан бұрын шығарылған қорытындыны жоюмен) қайта қаралады.

Аурудың, мертігудің, қаза табудың (қайтыс болудың) себепті байланысы туралы ҚР ҚМ ОӘДК қорытындысы жарамдылық мерзімін шектеусіз бір рет бір данада беріледі.

228. Әскери қызмет өткерген әскери қызметшілерге немесе азаматтарға мертігудің себепті байланысын белгілеу туралы ӘДК қорытындысы мертігу туралы анықтамаға сәйкес мертігу мән-жағдайлары туралы акті немесе қызметтік тергеп-тексеру материалдары негізінде шығарылады.

229. Мертігу туралы анықтаманы онда әскери қызметші немесе азамат әскери қызмет өткерген әскери бөлімнің командирі береді. Мертігу туралы анықтамада мертіккен мән-жайлар және әскери қызмет міндеттерін орындаумен (өткерумен) байланысы көрсетіледі.

ҚР ҚМ ОӘДК немесе штаттан тыс тұрақты әрекет ететін ӘДК мертігудің себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысын мертігу туралы анықтаманы және мертігу мән-жайларын көрсететін растау құжаттарын қарау негізінде шығарады.

230. Мертігудің, аурудың себепті байланысы туралы ӘДК қорытынды шығарған кезде мертігу туралы анықтама болмаған кезде мертігу, ауру себебі мен мән-жайлары

көрсетілген құжаттар (олар мертiккен, ауырған сәттен бастап 3 (үш) айдан кешiктiрiлмей жасалса): қызметтiк iстер және денсаулық жағдайы туралы мәлiметтердi, амбулаторияда медициналық көмекке алғаш жүгiнуi туралы науқастарды есепке алу кiтабынан үзiндi, әкiмшiлiк немесе қызметтiк тергеп-тексеру, қылмыстық iс, аттестаттау материалдары, әскери-медициналық мекеменiң анықтамасы, ауру тарихы немесе одан үзiндi, ауру туралы куәлiгi, әскери бөлiм немесе әскери-медициналық мекеме дәрiгерiнiң әскери қызметшiнiң медициналық кiтапшасына медициналық көмекке алғаш жүгiнуi туралы жазбасы, архивтiк мекеменiң анықтамасы алынады.

231. Аурудың, мертiгудiң, қаза табудың (қайтыс болудың) себептi байланысын айқындау азаматтардың, зейнетақымен қамсыздандыруды жүзеге асыратын органдардың, ҚР ҚК кадр қызметтерiнiң, сот және Қазақстан Республикасы прокуратурасы органдарының өтiнiшi негiзiнде жүргiзiледi.

232. Мертiгудiң, аурудың себептi байланысы туралы ӘДК қорытындысы ӘДК отырысының хаттамалар кiтабына, әскери қызметшiнiң мертiгу, ауру мән-жағдайларын растайтын құжатқа сiлтеме жасаумен ауруы туралы куәлiгiне немесе анықтамаға, ауру тарихына, медициналық кiтапшаға жазылады.

233. Медициналық құжаттарда аурудың, мертiгудiң себептi байланысы туралы ӘДК қорытындысы болмаған кезде көрсетiлген құжаттарды дұрыс ресiмдемеген, азамат қолда бар аурудың, мертiгудiң себептi байланысы туралы ӘДК қорытындысымен келiспеген кезде, сондай-ақ әскери қызмет өткерудi растайтын құжаттарда "ауруы бойынша" немесе "денсаулық жағдайы бойынша" әскери қызметтен шығару туралы жазбалар болған кезде құжаттар ҚР ҚМ ОӘДК-ның қарауына жолданады.

234. Құжаттарды қарау нәтижелерi осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша штаттық ӘДК отырысының хаттамасымен ресiмделедi. Аурудың, мертiгудiң себептi байланысы туралы ҚР ҚМ ОӘДК-ның қорытындысы осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресiмделедi.

235. Әскери қызмет өткерген азаматтың құжаттарында ауру диагнозы болмаған жағдайда, бiрақ медициналық куәландырудан өткен сәтте қолданылған аурулар кестесiнiң тармағы көрсетiлген жағдайда ҚР ҚМ ОӘДК өз қорытындысында аурудың, мертiгудiң себептi байланысы туралы аурулар кестесiнiң көрсетiлген тармағында көзделген аурулардың атауын көрсетедi.

236. Әскери қызметшiде әртүрлi жағдайларда пайда болған (шалдыққан) бiрнеше ауру, мертiгу немесе олардың салдары анықталған кезде себептi байланысы туралы ӘДК қорытындысы бөлек шығарылады.

237. Құжатта себептi байланыс туралы ӘДК қорытындысының бұрын шығарылған аурудың, мертiгудiң диагнозы нақты көрсетiлмесе, штаттық ӘДК оның тұжырымын өзгертпей, алғашқы диагнозды көрсетедi, одан кейiн аурудың, мертiгудiң нақтыланған диагнозын көрсетедi және ол бойынша себептi байланысы туралы ӘДК қорытындысын шығарады.

238. Азаматтың медициналық куәландыру нәтижелері туралы құжаттары болмаған немесе оған медициналық куәландыру жүргізілмеген кезде аурудың, мертігудің себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысын шығару үшін негіздеме ауру тарихындағы, медициналық кітапшадағы, медициналық анықтамадағы, архив анықтамасындағы жазбалар болып табылады.

239. ӘДК-ның:

1) "Әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде мертіккен" деген қорытындысы, егер ол әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде, сондай-ақ радиоактивтік заттардың, иондаушы сәулелендіру көздерінің, зымыран отыны компоненттерінің және өзге де жоғары уытты заттардың, электр-магниттік өріс және лазерлік сәулелендіру көздерінің, оптикалық кванттық генераторлардың әсер етуі негіз болған зақымдау нәтижесінде болса, әскери қызметшілерге шығарылады;

2) "Әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде шалдыққан ауру" деген қорытындысы, егер ол өте қауіпті инфекцияның эпидемиялық ошағында (жұмыста) болу уақытында жұқтырылса, ал медициналық персонал қатарынан куәландырылушыда бұдан басқа туберкулезбен, вирусты гепатитпен және АИТВ-инфекциясымен ауырғандарға медициналық көмек көрсету бойынша қызметтік міндеттерді орындау кезінде жұқтыру салдары болса (науқастармен тікелей байланысы бар адамдарға) шығарылады;

3) "Әскери қызмет өткерумен байланысты шалдыққан ауру" деген қорытындысы, егер ол куәландырылушыда әскери қызмет өткеру кезеңінде пайда болса немесе көрсетілген кезеңде әскери қызметке жарамдылық санатын өзгертетін ауырлық дәрежесіне жеткен болса, сондай-ақ әскери қызметтен шығарылғаннан кейін бір жыл ішінде диагноз қойылған созылмалы баяу үдемелі ауру кезінде, аурудың басталуын әскери қызмет өткеру кезеңіне жатқызса, аурудың басталуын көрсетілген кезеңге жатқызуға мүмкіндік беретін медициналық құжаттар болған кезде әскери қызметшілерге немесе әскери қызмет өткерген азаматтарға шығарылады.

240. ӘДК-ның "Иондаушы сәулелендірудің әсер етуі салдарынан шалдыққан ауру" деген қорытындысы, егер ауру радиоактивті заттар, иондаушы сәулелендіру көздері факторларының теріс әсер етуінен пайда болса, әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге шығарылады.

Мұндай қорытынды 1986 – 1990 жылдарда Чернобыль атом электр станциясындағы (бұдан әрі – Чернобыль АЭС) авария салдарын жою жөніндегі жұмыстарды орындауға тартылған немесе ядролық қаруды сынауға қатысқан немесе 1949 – 1991 жылдарда радиоактивті заттармен ластанған аумақта әскери қызмет өткерген әскери қызметшілерге шығарылады.

241. Осы Қағидалардың 240-тармағында көрсетілген аурудың себепті байланысын белгілеу кезінде ҚР ҚМ ОӘДК Кодекстің 7-бабының 76) тармақшасына сәйкес

бекітілетін иондаушы сәулелендірудің әсер етуіне байланысты аурулар тізбесін, архивтік деректерді және медициналық құжаттарды басшылыққа алады.

242. ӘДК-ның:

"Бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде болған мертігу (жаралану, жарақаттану, контузия)";

"Әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде болған мертігу (жаралану, жарақаттану, контузия)";

"Майданда болуына байланысты шалдыққан ауру";

"Жауынгерлік іс-қимылдар жүргізілген басқа мемлекеттер аумағында әскери қызмет өткеруіне байланысты шалдыққан ауру";

"Жауынгерлік іс-қимылдар жүргізілген басқа мемлекеттер аумағында әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде болған мертігу (жаралану, жарақаттану, контузия) " деген қортындысы әскери қызмет өткерген әскери қызметшілерге және азаматтарға шығарылады, олардың мәртебесі "Ардагерлер туралы" 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған.

243. Жауынгерлік іс-қимылдарға қатысуға байланысты аурудың, мертігудің себепті байланысын белгілеу үшін ҚР ҚМ ОӘДК-ға әскери қызмет өткергені туралы құжаттар, әскери қызмет өткеру кезеңінде шалдыққан ауруы, мертігу фактісін растайтын архивтік құжаттар және әскери қызметтен шығарылғаннан кейін ресімделген медициналық құжаттар ұсынылады.

244. ӘДК-ның мынадай қорытындысы:

1) "Әскери қызмет міндеттерін орындаумен байланысты емес қайғылы оқиға нәтижесінде болған мертігу" деген қорытындысы әскери қызметшілерге, егер мертігу әскери қызмет міндеттерін орындаумен байланысты болмаса;

2) "Әскери қызмет өткерумен байланысты емес шалдыққан ауру" деген қорытындысы әскери қызметшілерге ауру куәландырылушыда әскери қызметке әскерге шақырылғанға, келісімшарт бойынша әскери қызметке кіргенге дейін пайда болған және әскери қызмет өткеру кезеңінде куәландырылушының әскери қызметке жарамдылық санатын өзгертетін дәрежеге жетпеген кезде шығарылады.

245. ӘДК-ның:

1) "Қайтыс болуға әкеп соқтырған мертігу әскери қызмет міндеттерін орындау нәтижесінде болған" деген қорытындысы, егер әскери қызмет міндеттерін орындау нәтижесінде болған мертігу салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілерге шығарылады. Әскери қызмет өткерген азаматтарға осындай қорытынды, егер ол әскери қызметтен шығарылғаннан кейін әскери қызмет міндеттерін орындау нәтижесінде болған мертігу салдарынан қайтыс болса шығарылады;

2) "Қайтыс болуға әкеп соқтырған ауруға әскери қызмет міндеттерін орындау нәтижесінде шалдыққан" деген қорытындысы, егер әскери қызметшілер аса қауіпті инфекцияның эпидемиялық ошағында болған уақытта жұқтырған ауру салдарынан, ал

медициналық персонал қатарынан куәландырылушылар одан басқа қызметтік міндеттерін орындау кезінде туберкулезді және АИТВ-инфекциясын жұқтыру салдарынан (науқастармен тікелей қатынастағы адамдар үшін) қайтыс болғанда шығарылады.

Әскери қызмет өткерген азаматтарға осындай қорытынды, әскери қызметтен босатылғаннан кейін аса қауіпті инфекцияның эпидемиялық ошағында болған уақытта жұқтырған ауру салдарынан, ал медициналық персонал қатарынан куәландырылушылар одан басқа қызметтік міндеттерін орындау кезінде туберкулезді және АИТВ-инфекциясын жұқтыру салдарынан (науқастармен тікелей қатынастағы адамдар үшін) қайтыс болғанда шығарылады;

3) "Қайтыс болуға әкеп соқтырған ауруға әскери қызмет өткеру кезеңінде шалдыққан" деген қорытындысы әскери қызмет өткеретін әскери қызмет өткеру кезеңінде шалдыққан ауру салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілерге шығарылады.

Әскери қызмет өткерген азаматтарға осындай қорытынды әскери қызметтен шығарылғаннан кейін әскери қызмет өткеру кезеңінде шалдыққан ауру салдарынан қайтыс болғанда шығарылады.

Қайтыс болудың себепті байланысы туралы қорытындылар медициналық құжаттарды, әскери қызмет өткеру кезеңіндегі медициналық куәландыру деректерін, қайтыс болу туралы медициналық куәлікті және басқа да құжаттарды зерделегеннен кейін, қайтыс болудың себебі мен әскери қызмет өткеру кезеңінде (әскери қызмет міндеттерін орындау нәтижесінде) болған мертігу, ауру арасында тікелей себепті байланысы болған кезде шығарылады.

16-тарау. Әскери қызметшілер (әскери міндеттілер) әскери қызмет міндеттерін орындау (әскери жиындардан өту) кезінде алған мүгедектікке әкеп соқтырмаған мертігудің (жараланудың, жарақаттанудың, контузияның) ауырлық дәрежесін айқындау

246. Әскери қызметшілер (әскери міндеттілер) әскери қызмет міндеттерін орындау (әскери жиындардан өту) кезінде болған, мүгедектікке әкелмеген мертігудің ауырлық дәрежесін айқындауды штаттан тыс тұрақты әрекет ететін (гарнизондық немесе госпитальдық) ӘДК жүргізеді.

247. Әскери қызметшілер (әскери міндеттілер) мертігуінің ауырлық дәрежесін айқындау үшін медициналық куәландыру әскери қызметшінің (әскери міндеттінің) баянаты немесе емдейтін дәрігердің қолдаухаты негізінде әскери-медициналық мекеме бастығының жазбаша өкімі бойынша жүргізіледі.

Медициналық куәландыру айқындалған дәрігерлік-сараптама нәтижесі болған кезде жүргізіледі.

248. Болған мертiгудiң ауырлық дәрежесi осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес Ауыр немесе жеңiл түрiне жататын мертiгулер (жаралану, жарақаттану, контузия алу) тiзбесi негiзiнде шығарылады.

249. ӘДК-ның мертiгудiң себептi байланысын белгiлеу туралы қорытындысы осы Қағидалардың 228-тармағы негiзiнде шығарылады.

250. Болған мертiгудiң ауырлық дәрежесi Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2013 жылғы 27 тамыздағы № 868 қаулысымен бекiтiлген Әскери қызметiн өткеру кезеңiнде әскери қызметшi немесе әскери жиындарға шақырылған әскери мiндеттi қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, оған мүгедектiк белгiленген кезде немесе ол әскери қызмет мiндеттерiн орындауға байланысты мертiккен жағдайда бiржолғы өтемақы төлеу қағидаларына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтамамен ресiмделедi.

Болған мертiгудiң ауырлық дәрежесi туралы анықтама куәландырылушының қолына берiледi.

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштерiнде әскери-
дәрiгерлiк сараптама жүргiзу
қағидаларына 1-қосымша

Медициналық куәландыруды жүргiзу жөнiндегi нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Медициналық куәландыру күндiз жарықта ол үшiн арнайы бөлiнген жарық, жылы және кең бөлмелерде жүргiзiледi. Күндiзгi жарық және (немесе) жасанды жарық беру дәрiгерлердiң жұмысы үшiн толық жеткiлiктi болуға тиiс. Әрбiр дәрiгерге бөлек бөлме бөлiнедi. Әйелдердi қосымша гинеколог куәландырады. Куәландырылушылардың денсаулық жағдайы олардан сұрау және олардың денсаулық жағдайына шағымдануына немесе шағымданбауына қарамастан, жан-жақты объективтi түрде зерттеу жолымен айқындалады.

2. Куәландырылушылар ұсынған әртүрлi медициналық құжаттар мен оларды диспансерлiк қадағалау жөнiндегi материалдар дәрiгерлердi осы адамдарды медициналық куәландырудан босатпайды.

3. Тексеру процесiнде куәландырылушылардың дене кемiстiгi ғана анықталмай және аурудың сипаты да белгiлi болмай, сонымен ауру ағзаның (жүйенiң) бұзылу мен функциясының теңгерiлу дәрежесiн және жалпы организмнiң функционалдық бейiмделуi айқындалады, ол тиiстi сараптамалық қорытындының негiзiнде жатыр.

Нормадан ауытқуға күдiктенген кезде барлық жағдайларда куәландырылушы анықталған өзгерiстерге және тиiстi дәрiгерлердiң куәландырылуына байланысты толық тексерiлуге тартылады. Егер амбулаториялық тексеру кезiнде диагноз анық болмаса немесе күмән тудырса, куәландырылушы стационарлық тексерiлуге жiберiледi

2-тарау. Антропометриялық зерттеулер

4. Әскери-дәрігерлік (дәрігерлік-ұшқыш) сараптама мақсатында бағаланатын негізгі антропометриялық белгілер дененің бойы мен салмағы, кеуде өлшемі, өкпенің демалу-дем шығару, қол басының күші және тұлға күші, отыру қалпындағы бойы, қолдары мен аяқтарының ұзындығы болып табылады.

5. Антропометриялық зерттеулерді жұмыс басталар алдында салыстырып тексерілген өлшеу аспаптарының көмегімен дәрігердің қадағалауымен орта медициналық персонал жүргізеді. Куэландырылушылар маман дәрігерлердің қарап-тексеруінен іш киімде (трусиге дейін шешінген күйде) өтеді.

6. Куэландырылушының бойын тұрған және қажет болған кезде отырған қалпында айқындайды. Тұрған қалпында бойын өлшеу үшін куэландырылушы бой өлшегіштің тұғырына шығып, оның тік планкасына арқаның жауырын аралығы жағымен, бөкселерімен және өкшелерімен сүйеніп тұрады. Құлақтың құлақ бүртігі үсті ойығы мен көз саңылауының сыртқы бұрышы бір көлденең сызықта болатындай бас тік ұсталады. Бой өлшегіштің жылжымалы планкасы төбеге тығыз тіреледі. Бойды отырған қалпында өлшеу үшін куэландырылушы бой өлшегіштің қайырмалы орындығына түзу отырып, жауырын аралығымен және бөксесімен бой өлшегіштің тік планкасына сүйенеді. Басы тұрған қалпында өлшеген кездегідей қалыпта болады. Аяқтары тізелерінде тік бұрыш жасай бүгілген. Есептеу орындықтың үстіңгі бетінен 0,5 сантиметрге дейінгі дәлдікпен жүргізіледі.

7. Аяқтың ұзындығын анықтау үшін тұрған қалпындағы бой өлшемінен отырған қалпындағы бой өлшемі алынып тасталады. Қолдың ұзындығы сантиметрлік лентамен акромия өсіндісінен бастап қолдың үшінші саусағының соңына дейін өлшенеді.

8. Дене салмағы медициналық таразыларда анықталады. Куэландырылушы таразы алаңының ортасына тұрады. Көрсеткіштер 0,1 килограмға дейінгі дәлдікпен жазылады.

9. Кеуде өлшемі резектеленген өлшеуіш лентасын артқы жағынан жауырын бұрыштары астымен, алдыңғы жағынан – омыраудың төменгі жағынан қатты баспай салумен өлшенеді. Бұл ретте куэландырылушы қолдары төмен түсірілген қалыпта тұрады. Үш көрсеткіш белгіленеді: тыныс кідірісінде, демді барынша ішке алуда және демді барынша шығаруда.

10. Өкпенің демалу-дем шығару көлемі спирометрді пайдаланумен айқындалады. Куэландырылушы демді барынша ішке алғаннан кейін спирометр түтігіне дем шығарады.

11. Қол басының күші қол динамометрімен өлшенеді, оны куэландырылушы көлденең созылған оң, содан кейін сол қолдарының қол басымен барынша күшпен қысады. Дене күші дене динамометрін қолданумен айқындалады. Куэландырылушы екі қолымен тізе буындарының деңгейінде тұратын тұтқаны ұстап, аяқтарын бүкпей, динамометрді барынша созады.

3-тарау. Психикалық жай-күйін зерттеу

12. Куәландырылушының психикалық жай-күйін зерттеу оны сипаттайтын құжаттарды (мектептен, басқа оқу орындарынан, жұмыс орнынан, әскери бөлімнен және т.б. мінездеме, ата-анасынан немесе медициналық денсаулық сақтау ұйымдарынан мәліметтер) зерделеу және дәрігердің тексерілушімен жеке әңгімелесуі негізінде жүргізіледі.

Куәландырылушымен әңгімелесуде және оны қарап-тексеру кезінде бет-бейнесіне, мимикасына, жүрісінің ерекшеліктеріне, дене тұрысына, қозғалыстарына, реакциясының сәйкестілігіне, дәрігермен әңгімелесуге көзқарасына көңіл бөлінеді.

13. Куәландырылушының психикалық жай-күйін бағалауда зерттеудің клиникалық әдісі жетекші болып табылады, оны (тиісті көрсеткіштер кезінде) зерттеудің жалпы қабылданған әдістерімен (эксперименттік-психологиялық тестілеу, электрэнцефалография, реоэнцефалография, ми томографиясы, пневмоэнцефалография және басқалар) үйлестіру қажет. Куәландырылушының психикалық жай-күйін зерттеу мынадай жүйелілікте жүргізіледі: сананың, зейіннің, жадының, ойлаудың, интеллектінің, эмоциялық-еріктік саласының жай-күйі бағаланады; психопатологиялық симптоматикасының жоқтығы немесе бар болуы белгіленеді.

Зейінді зерттеген кезде оның көңіл аудару қабілеттілігі (әлсіреуі, алаңдаушылығы, тұрып қалуы) ескеріледі.

Жадыны зерттеу кезінде есте сақтау шапшаңдығы мен нақтылығы, өткен және ағымдағы оқиғаларды еске түсіру, жадыда алдаудың бар болуы, амнезия типі (ретроградты, антероградты) және т.б. белгіленеді.

Ойлауды бағалау кезінде логикалылыққа, пайымдау мен ойлау тұжырымының жүйелілігіне, тыңғылықтылығына, тұрып қалуына, резонерлікке, тым мәнерлілігіне, абстрактылы ойлаудың нақты ойлаудан басымдылығына және керісінше көңіл аударылады. Ойлау шапшаңдығы (жеделдетілген, қалыпты, бәсендеген), оның бағыттылығы (мәселелері, мүдделері) айқындалады.

Эмоциялық аясының жай-күйін айқындау кезіндегі көңіл-күй (көтеріңкі, қалыпты, төмен, тұрақсыз), көңіл-күйдің патологиялық құбылулары, олардың ұзақтығы, сипаты бағаланады. Эмоциялардың адекваттығы немесе адекватты еместігі сыртқы көріністерге өз сезімін тыю немесе басу қабілеттілігі бойынша бағаланады. Ерік-жігері аясы куәландырылушының әуестігінің және мінез-құлқының ерекшеліктері бойынша бағаланады.

Түйсік бұзылуларының жоқтығы немесе бар болуы анықталады: иллюзиялар, галлюцинациялар, олардың мазмұны, оларға көзқарасы (сыни, аффектілік, немқұрайлы), кеңістікті, уақытты, өз жеке басын түйсіну сапасының өзгеруі. Осы бұзылуларды, сондай-ақ мезі қылатын ойлар мен сандырақты анықтау үшін куәландырылушыға мақсатқа сәйкес сауал жүргізу талап етіледі.

4-тарау. Жүйке жүйесін зерттеу

14. Жүйке жүйесін зерттеу куәландырылушының медициналық құжаттамасын зерделеуден, оған сауал жүргізуден және куәландырылушыны объективті клиникалық-неврологиялық тексеруден тұрады. Сауал жүргізу кезінде шағымдары, өмірбаяндық анамнезі анықталады, анамнезіндегі есінен тану ұстамалары, құрысқақтар, сөйлеуінің, естуінің, көруінің өзгеруі, орталық және перифериялық нерв жүйелерінің жарақаттары, психиатриялық және неврологиялық бейінді мекемелерде емделуіне назар аударылады, түнде зәрін ұстай алмаудың соңғы эпизодының күні белгіленеді. Тұқым қуалаушылық – туыстарында құрысқақтық талмалар, есінен тану эпизодтары, бұлшықет әлсіздігінің ұстамалары, психикалық аурулар, ішімдікті шамадан тыс пайдалану, есірткі заттарын пайдаланудың болғаны немесе болмағандығы анықталады.

15. Сыртқы қарап-тексеру кезінде дене бітімі, тері және шырышты қабықтарының, бұлшықет жүйесінің, жүрісінің жай-күйі бағаланады. Егер куәландырылушы бұрын бас-ми жарақаты болғанын жоққа шығарған жағдайда да бас сүйегі зақымдануларының жоқтығына көз жеткізу қажет.

16. Неврологиялық тексеру бас-ми нервтері функциясын тексеруден басталады. Көзді қозғалтатын нервтер мен көздің симпатикалық иннервациясының функциясы зерттеледі. Көз алмасының орналасуы, көздің жоғары-төмен, ішке, сыртқа қозғалуы тексеріледі. Қарашықтардың түрі мен көлемі, олардың біркелкілігі, сондай-ақ конвергенция мен аккомодация кезінде қарашықтардың жарыққа реакциясы (тікелей және бірлескен) айқындалады.

Үш тармақты нервтің функциясын тексеру кезінде беттегі сезгіштіктің, шайнау бұлшықеттерінің жай-күйі, төменгі жақсүйектің қозғалысы көлемі, корнеалдық және конъюнктивалық рефлексдер зерттеледі.

Бұдан әрі қалған бас сүйек-ми нервтерінің функциялары айқындалады. Маңдай терісі қатпарларының екі жақта бірдей болуын, көз саңылауларының ені, көзді қысу және қабақты түю мүмкіндігі, тістерді көрсеткен кезде мұрын-еріндік қатпарларының симметриялығы тексеріледі.

17. Вестибулярлы аппараттың қимыл функциясы (нистагм, тепе-теңділік, мүлт кету) айқындалады. Негізгі дәм сезулерді: тәттіні, қышқылды, тұздыны, ащыны қабылдаудың дұрыстығы зерттеледі, бұл үшін қанттың, ас тұзының, лимон қышқылының және хинин сульфатының стандартты ерітінділері пайдаланылады; фонация кезіндегі жұмсақ таңдайдың қозғалғыштығы, дауыстың үнділігі, жұту қабілеттілігі, басты бұру мен иықты көтеру мүмкіндігі, тілді шығару кезіндегі тіл қозғалысы көлемі, фибриллярлық тітіркенулердің болуы және оның бұлшықеттерінің атрофиясы зерттеледі.

18. Қимыл жүйесін тексеру кезінде аяқ-қолдардың белсенді және пассивті қимылдарының көлемі, қимыл актілерінің үйлесімі (статикалық және динамикалық

атаксия), бұлшықеттердің күші, тонусы және трофикасы тексеріледі. Адам еркіне бағынбайтын дене қимылдарының (гиперкинездердің), контрактуалар мен атрофиялардың болуына назар аударылады. Бұдан әрі сіңір, сүйекқап, тері рефлекстері және шырышты қабықтардың рефлекстері тексеріледі. Әр рефлекс оң және сол жағынан зерттеледі, олардың шапшаңдығы және біркелкілігі салыстырылады. Патологиялық рефлексдердің (Бабинскийдің, Россолимоның, Жуковскийдің, Бехтеревтің, Оппенгеймнің, Гордонның және т.б.) болуы немесе жоқтығы, үстірт және терең сезгіштіктің (ауруды сезгіштік, температуралық, дене түйсігі арқылы сезу, бұлшықет-буындық) жай-күйі белгіленеді.

19. Вегетативті нерв жүйесін тексеру кезінде терінің беткі қабатының түсіне (беттің, дененің, аяқ-қолдардың), трофикалық бұзылыстардың бар болуына назар аударылады, терінің ылғалдығы мен температурасы сипап қарау арқылы анықталады. Вегетативті тері рефлекстері (жергілікті және рефлекторлық дермографизм, пилomotorлық рефлекс), Даньини-Ашнердің көз-жүрек рефлексі, мойындық вегетативтік, клиностатикалық және ортостаздық рефлексдер тексеріледі.

5-тарау. Ішкі ағзаларды зерттеу

20. Ішкі ағзаларды зерттеу шағымдарды, анамнезді зерделеуді, сондай-ақ жалпы қарап-тексеруден басталатын объективті тексеруді қамтиды. Сыртқы түріне, дене бітіміне, терісінің түсіне, созылғыштығы мен ылғалдылығына, содан кейін пальпация әдісімен теріасты шелмайының, лимфа түйіндерінің, бұлшықеттердің жай-күйіне назар аударылады.

21. Эндокриндік жүйе ағзалары шағымдарға, анамнезге қатысты мақсатқа сәйкес сауал жүргізу арқылы және пальпация мен перкуссияның қолжетімді әдістерімен зерттеледі.

22. Қан айналымы ағзалары. Қан тамырларын зерттеу артериялар мен веналарды қарау мен пальпациялау, ірі қан тамырларын аускультациялау және қан тамырлары жүйесін құралдық әдістермен зерделеу жолдарымен жүргізіледі. Пульстің ырғағы, жиілігі, ширығуы мен толығуы анықталады, артериялар мен веналардың әртүрлі аймақтардағы мүмкін болатын пульсациясы анықталады, жүректің немесе ірі қан тамырларының ауруларын көрсетуі мүмкін. Тыныштықтағы (отырған кездегі) артериялық қан қысымы өлшенеді. Бір рет өлшеген кезде артериялық қан қысымының кездейсоқ көтерілуін болдырмау үшін манжетті шешпей артериялық қан қысымы бірнеше рет өлшенеді және соңғы төменгі сан есепке алынады.

Пальпация және перкуссиямен жүрек шекарасы, жүрек соққысының ені, күші мен резистенттілігі, жүрек соққысының бар болуы, кеуде клеткасының дірілдеуі, жүрек аймағындағы және оған көршілес аймақтардағы басқа да пульсациялар анықталады. Әртүрлі жағдайларда куәландырылушының жүрегін (жатқанда, тұрғанда, дене жүктемесінен кейін, демін ұстап тұрғанда) тыңдау кезінде жүрек соғысы

дыбыстарының үнділігін (күшеюі, әлсіреуі, акценті) және олардың сипаты (жарықшақтану, қосарлану, қосымша жүрек соғысы дыбыстарының пайда болуы), сондай-ақ жүрек шуылының болуын бағалайды. Шуылды тыңдау кезінде оның жүрек қызметінің фазасына (систолалық, диастолалық) қатынасын, оның ерекшелігін, күшін, ұзақтылығын, орналасуын мен басымдық иррадиациясын анықтау қажет. Органикалық және функционалдық шуылдардың, сондай-ақ жүрек кемістігінің дифференциалды диагнозы құралдық (рентгенологиялық, кардиографиялық, функционалдық) әдістерді қоса алғанда, кешенді тексеруден кейін ғана жүргізіледі.

23. Тыныс алу ағзалары. Шағымдарды бағалаған кезде еңтігудің сипатына (физиологиялық немесе патологиялық; дем алу, дем шығару немесе екеуі аралас қиындағанда), жөтелдің ерекшеліктеріне (ұзақтылығы, пайда болу уақыты, дыбысының қаттылығы, тембрі, қақырықтың болуы, оның ерекшелігі), кеудедегі ауырсынудың орнына, қарқындылығына, иррадиациясына және бұл ауырсынудың тыныс алу актісімен, жөтелмен байланысына көңіл аударылады.

Қарап-тексеру кезінде терінің және көрінетін шырышты қабықтардың түсі, кеуде қуысының нысаны, бұғананың орналасуы, бұғана үсті және бұғана асты шұңқырлары, жауырын, кеуденің екі жартысының симметриялығы, тыныс алудың типі, тыныс алу қозғалыстарының жиілігі, ритмі және тереңдігі қосалқы бұлшықеттердің тыныс алу актісіне қатысуы бағаланады.

Пальпация кезінде кеуде қуысының ауырсыну орны және оның резистенттілігі (серпінділігі), дауыс дірілінің айқындылығы, плевра үйкелісінің шуылы анықталады.

Салыстырмалы перкуссияда өкпенің шекарасы, өкпенің төменгі жиектерінің қозғалғыштығы, өкпенің жоғарғы бөлігінің биіктігі және олардың ені айқындалады, сондай-ақ патологиялық жай-күй кезінде перкуторлық өкпе дыбысының өзгерістері (қысқаруы, тұйықталуы немесе плевра қуысында, сұйықтықтың болуы, өкпеде қабыну немесе ісік үдерістері кезіндегі тұйық дыбыс; дыбыстың тимпаникалық сипаты, плевраның қуысында ауа жиналған кездегі қораптық дыбыс, өкпедегі қуыстардың болуы – абсцесс, каверна, өкпе тініндегі ауаның шамадан тыс көп болуы – эмфизема) айқындалады.

Аускультация кезінде түрлі тыныс алу фазаларындағы тыныс алу шуылының сипаты, олардың күші және ұзақтығы айқындалады. Негізгі тыныс алу шуылдары (везикулярлы, бронхиалды тыныс алу және оның өзгерісі) және жанама тыныс алу шуылдары (сырыл, плевра үйкелісінің шуылы, сықырлауы) бағаланады.

Өкпе ауруларына күдікті симптомдар анықталған кезде рентгенологиялық, зерттеудің құралдық және зертханалық әдістері пайдаланылады.

24. Құрсақ қуысы ағзалары. Шағымдар мен анамнезді талдауға ерекше назар аударылады. Қарап-тексеру кезінде ауыз қуысының жай-күйі (тістер, қызылиек, тіл) бағаланады. Құрсақ қуысы ағзаларын қарап-тексеру, пальпациялау куәландырылушының жату және тұру қалпында жүргізіледі. Алдымен үстірт

пальпациялау, содан кейін терең сырғанау пальпациясы әдісімен ауырсынғыштық, іш пердесінің тітіркенгіштігі, құрсақ қабырғасының ақ жолақ жарығының болуы, құрсақ қабырғасының ширығуы, сондай-ақ оның пішінін, тығыздығын, құрсақ қуысының кейбір органдарының орнын және олардағы ісік тәріздес өскіндер айқындалады. Бауыр, көк бауыр ұлғайғанда, олардың өлшемі сантиметрмен көрсетіледі.

Перкуссия кезінде бауырдың жоғарғы жиегі, асқазанның төменгі жиегі және көк бауырдың өлшемі анықталады. Құрсақ қуысы ағзаларының ауруларын көрсететін симптомдарды анықтау кезінде қосымша зерттеулер (оның ішінде рентгенологиялық, құралдық, зертханалық) жүргізіледі.

6-тарау. Хирургиялық зерттеу

25. Дене мүсіні түзу және көлденең жазықтықта зерделенеді. Дұрыс мүсін бастың тік қалпымен және мойын-иық сызықтарының симметриялық кескінімен, омыртқалардың қылқанды өсінділері сызығының ортаңғы қалпымен, жауырын бұрыштарының бірдей деңгейімен және симметриялы орналасуымен, бел үшбұрыштарының біркелкі конфигурациясымен, кеуде контурының алға біршама шығуымен, аяқтың дұрыс нысанымен сипатталады. Тері қабатының жай-күйі зерделенеді. Тыртықтар болған кезде олардың сипаты мен пайда болуы бағаланады.

26. Кеуде қуысын қарап-тексеру кезінде омыртқаның қисаюуына байланысты немесе өз бетінше пайда болған деформациялардың (күйғы тәрізді немесе құстөс көкірек) болуы ескеріледі. Бұғананың орналасу жағдайы айқындалады.

Құрсақ, оның нысаны қаралып тексеріледі. Жыныс ағзаларын қарап-тексеру кезінде жыныс мүшесінің, үрпі каналының, аталық без дамуының аномалиясына назар аударылады.

Жауырын асимметриясы болған кезде, оның омыртқа деформациясына немесе Шпренгель ауруына – туғаннан жауырынның жоғары тұруына байланысты болуы мүмкін екендігін ескеру керек. Омыртқа деформациясы кезінде көп жағдайда кеуде бөлігіндегі құныстық (кифоз), сирек – лордоз, бел омыртқалары бөлігінде – көбінесе лордоздың күшеюі, сирек жағдайда – құныстық анықталады. Сколиоздың болуына және оның айқындылығына назар аудару қажет.

Куәландырылушының дене қалпы бағаланады. Дененің мәжбүрлі қалпы ауырсынуды сезінулерге, анатомиялық өзгерістерге немесе қалпына келу нәтижесіндегі патологиялық қалпына негізделген.

Аяқ-қолдар ішкі немесе сыртқы ротация қалпында, ішке бұрылған немесе сыртқа бұрылған, бүгілген немесе жазылған күйде болуы мүмкін.

27. Ескі сынықтарды, сүйектер мен буындардың шығуларын және басқа да зақымдануларын анықтау үшін негізгі айырым пункттерінің, сүйек шодырларының, айдаршықүстілерінің орналасуына назар аударылады (шынтак буынының қалыпты жағдайында білек жазылған күйде тоқпан жіліктің айдаршықүстілері және шынтактық

өсінді ұшы бір сызықта болады). Шынтақ буыны бүгілгенде бұл тану пункттері ұшы шынтақтық өсіндіде болатын тең бүйірлі үш бұрышты құрайды.

28. Жамбастың нысаны мен орналасу қалпы зерделенеді. Адамдардың көпшілігінде 80 %-ке дейін нормада бір аяғы екіншісінен қысқа болатынын есте сақтаған жөн. Аяқтың 2 сантиметр және одан көп қысқаруы кезінде жамбастың едәуір қисаюы анықталады. Қысқа аяқты бір жаққа қарай созған кезде жамбастың қисаюы байқалмайды. Мұндай жағдайларда омыртқаның компенсацияланған қисаюын деформацияға жатқызуға болмайды. Аяқтардың ұзындығы бірдей және жамбастың деформациясы кезінде омыртқа деформациясы есепке алынбайды, бұл қосымша тексеруді талап етеді. Бөксе қатпарларының және ортан жілік үлкен ұршықты шодырларының симметриялылығы белгіленеді. Сегізкөз-құйымшақ аймағы мен анус аймағы болуы мүмкін эпителийлі құйымшақ өзектерін және олардың асқынуларын, созылмалы парапроктиттің, параректальды жыланкөздердің, геморройлық түйіншектердің, тік ішектің үңіреюінің көріністерін байқау үшін қаралады. Геморройлық түйіншектердің және тік ішектің мүмкін болатын шығып кетуін зерттеу куәландырылушының жүресінен отырған күйінде жеңіл және қатты күшенулері кезінде жүргізіледі. Әскерге шақырылушыларда тік ішек пен қуық асты безін саусақпен зерттеу көрсеткіштер бойынша жүргізіледі.

29. Аяқтарды қарап-тексеру кезінде олардың остерінің қалпы айқындалады. Айырмашылықтары:

түзу аяқтары;

О-тәрізді, тізелер сан осі жағына қарай созылған және жіліншіктер ішке қарай ашылатын бұрыш түзген;

Х-тәрізді, тізелер бір-біріне тақалған, жіліншік осьтері екі жаққа қараған, жамбас пен жіліншік осьтері сыртқа ашылған бұрыш түзген.

Аяқтардың О-тәрізді қисаюын анықтау үшін ортан жіліктердің ішкі айдаршықтарының шығыңқы жерлерінің арасы өлшенеді, ал Х-тәрізді қисаюда – жіліншіктің ішкі тобықтарының арасы өлшенеді. Аяқтардың терісінің түсіне, ісіктердің, трофикалық бұзылулардың (ойық жаралар, пигментациялар), тері асты веналарының варикозды кеңеюлерінің болуына назар аударылады. Аяқ басы мен табан қарап-тексеріледі.

30. Бассүйекті пальпациялау кезінде жарақаттан кейінгі немесе операциялық емдеуден кейінгі күмбез сүйегінің ақаулары, жұмсақ тіндердің және сүйектердің ісік тәрізді өскіндері анықталады.

31. Перифериялық лимфатүйіндердің, қалқанша безінің жай-күйі, тері тығыздығы және оның температурасы, бұлшықеттердің дамуы айқындалады.

32. Құрсақты пальпациялаумен алдыңғы құрсақ қабырғасының тыныштықтағы немесе күшенгендегі жай-күйі (ақ жолақ сызығының, кіндіктің, шаптың, операциядан кейінгі жарықтары), ішкі органдардың, сыртқы шап сақиналарының жай-күйі

айқындалады. Анық байқалған жарықтың болуы кезінде оның көлемі, құрамы және оның орнына түсуі бағаланады.

Аталық бездің, оның қосалқысының, шәуһет бауының, қуық асты безінің пальпациясы крипторхизмді, даму аномалиясының, аталық бездің және шәуһет бауының шемені, ісіктердің, тастардың болуын, қуық асты безінің қабынуларын және т.б. анықтау мақсатында жүргізіледі.

33. Тірек-қимыл аппаратының және омыртқаның жай-күйін бағалау үшін анатомиялық өзгерістерді ғана емес, олардың функционалдық мүмкіндіктерін де анықтау маңызды.

Аяқ-қолдардың буындарындағы қозғалыс көлемін зерттеу барлық жазықтықтардағы белсенді және белсенді емес қозғалыстарды, сондай-ақ супинациялық және пронациялық қозғалыстарды орындаудан басталады.

Аяқ-қолдардағы бұлшықет күші куәландырылушының динамометрияға қарсылық қимылдарды орындау жолымен анықталады.

Аяқ-қолдардың шеңберін өлшеу симметриялық бөліктерде сантиметрлік лентамен жүргізіледі. Санда – үстіңгі, орта және төменгі үшінші бөлігінде, иықта және сирақта – олардың барынша көлемді бөліктерінде.

Буындардағы қозғалыс көлемін өлшеу мынадай болып жүргізіледі:

иық буыны – бұғу (куәландырылушы дәрігерге қырынан тұрады): бұрыш өлшегіштің қозғалмайтын браншасы дененің тік осіне параллельді түрде орнатылады, осі мен қозғалатын браншасы – тоқпан жіліктің үлкен төмпесін оның сыртқы айдаршықүстімен байланыстыратын сызыққа параллельді және ортасында орнатылады. Куәландырылушы қолдарын иық белдеуінің қатысуынсыз және дененің шалқаюынсыз алға қарай барынша түзу көтереді. Жазу – осы жағдайларда қолдары барынша кері ауытқиды. Шетке бұғу – куәландырылушы дәрігерге арқа жағымен тұрады. Жауырындардың бұрышы бір деңгейде, жауырынның ішкі шеті омыртқаның тік сызығына параллельді. Бұрыш өлшегіштің қозғалмайтын браншасы дененің тік осіне параллельді, ал қозғалатын браншасы шынтак жілік өсіндісін акромионмен байланыстырушы сызықта орнатылады. Қол екі жаққа мүмкін болатын шегіне дейін жайылады.

шынтак буыны – бұғу мен жазу: куәландырылушы дәрігерге қырынан қолдарын төмен түсірген күйде алақанын алға қаратып тұрады. Бұрыш өлшегіштің қозғалмайтын браншасы тоқпан жіліктің төмпесін оның сыртқы айдаршықүстімен байланыстырушы сызықпен параллельді, қозғалатын браншасы тоқпан жіліктің сыртқы айдаршықүстінің кәрі жіліктің біз тәрізді өсіндісімен байланыстырушы сызыққа параллельде орнатылады. Білек мүмкін болатын шамаға дейін баяу бүгіледі. Бұрыш өлшегіштің осі шынтак буынының көлденең осіне дәл келу керек (сыртқы және ішкі айдаршықүстінің төменгі жиегін байланыстырушы сызық);

кәріжілік-білезік буыны – сыртқа жазу және алақанды бұғу: білек көлденең жазықтықта, қолдың басы түзу және оның жалғасы болып табылады, бірінші саусақ жақындатылған. Бұрыш өлшегіштің қозғалмайтын браншасы кәрі жіліктің біз тәрізді өскіні және екі басты бұлшықеттің сыртқы шетін байланыстырушы сызыққа параллель, қозғалатын браншасы – екінші алақан сүйегінің ұзындығы бойына параллельді орнатылады. Алақанды бұғу және сыртқа жазу жүзеге асырылады, бұл ретте бұрыш өлшегіштің осі буынның көлденең осіне дәл келуі керек;

ұршық буыны – бұғу, жазу. Куәландырылушы шалқасынан жатады, зерттелетін аяқ созылған күйде, екінші аяқ ұршық және тізе буындарында барынша бүгілген және осы жағдайда сол жақтағы қолымен ұстатылған. Бұрыш өлшегіштің қозғалмайтын браншасы қолтық шұңқырының ұшын үлкен ұршықбаспен байланыстырушы сызыққа параллельді, қозғалатын браншасы – үлкен ұршықбас пен ортан жіліктің сыртқы айдаршығын байланыстырушы сызықтың бойымен орнатылады. Өлшеу кезінде зерттелетін аяқ тізе буынында бүгіледі. Шетке бұғу: куәландырылушы шалқасынан жатады, аяқтар созылған күйде, өкшелер бірге, қол дене бойына қойылған. Бұрыш өлшегіштің қозғалмайтын браншасы семсерше өсінді – қасаға жігі – ортан жіліктің ішкі айдаршығы сызығына орнатылады. Зерттелетін аяқ барынша шетке бұрылады;

тізе буыны – бұғу, жазу: куәландырылушы шалқасынан жатады. Бұрыш өлшегіштің қозғалмайтын браншасы үлкен ұршықбаспен ортан жіліктің сыртқы айдаршығын байланыстырушы сызыққа параллельді, қозғалатын браншасы – кіші жіліншіктің басын сыртқы тобықпен байланыстырушы сызықпен параллельді орнатылады. Алдымен сирақты барынша бұғу, соңынан толық жазу жүргізіледі;

сирақ-табан буыны – табандық және сыртқа бұғу:

1) куәландырылушы шалқасынан жатады, табан 90 градус бұрышта;

2) бұрыш өлшегіштің қозғалмайтын браншасы кіші жіліншік басын сыртқы айдаршықпен байланыстырушы сызыққа параллельді, қозғалатын браншасы – табанның сыртқы (күмбез) бойымен орнатылады;

3) алдымен сыртқа бұғу, одан кейін табандық бұғу жүргізіледі.

34. Аяқ-қолдың ұзындығы сантиметрлік лентамен өлшенеді. Бірдей симметриялық айырым нүктелері аяқ-қолдың осін есепке ала отырып пайдаланылады. Қол үшін бұл ось тоқпан жіліктің басы және тоқпан жіліктің ұштық дөңесі, кәріжілік және шынтақ сүйектерінің басы арқылы, аяқтар үшін – мықынсүйектің алдыңғы үстіңгі осі арқылы, тізе тобығының ішкі қыры және бірінші саусақты байланыстырушы тік сызықпен өтеді. Аяқ-қолдардың қысқаруын анықтау үшін олардың шынайы (анатомиялық) және салыстырмалы ұзындығын салыстырудың зор маңызы бар. Буындардың анкилозы, контрактурасы, сирақтың ішке немесе сыртқа ауытқуы кезінде ұршық буынының патологиялық жай-күйінде ауру және сау аяқ-қолдың анатомиялық ұзындығы бірдей, ал ауру аяқ-қолдың салыстырмалы ұзындығы кем болуы мүмкін.

Аяқ-қолдың анатомиялық ұзындығы сегменттер бойынша, ал салыстырмалы ұзындығы – аяқ-қолдың басынан аяғына дейін тік сызық бойынша өлшенеді.

Иықтың анатомиялық ұзындығы тоқпан жіліктің үлкен төмпесінен шынтақ жілік өсіндісіне дейін, білектің анатомиялық ұзындығы – шынтақ жілік өсіндісінен шынтақ жіліктің біз тәрізді өсіндісіне дейін өлшенеді. Санның анатомиялық ұзындығы үлкен ұршық басы ұшынан тізе буынының буын саңылауына дейін, балтырдың ұзындығы – тізе буынының буын саңылауынан бастап сыртқы тобықтың төменгі жиегіне дейін өлшенеді. Әрбір аяқ-қолдың алынған өлшемдерінің сомасы оның анатомиялық ұзындығын құрайды.

Қолдың салыстырмалы ұзындығы жауырынның акромион өсіндісінен үшінші саусақтың ұшына дейінгі түзу сызық бойынша өлшенеді, аяқтың салыстырмалы ұзындығы – мықынсүйектің алдыңғы үстіңгі осінен аяқ басының табан шетіне дейін өлшенеді.

35. Омыртқаны зерттеу осьтік жүктемені орындаудан және ауырсыну нүктелерін анықтаудан басталады, ауырсыну нүктелерін омыртқалардың қылқанды өсінділерінің ұшын перкуссиялаумен және паравертебральды нүктелерді пальпациялаумен қосымша нақтылайды. Омыртқаның мойын бөлігіндегі қозғалыс көлемі басты ию мен басты бұру жолдарымен анықталады.

Қалыпты жағдайда басты алға ию 40 градусқа дейін мүмкін және иекті кеудеге тигізгенге дейін жүзеге асады, барынша артқа қарай июде шүйде көлденең қалыпта болады, бүйірге қарай ию – иық үстімен жанасқанға дейін жүзеге асады. Бастың екі жаққа бұрылуы 85 градусқа дейін мүмкін. Омыртқаның кеуде және бел бөлігіндегі бүйірлік қозғалыстар тік сызықтан 25 – 30 градус шегінде мүмкін.

Омыртқа алға-артқа қарай қозғалыстарға барынша қатысады. Омыртқаның алға-артқа қарай қозғалысының шектелуі куэландырылушының алға қарай белсенді бүгілуі кезінде айқындалады. Бұл кезде біркелкі доғаны құраудың орнына омыртқа түзу қалпында қалады және алға қарай еңкею ұршық буындарының бүгілуі есебінен жүзеге асады. Одан әрі еңкею куэландырылушының тізесін бұгу кезінде ғана мүмкін болады, бұл куэландырылушының еденнен шағын нәрсені көтеруі кезінде байқалады.

36. Омыртқа деформациясына күдік туындағанда қылқанды өсінділер ұштарының проекциясын теріде бриллиантты жасыл ерітіндісімен белгілейді. Омыртқа деформациясын өлшеуге болады. Бұл үшін тіктеуіш (салмақты зат байланған жіп) пайдаланылады, оны жетінші мойын омыртқасының қылқанды өсіндісінің үстіне жабысқақ пластырьмен бекітеді. Егер тіктеуіш бөксе аралық қатпардың үстінен тура өтсе, сколиоз теңгерілген болып саналады. Егер тіктеуіштің ауытқуы бар болса, кейіннен оны рентгенограмма деректерімен салыстыру үшін, ауытқу шамасын деформацияның бүкіл ұзына бойына өлшеу қажет. Жауырын мен омыртқа жиектерінің аралығындағы қашықтық симметриялық нүктелерде салыстырылады, дене күшін анықтау көрсеткіштері (динамометрияда) бағаланады. Омыртқаның айқын байқалған

деформациялары сыртқы тыныс алу функциясының бұзылуымен қатар жүретіндіктен, өкпенің тыныс алу сыйымдылығын, тыныс алудың минуттық көлемін, өкпедегі барынша ауа алмасуын және т.б. айқындау қажет.

Омыртқа деформациясының болуы омыртқаны дененің тік және көлденең қалпындағы рентгенологиялық зерттеумен расталады.

37. Табанның патологиялық өзгерістерін бағалау үшін (майтабан, деформациялар) Чижин мен Фридляндтің индекстері пайдаланылады. Чижиннің индексі (табан ізін өлшеу) мынадай болып анықталады: қағазға табан ізінің таңбасы түсіріледі. Іздің ені және іздің оймасының ені өлшенеді. Іздің енінің іздің оймасының еніне қатынасы жалпаю дәрежесін айқындайды:

0-ден 1-ге дейінгі индекс – норма;

1-ден 2-ге дейін – жалпаю;

2-ден жоғары – жалпақтабандық.

Жалпақтабандықты бағалау үшін мынадай формула бойынша Фридлянд индексі анықталады (табан күмбезінің жалпаюы): (күмбез биіктігі \times 100) табан ұзындығына бөлінген.

Күмбездің биіктігі еденнен бастап ладья тәрізді сүйектің ортасына дейін циркульмен өлшенеді. Қалыпты жағдайда Фридлянд индексі 30 – 28 миллиметрге, жалпақтабандықта – 27 – 25 миллиметрге тең.

Жалпақтабандықтың дәрежесі рентгендік зерттеу арқылы барынша сенімді белгіленеді. Салмақ түсіріліп, тік тұрған (аяқ киімсіз) қалыпта табанның профильдік түсірілімдері орындалады.

Ұзарған жалпақтабандылықты анықтау үшін рентгенограммаларда үш бұрышты салумен ұзына бойлық күмбез бұрышы және күмбездің биіктігі анықталады. Бұрыш қайықша сүйек – сына сүйек қосылысының төменгі шетінен өкшенің бұдыры ұшына және бірінші бақайшақ сүйегінің басына тартылған сызықтармен құралады. Күмбез биіктігі – ұзына бойы күмбез бұрышының биіктігінен үшбұрыш негізіне (өкше сүйегінің бұдырының беткейін бірінші бақайшақ сүйегінің басының табан бетін байланыстыратын сызық) түсірілген перпендикулярдың ұзындығы.

Көлденең жалпақтабандылық дәрежесінің сенімді критерийлері I бақайшақ сүйегі мен I саусақтың бұрыштық ауытқуларының параметрлері болып табылады. Оларды есептеу үшін табанның тікелей табандық проекциядағы рентгенологиялық зерттеуі жүргізіледі. Аталған жағдайда пациент рентген үстеліне арқасымен, екі аяғын тізе және ұршық буындарында бүгіп жатады. Рентгенограммаларда толарсақ сүйектері, бақай сүйектері, фалангалар, бақайшақ-фалангалық және фалангааралық буын саңылаулары жақсы көрінуі қажет.

Бойлық және көлденең жалпақтабандық дәрежесін бағалау өлшемшарттары Талаптарда сипатталған.

38. Функционалдык бұзылуларды бағалаудың маңызды өлшемшарты рентгенологиялық зерттеумен айқындалатын сүйек тінінің органикалық өзгерістері – табан буындарының деформациялаушы артрозы және оның айқындалу сатысы болып табылады. Табанның орта бөлігіндегі барлық буындардағы артроздың бар болуы бағалауға жатады. Ересектерде табанның буын саңылауларының ені рентгенологиялық тұрғыдан бірдей болады.

39. Куэландырылушы арқасымен жатқан күйде магистральді қан тамырларының соғуы пальпациялаумен және аускультация арқылы тексеріледі. Қажет болған кезде нитроглицеринді сынамамен осциллография, ангиография, флебография, реовазография, доплерография және қан айналымы жағдайының объективті көрсеткіштерін көрсететін басқа да зерттеулер орындалады.

Әртүрлі невроаскулярлы синдромдардағы бұғана асты артериясының қысылуын анықтау үшін мынадай әдісті қолданады: науқасқа отырып, қолдарын иық белдеуі деңгейінде көлденең бағытта созу ұсынылады, шынтақ буынында тік бұрышта бүгілген қолдар жоғары қаратылады. Бұдан кейін басты барынша ауру жаққа немесе қарама-қарсы жаққа бұру ұсынылады. Бұғана асты артериясының зақымдануының белгісі болып кәрі жілік артериясындағы пульстің әлсіреуі немесе толық жоғалуы табылады.

Басқа невроаскулярлы синдромдарда мынадай сынама пайдаланылады: егер артерия бұғана мен бірінші қабырға арасында қысылса, кәрі жілік артериясындағы пульс иықтарды жазу және түсіру кезінде әлсірейді немесе жоғалады. Артерияның қысылуы кеуденің кіші бұлшықеті мен жауырынның құстұмсық тәрізді өсіндісі арасында жүзеге асатын болса, пульс иықты көтергенде және шетке бұрғанда жоғалады.

7-тарау. Көру ағзасын зерттеу

40. Анамнезді жинау кезінде куэландырушының көру ерекшелігі анықталады. Шалдыққан ауруларына және алынған жалпы жарақаттарына, соның ішінде көру ағзасының жарақаттарына; көзге жасалған операциялық емдеуге, отбасында көру ағзасының тұқым қуалайтын ауруларының бар болуына көңіл аударылады. Әңгімелесу үдерісінде көз алмаларының орналасуы мен қозғалмалылығына, көзқарас бағытына, қабақтың жай-күйіне, кірпіктің жиегіне көңіл аударылады.

41. Көз функциясын зерттеу барынша аз шаршататын тәсілдерден басталады және мынадай кезектілікпен жүзеге асырылады:

Түс айырмашылығын зерттеу, отбасы мүшелерінен басқа, куэландырушылардың барлығында көбінесе межелік кестелерді пайдаланумен жүргізіледі, Рабкиннің полихроматикалық кестесін пайдалану жоққа шығарылмайды.

Жарық сезгіштікті межелік кестелердің көмегімен зерттеуді табиғи немесе күндізгі жарық шамдарымен жарықтандыру кезінде жүргізу ұсынылады. Жарықтандыру

деңгейі 500 – 1000 дейінгі люкс шегінде болуы қажет. Қыздыру шамымен және тікелей күн сәулелерімен жарықтандыруға болмайды. Куәландырылушы жарықтандыру көзіне (терезеге) арқасымен орналасады. Әрбір картаны куәландырылушыдан 1 метр қашықтықта, дәл оның көздерінің деңгейінде тік ұстап ұсыну қажет.

Куәландырылушы төртбұрыштың ашық жағының бағытын атайды немесе қолмен көрсетеді: жоғары, төмен, оңға, солға. Бір тестіні көрсетуге 5 секунд уақыт жеткілікті. Тест кестелерін көрсету тәртібін өз еркінше ауыстыру ұсынылады, ал кездейсоқ болжауды болдырмау үшін төртбұрыштың ашық жағын ауыстыра отырып, бір кестенің өзін кем дегенде үш рет ұсыну қажет.

Барлық 11 кестеге дұрыс жауап берілмеген жағдайда куәландырушылар барлығын дерлік анық айыруы тиіс фигура мен аяның түсі көрсетілген № 12 кесте ұсынылады. Бұл бақылау тестісі түсті көрмеушіліктің ықтимал симуляциясын анықтау үшін және зерттеу рәсімдерін көрсету үшін арналған. Қалған 11 карта тиісінше көздің үш түсті қабылдауының әрбірінің сезімталдығын жеке сынау үшін спектрдің қызыл бөлігінде (№ 1 – № 4 дейін), спектрдің жасыл бөлігінде (№ 5 – № 8 дейін) және спектрдің көк бөлігінде (№ 9 – № 11 дейін) барынша сезімталдығымен оның сандық мәніне тестілеу топтарына ұсынылады.

Бірінші тестілеу тобы (№ 1, 2, 3, 4) протопрофицит және протанопияны, екінші топ (№ 5, 6, 7, 8) – дейтодефицит және дейтеранопия, үшінші топ (№ 9, 10, 11) – тритопрофицитті анықтау үшін арналғанын назарға алу қажет.

Барлық тестілерді сенімді ажырату қалыпты трихромазияны дәлелдейді. Барлық тестілерді ажыратып, тек № 1, № 5 немесе № 9 тестілердің біреуін ажырата алмау I дәрежелі түс ажырату әлсіздігін көрсетеді. № 1, 2 немесе № 5, 6 немесе № 9, 10 тестілерді ажырата алмау түс ажыратудың орташа әлсіздігінің (II дәрежелі) көрінісі болып табылады. № 1, 2, 3 немесе № 5, 6, 7 немесе № 9, 10, 11 тестілерді ажырата алмау түс ажыратудың анық әлсіздігін (III дәрежелі) көрсетеді. № 1, 2, 3, 4 тестілерді ажырата алмау протанопияға, ал № 5, 6, 7, 8 тестілерін ажырата алмау – дейтеранопияға тән.

Екі немесе тіпті үш қабылдағыштың функциясы бұзылуы мүмкін. Мысалы, I дәрежелі протопрофициттің II дәрежелі дейтодефицитпен үйлескен түріндегі редукцияланған трихромазия.

Барлық тестіні ажыратушыда – күшті трихромазия, бір ғана қателік жіберушілерде – әлсіз трихромазия, бір топтағы барлық тестілерді тану мүмкіндігі жоқта – дихромазия, яғни түс соқырлығы.

42. Барлық куәландырушыларда көздің көру жітілігі зерттеледі. Ол Роттың жарық беру аппаратына орнатылған Головин-Сивцев кестесі бойынша айқындалады. Кесте 40 ватт электр шамымен жарықтандырылады.

Әр белгіні көрсету 2 – 3 секундтан аспайды.

Кесте терезелерге қарама-қарсы қабырғаға, төменгі жолдары еденнен 120 см арақашықтықта болу есебімен куәландырушыдан 5 м қашықтықта орналастырылады. Көздің көру жітілігі куәландырушы барлық белгілерді оқыған кестелер қатары бойынша ескеріледі. Тек көздің көру жітілігі 0,7; 0,8; 0,9; 1,0 сәйкес келетін қатарларды оқу кезінде жолдағы 1 белгіге ғана қателесуге жол беріледі. Көздің шамадан тыс көру жітілігін болдырмау үшін зерттеу кезінде көзді сығырайтуға жол берілмейді. 0,1-ден төмен көздің көру жітілігін анықтау үшін кәдімгі жарық беру аппаратында орналастырылған Поляктың оптотиптері пайдаланылады. Әрбір оптотип кемінде бес жағдайда көрсетеді, бұл ретте көздің көру жітілігі кемінде бес жағдайдың төртеуінен кем емес жағдайда дұрыс танылатын оптотип айқындайды.

Егер көздің көру жітілігі көрсеткіштерінің дұрыстығы күмән тудырса, зерттеудің бақылау әдістерін қолдану және көздің көру жітілігін қайта зерттеуді жүргізу қажет.

43. Рефракция аномалиясының дәрежесі мен сипаты барлық куәландырушыларда айқындалады және екі тәсілмен белгіленеді: субъективті –түзете отырып, көздің көру жітілігін айқындау жолымен және міндетті объективті – 1% мидриацил ерітіндісін, ал қажет болғанда 1% атропин ерітіндісін немесе Қазақстан Республикасы аумағында рұқсат етілген басқа да ұқсас дәрілік препараттарды тамызумен, циклоплегия жағдайында сиаскопия жолымен анықталады.

30 жастан асқан адамдарға мидриатиктерді тамызу көз ішіндегі қан қысымын зерттеуден кейін жүргізіледі.

Головин-Сивцевтің № 4 кестесін оқу үшін сынама қаріптің көмегімен айқын көрудің ең жақын нүктесін (аккомодация көлемін) айқындау қызметі сипаты көру функцияларының жай-күйіне жоғары талаптар қоятын адамдарға медициналық көрсетілімдер бойынша жүргізіледі. Тексерудің алынған нәтижелерін жас нормаларымен салыстыру керек.

44. Көру аумағын зерттеу медициналық көрсеткіштер бойынша периметрде (қарапайым немесе кескіндік) жүргізіледі.

Медициналық көрсеткіштер бойынша кампиметрия жүргізіледі. Түнде көруді тексеру (қараңғыға бейімделу) қызметі түнгі уақытта ұзақ уақыт көздің көруіне күш түсіруді қажет ететін адамдарға Семикопный аспабында немесе Кравков-Вишневский камерасында жүргізіледі.

45. Көру ағзасының анатомиялық жай-күйін зерттеу белгілі бір жүйелілікпен барлық куәландырылушыларға жүргізіледі. Басында көздің қорғау аппаратының жай-күйі айқындалады. Бұл ретте қас аумағының жай-күйіне, көз ұяларының пішіні мен бірдейлігіне, қабақтың, кірпіктердің орналасуы мен жай-күйіне, интермаргинальдық кеңістікке, қабақ конъюнктиваларының үстінің беткейлері сипаты мен түсіне, оларда тыртықтардың болуына назар аударылады.

Көз жасы аппаратын зерттеу кезінде көз жасы нүктелерінің орналасуы мен айқындылығы, оның аймағын басу арқылы көз жасы қабының жай-күйі ескеріледі. Көз

жасын бөлудің бұзылуына күмән болғанда және жас аққанда түсті каналдық және көз жасы-мұрын сынамасының (3% колларгол ерітіндісімен немесе 2% флюоресцеин ерітіндісімен немесе ҚР аумағында рұқсат еткен басқа да ұқсас дәрілік препараттардың) көмегімен көз жасын бөлу функциясын тексеру қажет.

Теріс немесе баяу сынама алынған кезде көз жасы жолдарының анатомиялық өткізгіштігін оларды жуу жолымен тексеру қажет.

46. Көздің алдыңғы кесінділерінің және бөлінген орталарының жай-күйі туралы қорытынды бүйірден жарықтандыру кезінде, өтпелі жарықта және саңылаулық шаммен тексеруден кейін шығарылады.

47. Көз түбін зерттеу барлық куәландырылушыларда 0,5% тропикамид немесе 1% мидриацил ерітіндісін құюмен ішінара циклоплегия жағдайында айналы офтальмоскоптың (кері офтальмоскопия) көмегімен және қажет болғанда электр офтальмоскоптың, үлкен рефлекссіз офтальмоскоптың немесе саңылаулы шамның көмегімен жүргізіледі.

48. Көзді қозғалтатын аппаратты зерттеу кезінде әрбір көздің қозғалмалылығына және қыликөзділікті, нистагмды, конвергенция жағдайын анықтау мақсатында бинокулярлық қозғалысқа назар аударылады. Қыликөзділік дәрежесі майшамы бар периметр доғасының көмегімен анықталады және градуспен көрсетіледі, сондай-ақ Меддокс шкаласының көмегімен анықталады. Практикалық мақсаттарда қыликөзділік бұрыштарын айналы офтальмоскоппен Гиршбергтің әдісі бойынша өлшеген қолайлы. Қыликөзділік шамасы градуспен мөлдірқабакқа жарық рефлексінің қалпы бойынша бағаланады. Егер офтальмоскоптан рефлекс қарашықтың жиегімен орналасса, онда қыликөзділік бұрышы 15 градусқа тең, егер нұрлы қабақтың ортасында болса – 25 – 30, лимбте болса – 45, лимбтің артында болса – 60 және одан көп градусқа тең.

Көз алмасы қозғалмалылығының байқалатын шектелуімен қоса болмайтын диплопияға шағым болған жағдайда қосарлы бейнелерді қызыл шынымен тексеру жүргізеді.

Нистагм анықталған жағдайда оның сипаты мен шығу тегін анықтау керек. Нистагмның себебі көз патологиясы деп есептеуге негіздер болмаған жағдайларда невропатолог пен оториноларингологтың консультациясы қажет. Көз қиығындағы нистагм қызметке қарсы көрсетілім болып табылмайды.

49. Қарашық реакцияларын зерттеу барлық куәландырылушыларда жүргізіледі. Бинокулярлық көру I және II бағандар бойынша және медициналық көрсетілімдер бойынша куәландырылатын қызметі көзге ұзақ уақыт күш түсіруді қажет ететін ұшқыштар құрамында анықталады. Бинокулярлық көруді тексеру үлкен диплоскопта, түстер тестісінде (поляроидтық көзілдіріктерді пайдалана отырып) жүргізіледі.

Көз ішіндегі қан қысымын зерттеу пальпаторлы түрде барлық куәландырылушыларда жүргізіледі. 40 жастан асқан барлық адамдарға Маклаков тонометрінің көмегімен тонометрия жүргізіледі.

8-тарау. ЛОР-ағзаларын зерттеу

50. Куәландырушының құлағын, мұрнын, тамағын зерттеу шудан оқшауланған, ұзындығы кемінде 6 метр бөлмеде жүргізіледі. Объективті зерттеу қараңғыланған бөлмеде және бүйірдегі жасанды жарық көзі бар бөлмеде жүргізіледі. Бөлмеде бір уақытта екі куәландырушыдан артық болмайды. Құлақ естігіштігін зерттеу үшін еденде және қабырға бойына алдын ала бір метр және жарты метр арақашықтықтар белгіленеді. Зерттеу сыртқы қарап-тексеруден басталады, содан кейін сезу, мұрынмен демалу және есту зерттеледі.

51. ЛОР-ағзаларын зерттеу шағымдарды анықтауды, анамнезді зерделеуді, ЛОР-ағзалардың эндоскопиясы мен функцияларын зерттеуді қамтиды.

Анамнезді жинау кезінде куәландырылушыдан бұрын шалдыққан құлақ, тамақ, мұрын аурулары (бұрын құлақтан ірің ағу, ангина, жиі немесе ұзақ мұрынның бітуі, тербелуге жоғары сезгіштік) анықталады. Бұл ретте бір уақытта сөйлеу ақаулары, олардың сипаты мен айқын көріну дәрежесі анықталады.

52. Есту ағзасын зерттеуді құлақ қалқанын, емшек тәрізді өсінділерді, құлақ бүртіктері және оған жақын жерлерді қарап-тексеруден және пальпациялаудан, олардың сезгіштігін айқындаудан бастау қажет.

Сыртқы есту жолын қарап-тексеру үшін куәландырылушы есту жолының жалғастырылған осі рефлектор шашатын жарық сәулелерінің бағытымен сәйкес келетіндей етіп, шамамен бас шеңберінің төрттен біріне қарай бұруы керек.

Құлақ қалқанын жоғары және артқа қарай тарту керек, бұл сыртқы есту жолының бастапқы бөлігін тіктеуге мүмкіндік береді. Шектеулі гиперемия және сыртқы есту жолының жарғақты-шеміршекті бөлігі терісінің ауыруы сыздауыққа тән. Бөлінген гиперемия, ісінгендік, мардымсыз шығуы, эпителидің десквамациясы сыртқы есту жолының диффуздық қабынуын көрсетеді.

Содан кейін құлақ құйғысының көмегімен дабыл жарғағы қаралады. Дабыл жарғағында қабыну үдерісі болған жағдайда жарық рефлексі жоғалады немесе өзгереді, қан жүретін тамырлардың инъекциясы, гиперемия байқалуы мүмкін. Ортаңғы құлақтың созылмалы іріңді қабынуы кезінде дабыл жарғағындағы перфорациялық тесік ұзақ уақыт сақталады, ол арқылы ірің бөлінеді, грануляцияларды, полиптер, холестеатоманы жиі байқауға болады.

(жарақаттанушының әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), туған жылы)

_____ 20 ____ ж. " ____ "

(мертіккен (жараланған, жарақаттанған, контузия алған) кездегі жағдайлар және оның түрі, сипаты,

оқшаулау көрсетілсін)

Мертігу (жаралану, жарақаттану, контузия алу):

1) әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде;

2) әскери қызмет міндеттерін орындаумен байланысты емес, сәтсіз жағдай нәтижесінде алынды (керегінің асты сызылсын, керек емесі сызылып тасталсын).

Анықтама _____ ұсыну үшін берілді.

(анықтама ұсынылатын мекеме, ұйым атауы)

Командир (бастық) _____

(әскери атағы, қолы, атының инициалы, тегі)

М.О

(әскери бөлімнің (мекеменің)

бұрыштамалық мөртаңбасы)

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштерінде әскери-
дәрігерлік сараптаманы
жүргізу қағидаларына
15-қосымша
Нысан

Әскери-медициналық

мекеменің

бұрыштамалық

мөртаңбасы

Маманның еңбек шарттары мен жұмыс орнының санитариялық-гигиеналық сипаттама картасы

1. Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) _____

2. Жасы (толық жыл) _____

3. Әскери атағы _____

4. Әскери бөлім _____

5. Әскери-есептік мамандығы _____

6. Әскери-есептік мамандық бойынша қызметі (оның ішінде осы әскери бөлімде) _____

(жыл, ай)

7. Қорғау шараларын сақтау:

1) дербес _____

(сақталды, сақталмады)

2) ұжымдық _____

(сақталды, сақталмады)

№	Жұмыс орнының атауы	Орын-далатын жұмыс	Негізгі кәсіби зияндылық сипаты			Қосымша факторлар, өлшем бірлігіндегі атауы, жұмыс ауысымына ықпал ету ұзақтығы, айы, жылы	Ескертпе
			Кәсіби зияндылық атауы	Өлшем бірлігіндегі мөлшері (шоғырлану, деңгейі, саны)	Қосымша факторлар, өлшем бірлігіндегі атауы, жұмыс ауысымына ықпал ету ұзақтығы, айы, жылы		
1	2	3	4	5	6	7	8

9. Кәсіби зияндылықтың организмге ықпал етуі туралы қорытынды (жүйелі түрде, кезең-кезеңімен, төтенше жағдайларда)

Командир (бастық) _____

(әскери білім (мекеме), әскери атағы, қолы, атының инициалы, тегі)

Медицина қызметінің бастығы _____

(әскери атағы, қолы, атының инициалы, тегі)

Санитариялық-эпидемиологиялық мекеменің маман-дәрігері _____

(әскери атағы, қолы, атының инициалы, тегі)

Толтыруға түсініктеме:

1. Картада "қызмет бабында пайдалану үшін" белгісінен жоғары емес деректер келтіріледі.

2. Фактор мөлшері санитариялық-эпидемиологиялық мекеме дәрігерлерінің жұмыс орнын (нысанын) карап-тексеру актісінің деректері, объектінің санитариялық паспорты

және осы факторлар деңгейін (шоғырлануын) өлшеу деңгейін есепке алу журналы негізінде көрсетіледі.

5-бағанда факторлардың ең аз және ең көп мөлшері жазылады.

8-бағанда тергеп-тексеру нөмірі мен күнін көрсетумен авариялық жағдай, сондай-ақ картадан есепке алынбаған басқа да жағдайлар белгіленеді.

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштерінде әскери-
дәрігерлік сараптаманы жүргізу
қағидаларына 16-қосымша
Нысан

Фотосурет орны
(қорғаныс істері бөлімінің
(басқармасының)
елтаңбалы мөрі)

Запастағы азаматты медициналық куәландыру картасы

Ескерту. 16-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Тегі, аты, әкесінің аты (болса) _____

2. Туған күні _____

3. Әскери атағы _____

4. Әскери-есептік мамандығы _____

5. Зерттеу нәтижесі:

Зерттеу	20__ жылғы "___" _____	20__ жылғы "___" _____
Жалпы қан талдауы		
Жалпы несеп талдауы		
Мерезге микропреципитация реакциясы (микрореакция)		
ЭКГ зерттеуі		
Кеуде қуысы органының флюорографиясы		
Мұрын қосалқы қуысының рентгенограммасы		
Көздің ішкі қысымы		
Қантқа қан талдауы		
Басқа да мәліметтер (зерттеу)		

Бойы/дене салмағы		
Маман-дәрігер:	20__ жылғы " __ " _____	20__ жылғы " __ " _____
Хирург		
Терапевт		
Невропатолог		
Окулист		
Оториноларинголог		
Стоматолог		
Медициналық комиссия қорытындысы	20__ жылғы " __ " _____	20__ жылғы " __ " _____
Диагнозы		
	<p>Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 722 б ұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында қызмет ету үшін адамдардың денсаулық жағдайына қойылатын талаптар (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21863 болып тіркелген) _____ бағанының тармағы/тармақшасы _____</p> <p>негізінде _____ (әскери қызметке, әскери-есептік мамандық бойынша қызметке жарамдылық санаты көрсетілсін). Комиссия төрағасы _____</p> <p>(қолы, инициалы, тегі) Комиссия хатшысы _____</p> <p>_____ (қолы, инициалы, тегі)</p>	<p>Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 722 б ұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында қызмет ету үшін адамдардың денсаулық жағдайына қойылатын талаптар (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21863 болып тіркелген) _____ бағанының тармағы/тармақшасы _____</p> <p>негізінде _____ (әскери қызметке, әскери-есептік мамандық бойынша қызметке жарамдылық санаты көрсетілсін). Комиссия төрағасы _____</p> <p>(қолы, инициалы, тегі) Комиссия хатшысы _____</p> <p>_____ (қолы, инициалы, тегі)</p>

Ескертпе: "Диагнозы" деген бөлімде сараптамалық маңыздылық тәртібінде АХЖ-ға сәйкес ауыру немесе мертігу коды көрсетіледі. Бірінші орынға куәландырылушының әскери қызметке жарамдылық санаты туралы сараптамалық қорытынды шығаруға негіз болған негізгі ауыруы (жаралану, контузия алу, жарақаттану, мертігу салдары) шығарылады. Содан кейін негізгі ауырумен этиопатогенетикалық байланысты басқа ауыру (жаралану, контузия алу, жарақаттану, мертігу салдары) көрсетіледі. Одан әрі әскери қызметке, әскери-есептік мамандық бойынша қызметке жарамдылығын аз

дәрежеде шектейтін немесе зиянды факторы бар және негізгі ауырумен байланысты емес барлық ілеспе ауыру көрсетіледі. Соңында талаптардың тиісті тармақтарын қолдануға негіз бермейтін диагноз көрсетіледі.

Талаптардың тармақтары мен тармақшалары белгілеген ауыру диагнозы сияқты тәртіппен көрсетіледі. Бірінші негізгі ауыруды көздейтін Талаптар тармағы, содан кейін ауырлық дәрежесіне, функционалдық бұзылуға байланысты барлық басқа тармақ көрсетіледі. Әскери қызметке жарамдылық санатын өзгертпейтін талаптардың тармақтары мен тармақшалары көрсетілмейді.

Әскери қызметке (әскери-есептік мамандық бойынша қызметке) жарамдылық санаты туралы медициналық комиссияның қорытындысы осы Қағидалардың 17-қосымшасында көзделген тұжырыммен шығарылады, бұл тұжырымды өзгертуге немесе қысқартуға рұқсат етілмейді.

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштерінде әскери-
дәрігерлік сараптама
жүргізу қағидаларына
17-қосымша
Нысан

Жергілікті атқарушы органдар медициналық комиссияларының және штаттан тыс (уақытша , тұрақты әрекеттегі) әскери-дәрігерлік комиссияларының қорытындылары

Ескерту. 17-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 14.07.2022 № 522 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жергілікті атқарушы органдар медициналық комиссиялары, штаттан тыс (уақытша, тұрақты әрекеттегі) әскери-дәрігерлік комиссиялары қорытындыларын мыналарға шығарады:

1. Әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу, әскерге шақыру бойынша әскери қызметке шақыру кезінде мынадай азаматтарға қатысты:

әскери қызметке жарамды;

әскери қызметке шамалы шектеулермен жарамды;

кейіннен медициналық куәландырумен тексеруге (емдеуге) мұқтаж;

әскери қызметке _____ айға уақытша жарамсыз (жіті ауру немесе созылмалы аурудың асқынуы, мертігу болған кезде (жүргізілген емдеуден кейін));

әскери қызметке бейбіт уақытта жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды;

әскери есептен шығарумен әскери қызметке жарамсыз.

2. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орындарына түсетін азаматтарға қатысты:

_____ оқуға түсуге жарамды (жарамсыз).

(оқу орнының атауы)

3. Техникалық және кәсіби, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орындарына, оның ішінде шет мемлекеттердің, жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедраларға түсетін азаматтарға және әскери қызметшілерге қатысты:

_____ оқуға түсуге жарамды (жарамсыз).

(оқу орнының атауы)

4. Жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедраларда запастағы офицерлер мен запастағы сержанттарды даярлау бағдарламалары бойынша әскери даярлықтан өтуге ниет білдірген азаматтарға қатысты:

әскери кафедрада запастағы офицерлерді (сержанттарды) даярлау бағдарламасы бойынша оқуға жарамды (жарамсыз);

әскери (оқу-жаттығу) жиындарға жарамды (жарамсыз).

5. Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін адамдарға қатысты:

келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге жарамды;

келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге жарамды, _____

_____ (әскер түрінде (тегінде) немесе әскери-есептік мамандықтар бойынша жарамдылық санаты көрсетіледі);

кейіннен медициналық куәландырумен тексерілуге мұқтаж;

медициналық куәландыруға келмеуіне (толық тексерілмеуіне) байланысты қорытынды шығарылған жоқ;

келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге жарамсыз.

6. Әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге (офицерлерден басқа) қатысты:

әскери қызметке жарамды;

әскери қызметке шамалы шектеулермен жарамды;

әскери қызмет міндеттерін орындаудан _____ тәулікке босатылсын (әскери бөлім медициналық пунктiнiң лазаретiне жатқызылады);

әскери қызмет міндеттерін орындаудан _____ тәулікке ішінара (қандай жұмыс түрінен, сабақтан, нарядтан екені көрсетілсін) босатылсын;

ауруы бойынша _____ тәулікке демалыс берілсін;

кейіннен медициналық куәландырумен ауруы бойынша _____ (жүргізу орны көрсетілсін) _____ тәулікке демалыс берілсін;

әскери қызметке бейбіт уақытта жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды;

әскери есептен шығарумен әскери қызметке жарамсыз.

7. Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге, әскери оқу орындары курсанттарына (кадеттеріне) және әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін офицерлерге қатысты:

әскери қызметке жарамды;

әскери қызметке шамалы шектеулермен жарамды;

___ айдан кейін кейіннен медициналық куәландырумен шамалы шектеулермен әскери қызметке жарамды;

_____ оқуға түсуге жарамды (жарамсыз);

(әскери оқу орнының, факультет атауы көрсетілсін)

әскери қызметке шамалы шектеулермен жарамды, _____

_____ оқуға түсуге жарамсыз;

(әскери оқу орнының, факультет атауы көрсетілсін)

_____ айдан кейін қайта медициналық куәландырылуға жатады (мерзімі көрсетілсін) (қорытынды соғыс уақытына шығарылады);

ауруы бойынша _____ тәулікке демалыс берілсін;

_____ кейіннен медициналық куәландырумен ауруы бойынша (жүргізу орны көрсетілсін) _____ тәулікке демалыс берілсін;

әскери қызмет міндеттерін орындаудан _____ тәулікке босатылсын;

әскери қызмет міндеттерін орындаудан _____ тәулікке ішінара _____ босатылсын; (қандай жұмыс түрінен, сабақтан, нарядтан екені көрсетілсін)

әскери қызметке шектеулі жарамды;

әскери қызметке бейбіт уақытта жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды;

әскери есептен шығарумен әскери қызметке жарамсыз;

әскери есептен шығарумен әскери қызметке жарамсыз, шығаруды ресімдеу үшін қажетті, бірақ 30 тәуліктен аспайтын мерзімге әскери қызмет міндеттерін орындаудан босатылуға жатады.

8. Он сегіз жасқа толмаған курсанттарға (кадеттерге) қатысты:

_____ оқуға жарамды (жарамсыз);

(әскери оқу орнының, факультет атауы көрсетілсін)

әскери қызмет міндеттерін орындаудан _____ тәулікке босатылсын;

әскери қызмет міндеттерін орындаудан _____ тәулікке ішінара (қандай жұмыс түрінен, сабақтан, нарядтан екені көрсетілсін) босатылсын.

9. Танкілерді және басқа да машиналарды су астында жүргізуге жарамдылығын айқындау үшін куәландырылатын, әскери жиыннан өтетін әскери қызметшілерге, азаматтарға қатысты:

танкілерді және басқа да машиналарды су астында жүргізуге жарамды;

_____ айдан кейін қайта медициналық куәландырумен танкілерді және басқа да машиналарды су астында жүргізуге уақытша жарамсыз;
кейіннен медициналық куәландырумен тексерілуге жатады;
танкілерді және басқа да машиналарды су астында жүргізуге жарамсыз

(әскери қызметке жарамдылығы көрсетілсін)

10. Десанттық-шабуылдау әскерлерінің және арнайы мақсаттағы бөлімдер әскери қызметшілеріне қатысты:

Десанттық-шабуылдау әскерлерінде (арнайы мақсаттағы бөлімдерде) қызметке жарамды;

_____ айдан кейін қайта медициналық куәландырумен парашютпен секіруге уақытша жарамсыз;

кейіннен медициналық куәландырумен тексерілуге жатады;

Десанттық-шабуылдау әскерлерінде (арнайы мақсаттағы бөлімдерде) қызметке жарамсыз

(әскери қызметке жарамдылық санаты көрсетілсін)

11. Әскери-теңіз күштерінің әскери қызметшілеріне қатысты:

Әскери-теңіз күштерінде қызметке жарамды;

_____ айдан кейін қайта медициналық куәландырумен Әскери-теңіз күштерінде қызметке уақытша жарамсыз (келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге қатысты шығарылады);

кейіннен медициналық куәландырумен тексерілуге жатады;

Әскери-теңіз күштерінде қызметке жарамсыз, _____

(әскери қызметке жарамдылық санаты көрсетілсін)

12. Жауынгер жүзгіштер мен сүңгуірлер құрамына қатысты:

_____ метрге дейінгі тереңдікте жауынгер жүзгіш қызметіне жарамды;

сүңгуір жұмысына жарамды;

_____ метрге дейінгі тереңдікте сүңгуірлер жұмысына жарамды;

_____ метрге дейінгі тереңдікте тереңге сүңгітін сүңгуір жұмысына жарамды;

_____ метрге дейінгі тереңдікте акванавт жұмысына жарамды;

_____ метрге дейінгі тереңдікте жауынгер жүзгіш қызметіне жарамсыз;

акванавт жұмысына жарамсыз, _____ метрге дейінгі тереңдікте тереңдікке сүңгітін сүңгуір жұмысына жарамды;

тереңдікке сүңгітін сүңгуір жұмысына жарамсыз, _____ метрге дейінгі тереңдіктегі жұмысқа сүңгуір ретінде жарамды;

кейіннен медициналық куәландырумен стационарлық (амбулаторлық) тексерілуге жатады;

_____ айдан кейін (мерзімі көрсетілсін) қайта куәландырумен жауынгер жүзгіш қызметіне (сүңгуір жұмысына) уақытша жарамсыз;

жауынгер жүзгіш қызметіне жарамсыз _____

—;

(әскери қызметке жарамдылығы көрсетіледі)

сүңгуір жұмысына жарамсыз _____

—.

(әскери қызметке жарамдылығы көрсетіледі)

13. Радиоактивті заттармен, иондаушы сәулелендіру көздерімен, зымыран отынының компоненттерімен, электр-магниттік өріс және лазерлік сәулелендіру көздерімен жұмыс үшін іріктеп алынатын әскери қызметшілерге, азаматтық персонал адамдарына қатысты:

_____ қызметке (жұмысқа) жарамды

;

(зиянды фактор көрсетілсін)

_____ қызметке (жұмысқа) уақытша жарамсыз;

(зиянды фактор көрсетілсін)

_____ айдан кейін медициналық куәландырылуға жатады;
кейіннен медициналық куәландырумен тексерілуге жатады;

_____ қызметке (жұмысқа) жарамсыз;

(зиянды фактор көрсетілсін)

—.

(әскери қызметшілер үшін әскери қызметке жарамдылық санаты көрсетілсін)

14. Әскери жиындарға шақырылатын азаматтарға қатысты:

әскери жиындарға жарамды (жарамсыз);

әскери жиындарға шақырудан босатылуға уақытша мұқтаж.

15. Есепке алу мақсатында куәландырылатын азаматтарға қатысты:

әскери қызметке жарамды;

шамалы шектеулермен әскери қызметке жарамды;

әскери қызметке шектеулі жарамды;

әскери қызметке бейбіт уақытта жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды;

әскери есептен шығарумен әскери қызметке жарамсыз.

16. Оқу-жаттығу бөлімдеріне іріктелетін әскери қызметшілерге және оқу-жаттығу бөлімдерінің курсанттарына қатысты:

оқу-жаттығу бөлімінде оқуға жарамды (белгілі бір әскери-есептік мамандық бойынша);

кейіннен медициналық куәландырумен тексерілуге жатады;

оқу-жаттығу бөлімінде оқуға жарамсыз (белгілі бір әскери-есептік мамандық бойынша)

—
(әскери қызметке жарамдылық санаты көрсетілсін)

17. Егер ол қоныс аударуға байланысты болса, басқа әскери-медициналық мекемеде немесе медициналық денсаулық сақтау ұйымында емдеуді жалғастыру үшін әскери қызметшілерге қатысты:

емдеуді жалғастыру үшін _____

(әскери-медициналық мекеме немесе медициналық денсаулық

_____ ауыстыруға
мұқтаж.

сақтау ұйымының атауы және оның орналасқан жері көрсетілсін)

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштерінде әскери-
дәрігерлік сараптама жүргізу
қағидаларына
18-қосымша

Штаттық әскери-дәрігерлік комиссия сарапшысының қорытындысы

1. Қаралатын мәселе _____

—
(сараптамалық құжатты бекіту немесе бақылау көрсетілсін)

2. Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) _____

—
3. Туған жылы _____

4. Әскери атағы _____

5. Әскери бөлім _____

—
6. Қаралған құжаттар:

1) ауру тарихы _____

(нөмірі, күні, қайдан келіп түскені көрсетілсін)

2) ауруы туралы куәлік, анықтама _____

—
(нөмірі, күні, қайдан келіп түскені көрсетілсін)

3) басқа да құжаттар

(медициналық кітапша, жарақаттануы туралы анықтама және басқалар)

7. Қаралатын мәселе бойынша ескертулер:

1) ауру тарихын жүргізу бойынша: _____

2) емдеу-диагностикалау іс-шараларын жүргізу бойынша: _____

3) сараптамалық диагноз бойынша: _____

4) сараптамалық құжатты және (немесе) ӘДК қорытындысын ресімдеу бойынша: _____

8. Сарапшы қорытындысы _____

9. Нұсқаулар:

1) _____

2) _____

3) _____

4) _____

Сарапшы-дәрігер _____

(әскери атағы, қолы, атының инициалы, тегі)

20 __ жылғы " __ " _____

Бөлімше бастығы _____

(әскери атағы, қолы, атының инициалы, тегі)

20 __ жылғы " __ " _____

Комиссия төрағасы (комиссия төрағасының орынбасары)

(әскери атағы, қолы, атының инициалы, тегі)

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштерінде әскери-
дәрігерлік сараптама жүргізу
қағидаларына
19-қосымша
Нысан

Әскери-медициналық

мекеменің (әскери-дәрігерлік
комиссияның)
бұрыштамалық мөртаңбасы

Сот ұйғарымы бойынша анықтама _____
_____ (сот атауы, № , күні)

20 ____ жылғы " ____ " _____ әскери-дәрігерлік комиссия (
дәрігерлік-ұшқыш комиссиясы) _____

(ӘДК, ДҰК атауы)

1. Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) _____

2. Туған күні _____

3. Әскери атағы _____ әскери бөлімі _____

4. Атқаратын лауазымы _____

5. Тексеру нәтижелері (қорытындылар) _____

20 ____ жылғы _____ № _____ хаттама

Комиссия төрағасы _____

М.О. _____ (әскери атағы, қолы, атының инициалы, тегі)

Комиссия хатшысы _____

(әскери атағы, қолы, атының инициалы, тегі)

Комиссияның пошталық мекенжайы _____

Ескертпе. Анықтама нөмірі куәландырылушы әскери-дәрігерлік комиссия
отырыстарының хаттамалары кітабында жазылған реттік нөміріне сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштерінде әскери-
дәрігерлік сараптама
жүргізу қағидаларына
20-қосымша
Нысан

Дәрігерлік-ұшқыш комиссиясының қорытындысы

Ескерту. 20-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Дәрігерлік-ұшқыш комиссиясы медициналық куәландыру нәтижесі бойынша Авиацияға қойылатын талаптарға сәйкес мынадай қорытынды шығарады:

1. Авиациялық персонал даярлайтын әскери оқу орнына оқуға түсетін азаматтарға қатысты:

I баған бойынша авиациялық персонал даярлайтын әскери оқу орнының ұшқыш мамандығына оқуға түсуге жарамды (жарамсыз).

2. Әуе кемесін, пилотсыз әуе кемесін ұшуда пайдалану мамандығы бойынша оқитын авиациялық персоналды даярлайтын әскери оқу орнының курсанттарына (тыңдаушыларына) қатысты:

1) ұшу практикасы басталғанға дейін:

I баған бойынша ұшуға үйретуге жарамды;

I баған бойынша ұшуға үйретуге жарамсыз, _____ (он сегіз және одан үлкен жастағы курсанттардың әскери қызметке жарамдылық санаты көрсетілсін);

2) ұшу практикасы басталғаннан кейін (ұшқыш мамандығына және авиация түріне байланысты):

II – V бағандар бойынша ұшуға үйретуге жарамды;

IV – V бағандар бойынша ұшуға үйретуге жарамды;

V баған бойынша ұшуға үйретуге жарамды;

VII баған бойынша ұшуға үйретуге жарамды;

II – V бағандар бойынша ұшуға үйретуге жарамсыз, _____ (VII баған бойынша жарамдылығы көрсетілсін), _____ (егер VII баған бойынша ұшуға үйретуге жарамсыз болса, он сегіз және одан үлкен жастағы курсанттардың әскери қызметке жарамдылық санаты көрсетілсін);

VII баған бойынша ұшуға үйретуге жарамсыз, _____ (он сегіз және одан үлкен жастағы курсанттардың әскери қызметке жарамдылық санаты көрсетілсін);

3) авиациялық персоналды даярлайтын әскери оқу орнын аяқтағаннан кейін (оқу бітірген кезде):

II – V бағандар бойынша ұшу жұмысына шектеусіз жарамды;

IV – V бағандар бойынша көлік ұшағының және тікұшағының барлық түріндегі ұшу жұмысына жарамды;

V баған бойынша барлық тікұшақ түріндегі ұшу жұмысына жарамды;

VII баған бойынша ұшуға басшылық жасауға жарамды;

VII баған бойынша пилотсыз әуе кемесін басқаруға жарамды;

II – V бағандар бойынша ұшу жұмысына жарамсыз, _____ (VII баған бойынша жарамдылығы көрсетілсін), _____ (егер VII баған бойынша жарамсыз болса, әскери қызметке жарамдылық санаты көрсетілсін);

VII баған бойынша ұшуға басшылық жасауға жарамсыз, _____ (әскери қызметке жарамдылық санаты көрсетілсін);

VII баған бойынша пилотсыз әуе кемесін басқаруға жарамсыз, _____ (әскери қызметке жарамдылық санаты көрсетілсін);

4) барлық курсант (ұшу мамандығына және авиация түріне қарамастан):

стационарлық медициналық куәландыруға (тексеруге, емдеуге) жіберілуге тиіс;

_____ (орны көрсетілсін) кейіннен медициналық куәландырумен ауыруы бойынша _____ тәулікке демалыс берілсін (ұзартылсын);

сынып сабағына қатысумен барлық жұмыс пен нарядтан _____ тәулікке босатылсын;

кейіннен медициналық куәландырумен _____ тәулік мерзімге әскери қызметтің басқа міндеттерін атқарумен ұшудан босатылсын.

3. Ұшу даярлығы бейіні бойынша әскери академияға оқуға түсетін әскери қызметшілерге қатысты:

_____ (әскери академия және факультет атауы көрсетілсін) оқуға түсуге жарамды (жарамсыз).

Соңғы іріктеу кезінде денсаулық жағдайы бойынша ұшуға үйрету бейіні бойынша әскери академияға оқуға түсуге жарамсыз деп танылған әскери қызметшілерге дәрігерлік-ұшқыш комиссиясы ұшу жұмысына жарамдылығы туралы қорытынды шығарады.

4. Ұшқышқа қатысты:

1) II – V бағандар бойынша ұшу жұмысына шектеусіз жарамды;

2) II – V бағандар бойынша меңгерген ұшақ түрінде ұшу жұмысына жарамды;

3) II – V бағандар бойынша жылдамдығы дыбыстан тез ұшақты қоспағанда, ұшу жұмысына жарамды;

4) II – V бағандар бойынша екінші пилот болған кезде қоса басқарылатын оқу-жаттығу (оқу-жауынгерлік) ұшағындағы ұшу жұмысына жарамды;

5) II – V бағандар бойынша ұшқыш-оператор (ұшқыш-штурман) болып ұшу жұмысына жарамды;

6) II – V бағандар бойынша 7 бірліктен асатын пилотаждық артық жүктемені орындауды қоспағанда, ұшу жұмысына жарамды;

7) III – V бағандар бойынша барлық бомбалаушы түріндегі ұшу жұмысына жарамды;

8) III – V бағандар бойынша бір жерден басқарылатын жылдамдығы дыбыстан тез ұшақты қоспағанда, барлық бомбалаушы түрінде ұшу жұмысына жарамды;

- 9) IV – V бағандар бойынша барлық көліктік ұшақ пен тікұшақ түрінде ұшу жұмысына жарамды;
- 10) IV – V бағандар бойынша барлық көліктік және поршеньді ұшақ түрінде ұшу жұмысына жарамды;
- 11) IV – V бағандар бойынша _____ (әуе кемесінің түрі көрсетілсін) ұшу жұмысына жарамды;
- 12) V баған бойынша барлық тікұшақ түрінде ұшу жұмысына жарамды;
- 13) V баған бойынша екінші пилот болған кезде барлық тікұшақ түрінде ұшу жұмысына жарамды;
- 14) V баған бойынша корабльге қонатын тікұшақты қоспағанда, барлық тікұшақ түрінде ұшу жұмысына жарамды;
- 15) V баған бойынша меңгерілген тікұшақ түрінде ұшу жұмысына жарамды;
- 16) V баған бойынша жоғары-маневрлі тікұшақты қоспағанда, барлық тікұшақ түрінде ұшу жұмысына жарамды;
- 17) V баған бойынша _____ (әуе кемесінің түрі көрсетілсін) ұшу жұмысына жарамды;
- 18) II – V бағандар бойынша ұшу жұмысына жарамсыз, _____ (VII баған бойынша жарамдылығы көрсетілсін), _____ (егер VII баған бойынша жарамсыз болса, әскери қызметке жарамдылық санаты көрсетілсін);
- 19) III – V бағандар бойынша ұшу жұмысына жарамсыз, _____ (VII баған бойынша жарамдылығы көрсетілсін), _____ (егер VII баған бойынша жарамсыз болса, әскери қызметке жарамдылық санаты көрсетілсін);
- 20) IV – V бағандар бойынша ұшу жұмысына жарамсыз, _____ (VII баған бойынша жарамдылығы көрсетілсін), _____ (егер VII баған бойынша жарамсыз болса, әскери қызметке жарамдылық санаты көрсетілсін);
- 21) V баған бойынша ұшу жұмысына жарамсыз, _____ (VII баған бойынша жарамдылығы көрсетілсін), _____ (егер VII баған бойынша жарамсыз болса әскери қызметке жарамдылық санаты көрсетілсін).
5. Штурманға қатысты:
- 1) II – V бағандар бойынша ұшу жұмысына штурман ретінде шектеусіз жарамды;
- 2) II – V бағандар бойынша штурман ретінде меңгерген ұшақ түрінде ұшу жұмысына жарамды;
- 3) II – V бағандар бойынша жылдамдығы дыбыстан тез ұшақты қоспағанда, штурман ретінде ұшу жұмысына жарамды;
- 4) III – V бағандар бойынша штурман ретінде барлық бомбалаушы түрінде ұшу жұмысына жарамды;
- 5) III – V бағандар бойынша жылдамдығы дыбыстан тез ұшақты қоспағанда, штурман ретінде ұшу жұмысына жарамды;

6) IV – V бағандар бойынша штурман ретінде барлық көліктік ұшақ және тікұшақ түрінде ұшу жұмысына жарамды;

7) IV – V бағандар бойынша штурман ретінде барлық көліктік және поршеньді ұшақ түрінде ұшу жұмысына жарамды;

8) IV – V бағандар бойынша штурман ретінде _____ (әуе кемесінің түрі көрсетілсін) ұшу жұмысына жарамды;

9) V баған бойынша штурман ретінде барлық тікұшақ түрінде ұшу жұмысына жарамды;

10) V баған бойынша штурман ретінде корабльге қонатын тікұшақты қоспағанда, барлық тікұшақ түрінде ұшу жұмысына жарамды;

11) V баған бойынша штурман ретінде меңгерілген тікұшақ түрінде ұшу жұмысына жарамды;

12) V баған бойынша штурман ретінде _____ (әуе кемесінің түрі көрсетілсін) ұшу жұмысына жарамды;

13) II – V бағандар бойынша штурман ретінде ұшу жұмысына жарамсыз, _____ (VII баған бойынша жарамдылығы көрсетілсін), _____ (егер VII баған бойынша жарамсыз болса, әскери қызметке жарамдылық санаты көрсетілсін);

14) III – V бағандар бойынша штурман ретінде ұшу жұмысына жарамсыз, _____ (VII баған бойынша жарамдылығы көрсетілсін), _____ (егер VII баған бойынша жарамсыз болса, әскери қызметке жарамдылық санаты көрсетілсін);

15) IV – V бағандар бойынша штурман ретінде ұшу жұмысына жарамсыз, _____ (VII баған бойынша жарамдылығы көрсетілсін), _____ (егер VII баған бойынша жарамсыз болса, әскери қызметке жарамдылық санаты көрсетілсін);

16) V баған бойынша штурман ретінде ұшу жұмысына жарамсыз, _____ (VII баған бойынша жарамдылығы көрсетілсін), _____ (егер VII баған бойынша жарамсыз болса, әскери қызметке жарамдылық санаты көрсетілсін).

6. Ұшқыш экипаждың басқа адамдарына (борт инженер, борт техник, борт радист және басқа борт мамандары) қатысты:

1) VI баған бойынша (борт инженер, борт техник, борт радист және басқа борт мамандары ретінде) барлық көліктік ұшақ түрінде ұшу жұмысына жарамды;

2) VI баған бойынша (борт инженер, борт техник, борт радиусі және басқа борт мамандары ретінде) барлық тікұшақ түрінде ұшу жұмысына жарамды;

3) VI баған бойынша (борт инженер, борт техник, борт радист және басқа борт мамандары ретінде) ұшу жұмысына жарамсыз, _____ (әскери қызметке жарамдылық санаты көрсетілсін).

7. Парашютшіге қатысты:

1) VI баған бойынша парашютпен секіруге жарамды;

2) VI баған бойынша парашютпен секіруге жарамсыз, _____ (әскери қызметке жарамдылық санаты көрсетілсін).

8. Әуе кемесінің бортында ұшу тапсырмасын орындайтын адамдарға, планершіге және әуеде қалықтап ұшатын адамға қатысты:

1) VI баған бойынша _____ (кім ретінде және әуе кемесінің түрі көрсетілсін) ұшуға жарамды;

2) VI баған бойынша _____ ұшуға жарамсыз, _____ (әскери қызметке жарамдылық санаты көрсетілсін).

9. Ұшуға басшылық жасауды және басқаруды жүзеге асыратын адамдарға, әуе қозғалысын басқару операторына қатысты:

1) VII баған бойынша ұшуға басшылық жасауға жарамды;

2) VII баған бойынша ұшуға басшылық жасауға жарамсыз, _____ (әскери қызметке жарамдылық санаты көрсетілсін).

10. Пилотсыз әуе кемесін басқаруды жүзеге асыратын әскери қызметшілерге қатысты:

1) VII баған бойынша пилотсыз әуе кемесін басқаруға жарамды;

2) VII баған бойынша пилотсыз әуе кемесін басқаруға жарамсыз, _____ (әскери қызметке жарамдылық санаты көрсетілсін).

11. Мамандығына қарамастан, авиациялық персоналға қатысты:

1) стационарлық медициналық куәландыруға (тексеруге, емдеуге) жіберілуге тиіс;

2) _____ (орны көрсетілсін) кейіннен медициналық куәландырумен ауыруы бойынша _____ тәулікке демалыс берілсін (ұзартылсын);

3) кейіннен медициналық куәландырумен _____ тәулік мерзімге әскери қызметтің басқа міндеттерін атқарумен ұшудан (ұшуға басшылық жасаудан, пилотсыз әуе кемесін басқарудан, парашютпен секіруден) босатылсын;

4) _____ тәулік мерзімге әскери қызмет міндеттерін атқарудан босатылсын;

5) _____ айдан кейін медициналық куәландырумен _____ (ұшу жұмысына, ұшуға басшылық жасауға, пилотсыз әуе кемесін басқаруға, парашютпен секіруге) жарамды.

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштерінде әскери-
дәрігерлік сараптама жүргізу
қағидаларына 21-қосымша
Нысан

Дәрігерлік-ұшқыш комиссиясынан өткені туралы куәлік _____
_____ (әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде), туған жылы, әскери бөлім)

20 _____ жылғы " _____ " _____

(ӘДК атауы)

дәрігерлік-ұшқыш комиссиясы куәландырған кезде "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы

Кодексінің 11-бабы 1-тармағының 11) тармақшасына сәйкес бекітілетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациясында қызмет ету үшін адамдардың денсаулық жағдайына сәйкес келуіне қойылатын талаптардың _____ бағаны _____ тармағының _____ тармақшасы бойынша _____

(ұшу жұмысына жарамдылық дәрежесі көрсетілсін)

Диагнозы _____

Комиссия төрағасы _____

М.О. _____ (әскери атағы, қолы, атының инициалы, тегі)

Комиссия хатшысы _____

(әскери атағы, қолы, атының инициалы, тегі)

Бөлім дәрігері толтырады:

Кезекті демалысты өткізу уақыты _____

Тереңдетілген қарап-тексеру _____

Артериалдық қан қысымының, пульстің аялық деректері _____

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштерінде әскери-
дәрігерлік сараптама жүргізу
қағидаларына
22-қосымша
Нысан

**Штаттық (штаттан тыс) әскери-дәрігерлік комиссия отырысының 20 ___ жылғы " ___ " _____
№ ___ хаттамасы (мертігудің (жараланудың, жарақаттанудың, контузия алудың),
аурудың себепті байланысын айқындау бойынша)**

1. _____

(өтініштің, хаттың, арыздың нөмірі, құжаттың күні, кімнен, қандай мәселе бойынша

_____ қаралды. келіп түскені көрсетілсін)

2. Қаралған құжаттар (олардың күнін, нөмірін көрсете отырып, барлық қаралған құжаттар: жеке басын куәландыратын, әскери қызмет өткергені туралы, архивтік, медициналық және басқа да құжаттар атап көрсетілсін):

1) _____

2) _____

3) _____

3. Анықталды:

Тегі _____

Аты _____ Әкесінің аты (ол болған кезде) _____

Туған күні _____ Әскери атағы _____

Қарулы Күштерде әскери қызмет өткергені (әскери жиындардан өткені) туралы деректер:

(әскери қызметке кірген күні, айы, жылы, кім әскерге шақырғаны және іріктегені, жауынгерлік іс-қимылдарға, қарулы жанжалдарға, армияға, Чернобыль АЭС-сіндегі авария салдарын жою жөніндегі жұмыстарға, радиациялық қатер аймақтарына қатысу кезеңі көрсетілсін)

Әскери бөлім және әскери қызмет өткеру кезеңі _____

4. Шығарылған күні мен негіздеме _____

5. Қаралатын мәселе бойынша ӘДК қорытындысының негіздемесі _____

а) Диагнозы: _____

б) себепті байланысы _____

Сарапшы-дәрігер _____

(тегі, инициалдары, қолы)

6. Штаттық әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы _____

а) Диагнозы: _____

б) себепті байланысы _____

7. Комиссия мүшелерінің дауыс беру нәтижелері:
"ИӘ" – _____ "ҚАРСЫ" – _____ (Комиссия мүшелерінің ерекше пікірі хаттамаға қоса беріледі)

Комиссия төрағасы _____

(әскери атағы, қолы, атының инициалы, тегі)

Комиссия мүшелері _____

(әскери атағы, қолы, атының инициалы, тегі)

Штаттық (штаттан тыс) ӘДК қорытындысы _____

(мекенжайы, күні, шығыс № көрсетілсін)

жолданды.

Құжаттар № ___ іске ___ том _____ бетке тігілді

Комиссия хатшысы _____

(қолы, атының инициалы, тегі)

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштерінде әскери-
дәрігерлік сараптама жүргізу
қағидаларына
23-қосымша
Нысан

Бір рет беріледі, көшірмелерді пайдаланыңыз!

Әскери-дәрігерлік

Комиссияның

Бұрыштамалық

мөртаңбасы

ҚР ҚМ ОӘДК-ның аурудың, мертігудің себепті байланысы туралы қорытындысы

Ауру, _____

(әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде)

_____, _____

(туған жылы)

"

(ауру диагноздары)

"

(аурудың себепті байланысы)

20 ___ жылғы "___" _____ № ___ хаттама

Комиссия төрағасы _____

(әскери атағы, қолы, атының инициалы, тегі)

М.О (мекеменің

елтаңбалы мөрі)

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштерінде әскери-
дәрігерлік сараптама жүргізу
қағидаларына 24-қосымша

Ауыр немесе жеңіл түріне жататын мертігу (жаралану, жарақаттану, контузия алу) тізбесі

1. Ауыр түріне өмірге немесе денсаулыққа қауіпті, зақымданған ағза, жүйе функциясының орташа немесе елеулі бұзылуын тудыруға қабілетті мертігу (жаралану, жарақаттану, контузия алу) жатады:

зардап шегушінің жалпы жай-күйіне қарамастан, бассүйегінің күмбезі мен түбінің ашық және жабық сынықтары (ішке өткен жарақаттар);

жалпы ми және ошақтық неврологиялық симптоматикасы болған кезде бассүйек күмбезінің сыртқы пластинкасының сынуы;

бас миының соғылуы;

травматологиялық сипаттағы эпидуральды, субдуральды немесе субарахноидты бассүйекішілік қан кетулер;

бет қаңқасы сүйектерінің ашық және жабық сынуы, сынықтардың орнынан жылжуы, сүйек тіні ақауының пайда болуы;

жаппай қан кетумен және негізгі сүйек қуыстарының зақымдануымен қатар жүретін мұрын сүйектерінің сынуы;

төменгі жақтың асқынған (сырғымалы, қосарлы, сынықтардың ығысуымен) сынуы, буын өсінінің сынуы (төменгі жақтың тәждік өсінінің сынуын, жыртылуын, оның кортикальді қабатының, сондай-ақ жекелеген тістер тәждерінің зақымдануын қоспағанда);

көз ұясының жарақаттары, көз көрудің бұзылуымен қатар жүретін көз алмасының енген жаралануы мен жарақаттары;

көз жасы ағатын жолдардың емделмейтін жас ағуына әкеп соқтырған зақымдануы;

мойынның ірі тамырлары мен нервiнiң жарақаттары, жұтқыншақтың, өңештің, кеңірдектің енген жаралануы, көмей, кеңірдек шеміршегінің жабық сынулары;

құлақ қалқаншасында бір құлаққа 2 метр және одан төмен ауызекі сөйлеу тілін қабылдағанға дейін естудің нашарлауына әкеп соққан есту ағзасының зақымдануы және (немесе) айқындалып көрінген вестибулярлық бұзылу;

шокпен, ішкі қан кетумен, жіті перитонитпен, пневмо- немесе гемоторакспен, гематуриямен қатар жүретін кеуде және құрсақ қуысы, құрсақ алды кеңістігі, жамбас ағзаларының жабық және ашық зақымдануы;

қабырғалардың көптеген (үш және одан да көп) сынуы; қабырғалардың екі жақты және (немесе) қосарлы сынуы; кеуденің сынуы (қылыш тәрізді өсіндінің сынуынан басқа), плевраның және өкпенің зақымдалуымен қабырғалардың сынуы, кеуде қуысының қысылуы;

омыртқалардың шығуы мен сынуы, омыртқалардың бір және одан да көп денелерінің сынуы, омыртқалардың доғалары мен артикулярлы өсінділерінің, омыртқалардың екі немесе одан да көп омыртқалы немесе көлденең өсінділерінің сынуы.

кеуде қуысының, оның ішінде ішкі ағзаның зақымдануысыз тесіп өтетін жарақаттар ;

іш қуысы ағзасының зақымдануымен іштің тесіп өтетін жарақаттар;

іш асты кеңістігі ағзасының (бүйрек, бүйрек үсті, ұйқы безі және т. б.), жамбас ағзаларының жарақаттары;

сыртқы жыныс ағзаларының жаралану және (немесе) жарақаттануы: уретраның, ақуыз қабығының, веноздық плексустың, кавернозды денелердің, аталық бездің жарылуы, бұтаралық ірі тамырлардың зақымдануы;

жамбас сақинасы бүтіндігінің бұзылуымен жамбас сүйектерінің сынуы, жамбастың сегізкөз-мықын және лонды буынының жарылуы;

сынықтардың жылжуымен сегізкөздің сынуы;

шок алу және жаппай тінішілік қан кетумен қатар жүретін мықын сүйектері қанаттарының сынуы;

аяқ-қолдардың ірі буындарында (иықтың әдеттегі шығып кетуін қоспағанда) ішке өтетін буын шығулар мен буын шығып сынулар);

буынның 2 – 3-дәрежелі созылмалы тұрақсыздығымен байлам аппаратының жыртылуынан (айқастырма тәрізді және сыртқы бүйір байламдарының жыртылуы) ірі буындардың жабық жарақаттары;

ұзын сүйектердің сынуы (оның ішінде эпифиздердің буынішілік сынуы): иық, жамбас, асықты жілік, білектің екі сүйегі, екі бұғананың сынуы; күрделі сынулар (ашық , жарықшақты, сүйек еніне жаншыла сыну және одан да көп) білектің бір сүйегінің, бұғананың, жауырын мойынның, тізетобықтың;

жоғалтуға әкеп соқтырған қолдың жаралануы мен жарақаттануы: бірінші саусақтың , бірінші және екінші саусақтардың, бір қолдың үш саусағының алақан-фаланг буындарының деңгейінде (бірінші саусақты қоспағанда), бір қолдың төрт саусағының

негізгі фалангтардың дистальды ұштарының деңгейінде, фалангааралық буын деңгейінде бірінші саусақтың және ортаңғы фалангалардың дистальды ұштарының деңгейінде екінші-бесінші саусақтардың деңгейінде;

бір табанның екі және одан да көп саусақтарының метатаропаланг буындарының деңгейінен проксимальды айырылуымен табанның жаралануы мен жарақаттануы;

алақан мен табан сүйектерінің бірнеше рет сынуы: екі және одан да көп сүйектердің ашық және жабық сынуы;

өкше және (немесе) жіліншік сүйектерінің сынуы;

көптеген сынықтар: екі немесе одан да көп бақайшақтың жоғарғы жағындағы сүйектердің, үш және одан да көп табан сүйектерінің;

сынықтың орнынан жылжуымен жіліншіктің сынуы және табанның шығуы және (немесе) синдесмоздың жілікаралық жарылуы; екі жіліншіктің және үлкен жіліктің артқы жиегінің сынуы ("3 жіліншіктің сынуы");

езілу, алақанның, табанның және олардың бөліктерін құрайтын бірнеше түрлі тіндердің (сүйек, бұлшықет, сіңір, қан тамырлары мен нервтер) зақымдануы;

қолдың терең және үстіңгі иілгіштері сіңірлерінің, иықтың екбасты бұлшықетінің, ахиллов сіңірінің, тізе және тобық буындарының байлам аппаратының зақымдануы (қолдың үстіңгі иілгіштері сіңірлерінің, табан мен қол саусақтарының экстензорлары сіңірлерінің кейіннен саусақ функциясының бұзылуына қауіп төндірмейтін оқшауланған және ішінара зақымдануын қоспағанда);

жарадан жаппай қан кетумен қатар жүретін ірі тамырлар мен аяқ-қолдардың жүйке діндерінің зақымдануы, аяқ-қолдың дистальды бөлігінің қан айналымының айқын бұзылуы, аяқ-қолдардың зақымдалған нерв дінгектері функциясының түсуі (қолдың ірі тамырлары-субклавиялық, қанатшалық, иық және шынтақ артериялары, қанатшалық және негізгі тамырлар. Төменгі аяқтың ірі тамырлары-тізе асты, жамбас, артқы асықты жілік (төменгі аяқтың жоғарғы үштен бір бөлігінің деңгейіне дейін) артериялары; терең жамбас венасы және шұңқыр венасы. Жоғарғы қолдың үлкен жүйке магистральдары-иық өрімі, кәрі жіліктің немесе шынтақ сүйектерінің және ұзына бойы орта нервтері. Төменгі аяқтың үлкен жүйке діндерінің барлық ұзына бойы құйымшақ және асықты жілік нервтері, төменгі аяқтың жоғарғы үштен біріне дейінгі кіші жілік нерві);

жаншу синдромы бар аяқ-қолдардың жұмсақ тіндерінің қысылуы;

функцияның елеулі немесе орташа бұзылуымен ұзақ немесе позициялық қысылу синдромдары;

пластикалық ауыстыруды қажет ететін немесе анемияның, шоктың, эмболияның немесе травматикалық токсикоздың дамуына әкеп соқтырған жұмсақ тіндердің жаралануы мен жарақаттары;

дене бетінің ауданы 20 %-тен асатын I, II, III дәрежелі термикалық және химиялық, дене бетінің ауданы 10 %-тен асатын III б дәрежелі, зақымдану ауданына қарамастан IV дәрежелі күйіктер, зақымдану дәрежесі мен ауданына қарамастан сәулелік күйіктер;

шектеулі термиялық және химиялық күйіктер (5 – 15 шаршы сантиметр) функционалдық белсенді жерлері тоқтатылған IIIб дәрежелі күйіктер,

қабақтың және көз алмасының 3 – 4-дәрежелі күйіктері;

жүту және тыныс алу актісінің клиникалық айқын белгілері болған кездегі жұтқыншақтың, өңештің, тыныс алу жолдарының термиялық және химиялық күйіктері;

көру бұзылуының клиникалық айқын белгілері болған кездегі көз алмасының термиялық және химиялық күйіктері;

III дәрежелі үсік (дене бетінің 1 проценттен астам зақымдану ауданымен), көлеміне қарамастан IV дәрежелі үсік;

сананың бұзылуымен, тыныс алудың және жүрек-қантамыр қызметінің бұзылуымен қатар жүретін электр тогының әсері (электр тогының әсер ету сәтінде, сондай-ақ олардың айқын байқалу дәрежесіне қарамастан, зардап шегушіні емдеу мекемесінде тексеру кезеңінде жүрек-қантамыр жүйесі функциясының кез келген ерте диагностикаланбаған ауытқулары, сыртқы тыныс алудың немесе сананың бұзылуы);

аралас зақымдану (термиялық, химиялық, электрлік, сәулелік, механикалық жарақаттардың үйлесімділігі);

профуздық қан кетумен, қан жоғалтумен және шокпен қатар жүретін тері жабындарының және бет, дене, аяқ-қол, шат тіндерінің терісі сыпырылған жаралар;

ішкі ағзалардың химиялық қосылыстармен (концентрацияланған қышқылдармен, күйдіргіш сілтілермен, зымыран отынының компоненттерімен, улы газбен және т. б.) функциясының орташа немесе елеулі бұзылуы кезінде улануы және (немесе) күйуі;

медициналық персоналдар қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған, АИТВ инфекциясын жұқтыруға немесе вирустық гепатитпен ауруға әкеп соқтыратын жараланулар;

оның мерзіміне байланысты емес жүктілікті тоқтатуға әкеп соқтырған мертігулер (жаралану, жарақат алу, контузия алу);

травматикалық және (немесе) механикалық асфиксия, суға немесе басқа сұйық ортаға батыру нәтижесінде асфиксияның салдары.

2. Жеңіл түріне шамалы анатомиялық және функционалдық бұзылулар тудыратын, кемінде 7 тәулік мерзімге әскери қызмет міндеттерін орындаудан толық босатуды талап ететін мертігу (жаралану, жарақаттану, контузия алу) жатады:

бас миының шайқалуымен жабық бассүйек-ми жарақаттары;

бір сүйекті және (немесе) көлденең өсінділердің, омыртқалар доғаларының сынуы; сүйекаралық және сүйекүсті байламдарының жарылуы; сынықтардың жылжуынсыз сегізкөздің сынуы, құйымшақтың сынуы;

жамбас сақинасының бүтіндігін бұзбай жамбас сүйектерінің оқшауланған сынықтары;

жабық сынықтар: бұғананың жаншылмаған сынықтары, кәрі жіліктің немесе шынтак сүйектерінің (біз тәрізді өсіндіден басқа), сан сүйегінің үлкен, кіші ұршықтарын, асықты жілік шыбығы; ұзын сүйектердің тесікті, жиектен тыс буын сынықтары; 1 – 2 қабырғаның сынуы; төстің семсер тәрізді өсіндісінің сынуы; тізетобықтың, жауырын сынықтарының асқынбаған (сынықтарды ығыстырмай) сынулары;

білек сүйектерінің оқшауланған сынықтары (I бөлімде көрсетілгендерден басқа), бір , екі алақан сүйектерінің; саусақ фалангаларының сынуы (тырнақ фалангасының шеткі сынуынан басқа); дән тәрізді сүйектердің сынуы;

тілерсек сүйектерінің оқшауланған сынықтары;

табан бір, екі сүйегінің, табан саусақтары фалангаларының сынуы;

бір немесе екі жіліншіктің ығыстырусыз сынықтары және табан буынының жартылай шығып сынуы;

тізетобықтың, бұғананың, қол саусақтарының, табан саусақтарының асқынбаған шығуы;

тізе буынының бүйір байламдарының оқшауланған жыртылуы; кеуде-бұғана немесе акромияльды-бұғаналық қосылысы байламдарының жыртылуы; сирақтабан буынының бүйір байламдарының жыртылуы; қол саусақтарының буындары байламдарының жыртылулары, буындағы табан саусақтарының шығып жыртылуы;

байлам аппаратының жыртылуынсыз гемартрозбен немесе синовитпен ірі буындардың жабық жарақаттары; менискалардың зақымдануымен тізе буынының жабық жарақаты (менискалардың ескі зақымдануы болғандағы тізе буынының жарақатынан басқа);

функция шамалы бұзылған кезде нерв бағаналарының, перифериялық нервтердің түбіршектерінің, оның ішінде алақан мен саусақтардың жарақаттары және жабық зақымданулары (I бөлімде көрсетілгендерден басқа);

функцияны шамалы бұзуымен ұзақ немесе позициялық қысылу синдромы;

уретраның, ақуыз қабығының, веноздық плексустың, кавернозды денелердің, аталық бездің жыртылуынсыз сыртқы жыныс ағзаларының жаралануы, жарақаттары;

ірі тамырлардың, аяқ-қолдардың нерв діңдерінің жаралануымен қатар жүрмейтін және пластикалық операциялық араласуды қажет етпейтін бұлшықеттер мен сіңірлердің жарылуымен жұмсақ тіндердің (I бөлімде көрсетілгендерден басқа) жаралануы (оның ішінде атыс қарулары) және (немесе) жарақаттары;

көру және қозғалыс функцияларының уақытша бұзылуымен көз алмасының енбейтін жарақаттары (контузиялары), олардың бос жиектері мен көз жас шығару жолдарының тұтастығын бұзбай қабақтың жарақаттары;

1 – 2-дәрежелі қабақтың және көз алмасының күйіктері;

дене бетінің 20 процентке дейін зақымданған ауданы I, II, III дәрежелі термиялық күйіктер (I – II дәрежелі химиялық күйіктер); III дәрежелі күйіктер (3-дәрежелі химиялық күйіктер) дене бетінің 10 процентіне дейін;

дене бетінің 1 процентінен кем емес кез келген орналасуының 2-дәрежелі беттік үсіктер;

екі құлаққа 2 метрге дейін ауызекі сөйлеуді қабылдағанға дейін есту қабілетінің төмендеуімен есту ағзаларының жарақаттары;

жарақаттану және (немесе) механикалық асфиксия, функциялардың шамалы бұзылуымен жыландардың, улы жәндіктердің шағуы.

Ескертпе:

1) қатар келген (аралас) жарақаттар кезінде жарақаттың ауырлық дәрежесі анағұрлым ауыр жарақат бойынша айқындалады.

2) функцияның жай-күйін негізгі емдеу курсы аяқталғаннан кейін әскери-дәрігерлік комиссия айқындайды.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
бұйрығына 2-қосымша

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) әскери-дәрігерлік комиссиялардың мәртебесін, өкілеттіктерін айқындайды.

2. Әскери-дәрігерлік (дәрігерлік-ұшқыш) комиссиялар Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде (бұдан әрі – ҚР ҚК), әскери прокуратура, Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациясы органдарында әскери-дәрігерлік сараптама жүргізеді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 04.01.2023 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары

3. Әскери-дәрігерлік сараптама комиссияларына: штаттық әскери-дәрігерлік комиссия, штаттан тыс (тұрақты және уақытша әрекет ететін) әскери-дәрігерлік комиссиялар (бұдан әрі – ӘДК) және дәрігерлік-ұшқыш комиссиялары (бұдан әрі – ДҰК), облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, қала мен аудан жергілікті атқарушы органдарының медициналық комиссиялары (бұдан әрі – ЖАО медициналық комиссиялары) жатады.

4. Әскери-дәрігерлік сараптама комиссиясының құрылымы:

әскери-дәрігерлік сараптаманың басқарушы органы – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясын (бұдан әрі – ҚР ҚМ ОӘДК);

өкілеттіктері шегінде бағынысты (әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша):

1) штаттан тыс тұрақты әрекет ететін ӘДК-ны (ДҰК-ны):

госпитальдық ӘДК-ны;

госпитальдық ДҰК-ны;

гарнизондық ӘДК-ны;

ҚР ҚК ӘҚК авиациялық медицина зертханаларының ДҰК-сын;

Десанттық-шабуылдау әскерлерінің (ДШӘ) ӘДК-сын;

Әскери-теңіз күштерінің (ӘТК) ӘДК-сын;

әскери оқу орындарының ДҰК-сын;

2) штаттан тыс уақытша әрекет ететін ӘДК-ны (ДҰК-ны);

3) ЖАО-ның медициналық комиссияларын қамтиды.

5. Әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары әскери-дәрігерлік сараптама мәселелерін қоспағанда, тиісті әскери-медициналық мекемелердің (денсаулық сақтауды мемлекеттік басқару жергілікті органдарының) бастықтарына (басшыларына) бағынады.

6. Әскери-медициналық мекеме немесе өзге де орталық мемлекеттік органдар қолбасшылығы штаттан тыс (тұрақты және уақытша әрекет ететін) ӘДК (ДҰК) қызметкерлеріне олардың жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасайды (медициналық куәландыру жүргізуге арналған үй-жайлар мен керек-жарақ, заңнамалық-анықтамалық материалдармен, медициналық әдебиетпен, техникалық құралдармен қамтамасыз ету).

Комиссиялардың жұмысы күндізгі жарықта ұйымдастырылады және ӘДК бір жұмыс күнінде 45 адамнан аспайтын, ал ДҰК 35 адамнан аспайтын адамды куәландырады.

7. Әскери-дәрігерлік сараптама органдарына сарапшы-мамандар лауазымдарына жоғары әскери-медициналық (медициналық) білімі, сондай-ақ орталық атқарушы органдардың және өзге де орталық мемлекеттік органдардың әскери-медициналық мекемелерінде (медициналық ұйымдарында) клиникалық және (немесе) сараптама жұмысында тәжірибесі бар адамдар тағайындалады.

8. Штаттық ӘДК (ДҰК) сараптамалық құжаттарды (ауруы туралы куәлікті, анықтамаларды) әскери-дәрігерлік сараптама жөніндегі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен алқалы түрде қарайды және бекітеді (бекітпейді).

9. Штаттық және штаттан тыс ӘДК (ДҰК) қорытындылары, егер осы қорытындыларда өзгеше ескерілмесе, ҚР ҚК-да медициналық куәландырылған сәттен бастап бір жыл бойы жарамды. Егер әскери қызметшінің денсаулық жағдайында ӘДК

қорытындысын қайта қарауға негіз беретін өзгерістер болса немесе штаттық ӘДК шешімі бойынша медициналық куәландыру белгіленген мерзімнен бұрын жүргізіледі. ӘДК-ның (ДҰК-ның) қайтадан не кезекті қорытындысы алдындағысын (әскери қызметке уақытша жарамсыздығы туралы қорытындыны қоспағанда) жояды.

10. ӘДК (ДҰК) қорытындысы барлық лауазымды адамдардың және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

Азаматтар шағымданатын ӘДК (ДҰК), ЖАО медициналық комиссияларының қорытындылары ҚР ҚМ ОӘДК-ның бақылап қайта қарауына жатады, бақылап қайта қаралғаннан кейін қорытынды соңғы болып табылады және сот тәртібінде қайта қаралады.

3-тарау. Штаттық әскери-дәрігерлік комиссия

11. Штаттық ӘДК ұйымдық-құқықтық нысанда "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясы" республикалық мемлекеттік мекемесі ретінде құрылады, оның қорғаныс саласындағы орталық атқарушы органда әскери-дәрігерлік сараптама орталығының мәртебесі бар.

Штаттық ӘДК-ның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген өз атауы жазылған мөрі, белгіленген үлгідегі мөртаңбалары мен бланкілері болады.

12. Штаттық ӘДК-ның (ДҰК-ның) негізгі міндеттері:

1) Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларына және ҚР ҚК-да және мемлекеттік авиацияда қызмет ету үшін куәландырылатындардың денсаулық жағдайына сәйкес келуіне қойылатын талаптарға сәйкес әскери-дәрігерлік сараптама жүргізуге басшылық жасау және бақылау;

2) тексеру толықтығы мен сапасын, сондай-ақ диагноздың және дәрігерлік-сараптама қорытындыларының негізділігін бақылау;

3) әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау және зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелермен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

4) әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілер жобаларын дайындауға қатысу болып табылады.

13. Штаттық ӘДК (ДҰК):

1) өкілеттіктері шегінде бағынысты әскери-дәрігерлік (дәрігерлік-ұшқыш) сараптау комиссияларының қорытындыларын қарайды және бекітеді (бекітпейді) немесе жояды;

2) оларға қолбасшылық немесе медициналық куәландырудан өткен адамдар шағымданған кезде өзінің және өкілеттіктері шегінде бағынысты комиссиялардың қорытындыларын бақылау тәртібінде қайта қарайды;

3) азаматтардың әскери қызмет өткеруге (міндеттерін атқаруға), әскери жиындардан өтуіне байланысты мертігуінің (жаралануының, жарақаттануының, контузия алуының),

ауыруының, қаза табуының (қайтыс болуының) себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысын қабылдайды;

4) азаматтардың әскери қызмет өткеруге (міндеттерін атқаруға), әскери жиындардан өтуіне байланысты мертігуінің (жаралануының, жарақаттануының, контузия алуының), ауыруының, қаза табуының (қайтыс болуының) себепті байланысы туралы өзінің және өкілеттіктері шегінде бағынысты әскери-дәрігерлік сараптама комиссияларының қорытындыларын қайта қарайды;

5) өкілеттіктері шегінде бағынысты әскери-дәрігерлік (дәрігерлік-ұшқыш) сараптаманың және әскери-дәрігерлік (дәрігерлік-ұшқыш) сараптама комиссиялары сараптамалық қызметінің жай-күйін талдайды;

6) әскери-дәрігерлік сараптама нәтижесі бойынша, сондай-ақ орнында зерделеумен әскери-медициналық (медициналық) мекемелерде (ұйымдарда) медициналық куәландыруды ұйымдастырудағы және жүргізудегі кемшіліктерді анықтайды;

7) ЖАО-ның медициналық комиссияларында әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу және әскери қызметке шақыру кезінде, келісімшарт бойынша әскери қызметке кірген, әскери оқу орындарына оқуға түскен кезде азаматтарды, әскери міндеттілерді медициналық куәландыруды ұйымдастыруды, оның жай-күйі мен нәтижесін зерделейді ;

8) штаттан тыс (тұрақты және уақытша әрекет ететін) ӘДК-ға (ДҰК-ға) және ЖАО-ның медициналық комиссияларына осы Ережені, әскери-дәрігерлік (дәрігерлік-ұшқыш) сараптама жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді іс жүзінде қолдану бойынша түсіндірме береді;

9) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери-дәрігерлік (дәрігерлік-ұшқыш) сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі әдістемелік нұсқауларды әзірлейді;

10) әскери қызметшілерді және әскери міндеттілерді әскери-медициналық (медициналық) мекемелерге стационарлық немесе амбулаториялық тексеруге және медициналық куәландыруға жіберудің мақсатқа сәйкестігін айқындайды;

11) өкілеттіктері шегінде бағынысты әскери-дәрігерлік сараптама комиссияларынан , әскери-медициналық (медициналық) мекемелерден (ұйымдардан) және орталық атқарушы органдардың өзге де бөлімшелерінен, өзге де орталық мемлекеттік органдардан, әскери бөлімдер мен мекемелерден сараптамалық қорытындыны айқындау үшін құжаттарды сұратады;

12) ӘДК (ДҰК) қорытындысына ықпал еткен куәландыру тәртібін бұзу анықталған жағдайда, сондай-ақ өкілеттіктері шегінде бағынысты әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары қорытындысының негізділігін тексеру үшін бақылап (ішкі) тексеруді және (немесе) қайта медициналық куәландыруды тағайындайды;

13) ұшқыштар құрамының лауазымдарында тұрған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштері басшылығына медициналық куәландыру жүргізеді;

14) әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша консультация, қорытындылар, анықтамалар береді;

15) әскери-дәрігерлік (дәрігерлік-ұшқыш) сараптама мәселелері бойынша норма шығару қызметіне қатысады;

16) құрылымдық бөлімше басшысының келісімімен әскери-медициналық қызмет мамандарын нормативтік құқықтық актілер және басқа да құжаттар жобаларын дайындау үшін, сондай-ақ жүктелген функциялар мен міндеттерге сәйкес жүргізілетін әскери-дәрігерлік сараптама жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру үшін тартады;

17) әскери-дәрігерлік сараптама бойынша медициналық персоналды әдістемелік, практикалық, дипломнан кейінгі даярлауға қатысады;

18) комиссиялар сарапшылары әскери-дәрігерлік сараптама жөніндегі мәселелерді қарау кезінде сотта және басқа да мемлекеттік органдарда мемлекеттік мекемелерді білдіреді;

19) әскери-дәрігерлік (дәрігерлік-ұшқыш) сараптама бойынша есеп беру құжаттарының нысандарын әзірлеуге қатысады;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды орындайды.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 14.07.2022 № 522 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-1. Штаттық ӘДК ай сайын әр ай аяқталғаннан кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің құрылымдық бөлімшелеріне (Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас әскери-медициналық басқармасы, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар департаменті, әскер түрі мен тегінің, өңірлік қолбасшылықтың кадр органына) әскери қызметке жарамсыз (оның ішінде шектеулі жарамды) деп танылған әскери қызметшілердің тізімін жібереді.

Ескерту. Қағидалар 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Штаттан тыс әскери-дәрігерлік комиссиялар

14. Штаттан тыс тұрақты (уақытша) әрекет ететін ӘДК (ДҰК):
әскери қызметшілерді;
әскери оқу орындарына оқуға түсетін азаматтарды;
келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін кандидаттарды;

әскерге шақыру бойынша әскери қызметке шақырылатын (айқындалатын) запастағы офицерлерді;

мемлекеттік авиацияның авиациялық персоналын;

әскери бөлімдерге келетін буынды;

запастағы әскери міндеттілерді медициналық куәландыру үшін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ҚМ) гарнизондарында, әскери-медициналық мекемелерінде, әскери оқу орындарында құрылады.

15. Штаттан тыс тұрақты әрекет ететін ӘДК жыл сайын тиісті әскери-медициналық (медициналық) мекеме (ұйым) бастығының бұйрығымен мынадай құрамда тағайындалады: хирург, терапевт, невропатолог, окулист, оториноларинголог, стоматолог. Қажет болған кезде комиссия құрамына басқа да мамандықтардың дәрігерлері тартылады. ӘДК төрағасы болып әскери-медициналық (медициналық) мекеме (ұйым) медициналық бөлімінің (қызметінің) бастығы, ал орта медициналық персонал қатарынан комиссия хатшысы тағайындалады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 14.07.2022 № 522 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Әскери-дәрігерлік сараптама бойынша штаттан тыс тұрақты (уақытша) әрекет ететін ӘДК (ДҰК) штаттық ӘДК-ның (ДҰК-ның) әдістемелік ұсынымдары мен нұсқауларын басшылыққа алады.

17. Штаттан тыс уақытша әрекет ететін ӘДК осы Ереженің 15-тармағында айқындалған құрамда:

ҚР ҚК Бас әскери-медициналық басқармасы бастығының бұйрығымен техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орындарына, оның ішінде шет мемлекеттердің әскери оқу орындарына оқуға түсетін кандидаттарды түпкілікті медициналық куәландыру үшін;

ҚР ҚК Бас әскери-медициналық басқармасы бастығының немесе осы мекеме бастығының бұйрығымен жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орындарына оқуға түсетін кандидаттарды медициналық куәландыру үшін;

гарнизон бастығының, әскер тектері, оған теңестірілген және одан жоғары қолбасшының бұйрығымен жауынгер жүзушілерді (сүнгуірлерді), танкілерді және басқа да машиналарды суасты жүргізуге тартылатын, радиоактивті заттармен, иондаушы сәулелендіру көздерімен, зымыран отыны компоненттерімен, электр-магниттік өріс көздерімен жұмыс істейтін әскери қызметшілерді, сондай-ақ оқу-жаттығу бөлімдеріне мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілерді медициналық куәландыру үшін тағайындалады.

18. Әскери-медициналық мекемелердің басшылары жыл сайын ҚР ҚМ ОӘДК-ға:

1) 10 желтоқсанға дейін – штаттан тыс (госпитальдық, гарнизондық) әскери-дәрігерлік комиссия құрамын келісуге;

2) ағымдағы жылғы 20 қаңтарға дейін – комиссия төрағасы, төраға орынбасары және мүшелері қолтаңбаларының үлгілерімен штаттан тыс (госпитальдық, гарнизондық) әскери-дәрігерлік комиссияны тағайындау туралы бұйрықтан үзіндіні ұсынады.

Штаттан тыс (госпитальдық, гарнизондық) ӘДК құрамының өзгергені туралы ҚР ҚМ ОӘДК төрағасы хабардар етіледі және қолтаңба үлгілерімен және тиісті бұйрықтан үзіндімен жаңартылған тізім ұсынылады.

5-тарау. Госпитальдық әскери-дәрігерлік комиссия

19. Әскери госпитальда (лазаретте) әскери госпиталь (лазарет) бастығының бұйрығымен құрамында төраға, комиссия мүшелері (кемінде екі маман-дәрігер) және хатшы болатын госпитальдық ӘДК құрылады. Госпиталь (лазарет) медициналық бөлімінің бастығы (бөлімше бастығы) госпитальдық ӘДК төрағасы болып тағайындалады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. ҚР ҚМ Бас әскери клиникалық госпиталінде және ҚР ҚМ Әскери клиникалық госпиталінде клиникалық бейіндер бойынша госпитальдық ӘДК құрылады. Тиісті бейіннің жетекші мамандары (бөлімше бастықтары) осы комиссиялардың төрағалары болып тағайындалады.

Госпитальдық ӘДК-ға:

1) әскери қызметшілерді медициналық куәландыру;

2) осы Қағидаларда көзделген жағдайларда әскери міндеттілерді медициналық куәландыру;

3) әскери-дәрігерлік сараптамаға қатысты бөлігінде әскери-медициналық мекемедегі емдеу-диагностикалық жұмысын ұйымдастыруды, жүргізуді және нәтижелерін бақылау;

4) әскери госпиталь (лазарет) бастығына және ҚР ҚМ ОӘДК бастығына госпитальда (лазаретте) жатқан адамдарды тексеруде және емдеуде анықталған кемшіліктер туралы баяндауларды ұсыну;

5) дәрігерлерге (оның ішінде әскери буындағы) әскери-дәрігерлік сараптама бойынша әдістемелік және практикалық көмек көрсету;

6) госпитальдық ӘДК жұмысының нәтижелерін талдау және жинақтау және ҚР ҚМ ОӘДК-ға жүргізілген жұмыс нәтижелері туралы есеп берулерді ұсыну;

7) әскери госпиталь (лазарет), қызмет көрсетілетін әскери бөлімдер, әскери оқу орындарының дәрігерлерін әскери-дәрігерлік сараптама бойынша даярлауға қатысу;

8) сараптама құжаттамасын (ауруы туралы куәліктерді, анықтамаларды) ресімдеу жүктеледі.

6-тарау. Гарнизондық әскери-дәрігерлік комиссия

21. Гарнизондық ӘДК гарнизон бастығының бұйрығымен осы Ереженің 15-тармағында айқындалған құрамда құрылады. Гарнизондық ӘДК төрағасы болып әскери емхана бастығы немесе әскери-медициналық (медициналық) мекеме (ұйым) медициналық бөлімінің (қызметінің) бастығы, орта медициналық персонал қатарынан комиссия хатшысы тағайындалады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 14.07.2022 № 522 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Гарнизондық ӘДК-ға:

1) мыналарды:

гарнизонның әскери қызметшілерін;

гарнизонның әскери бөлімдеріне келген буынды;

әскери оқу орындарына оқуға түсетін кандидаттарды;

келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін кандидаттарды;

ауруы бойынша демалыстағы әскери қызметшілерді медициналық куәландыру;

осы Қағидаларда көзделген жағдайларда әскери міндеттілерді медициналық куәландыру;

2) әскери-дәрігерлік сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу кезінде гарнизонда орналасқан әскери-медициналық мекемелерде, әскери бөлімдерде, әскери оқу орындарында емдеу-профилактикалық жұмыстың жай-күйін бақылау;

3) жүргізілген жұмыс нәтижелері туралы есеп берулерді ұсынумен гарнизондық ӘДК жұмысының нәтижелерін талдау және жинақтау;

4) әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша гарнизонның маман-дәрігерлерін даярлауға қатысу;

5) сараптама құжаттамасын (ауруы туралы куәліктерді, анықтамаларды) ресімдеу жүктеледі.

7-тарау. Дәрігерлік-ұшқыш комиссиялары

23. ӘДС-ның құрамдас бөлігі дәрігерлік-ұшқыш сараптамасы (бұдан әрі – ДҰС) болып табылады, оны штаттық (штаттан тыс) тұрақты (уақытша) әрекет ететін ДҰК ұйымдастырады және жүргізеді және Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының ӘДС міндеттерін шешеді.

24. ҚР ҚМ ОӘДК жанында құрылатын ДҰК өз қызметін осы Ереженің 12, 13-тармақтарына сәйкес жүзеге асырады.

25. Штаттан тыс тұрақты әрекет ететін дәрігерлік-ұшқыш комиссиялары:
авиациялық медицинаның зертханасы жанындағы ҚР ҚК ӘҚК бас қолбасшысының;
ұшқыштар құрамының дәрігерлік сараптама бөлімшесі бар әскери госпиталь
жанындағы әскери госпиталь бастығының;
авиациялық персоналды даярлау бойынша әскери оқу орны жанындағы әскери оқу
орны бастығының бұйрығымен құрылады.

26. ДҰК құрамына авиациялық медицина саласында жұмыс тәжірибесі бар және (немесе) дәрігерлік-ұшу (әскери-дәрігерлік) сараптамасы бойынша даярлығы бар дәрігерлер тағайындалады: хирург, терапевт, невропатолог, окулист, оториноларинголог, стоматолог. Қажет болған кезде комиссияның құрамына басқа мамандықтардың дәрігерлері тартылады.

Қажет болған кезде ДҰК отырысына қатысуға медицина қызметінің бастығы (дәрігер) және (немесе) авиациялық бөлім қолбасшылығының өкілі тартылады.

27. Штаттан тыс (тұрақты және уақытша әрекеттегі) ДҰК-ға:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациясында, авиациялық персонал даярлайтын әскери оқу орнында дәрігерлік-ұшқыш сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу;

2) мыналарды:

авиациялық персонал даярлайтын әскери оқу орнына ұшқыш мамандығына оқуға түсетін азаматтарды;

авиациялық персонал даярлайтын әскери оқу орнының әуе кемесін, пилотсыз әуе кемесін ұшып пайдалану мамандығы бойынша білім алатын курсанттарын (тыңдаушыларын);

мемлекеттік авиация ұшқышы мен штурманын;

ұшқыш экипажының басқа да мүшесін;

әуе кемесі бортында ұшу тапсырмасын орындауға қатысатын адамдарды, планершіні, әуеде қалықтап ұшатын адамды;

парашютшіні;

ұшуға басшылық жасау мен басқаруды жүзеге асыратын адамдарды;

әуе қозғалысын басқару операторын;

пилотсыз әуе кемесінің операторын (сыртқы пилотты) медициналық куәландыру;

3) дәрігерлік-ұшқыш сараптамасына қатысты бөлігінде авиациялық әскери бөлімде, авиациялық персонал даярлайтын әскери оқу орнында профилактикалық, емдеу-диагностикалық жұмысты, медициналық куәландыруды ұйымдастыруды және жай-күйін бақылау;

4) ұшу әрекеті факторын және оның мемлекеттік авиация авиациялық персоналының денсаулық жағдайына ықпал етуін зерделеу;

5) әскери жиынға шақырылған запастағы ұшқышты, штурман мен ұшқыш экипажының басқа да мүшесін медициналық куәландыру;

6) авиациялық персоналды медициналық куәландыру нәтижесін талдау және жинақтау және штаттық ӘДК бастығына (төрағасына) ДҰК жұмысының нәтижесі бойынша есеп беру;

7) дәрігерлік-ұшқыш сараптамасы мақсатында комиссияаралық кезеңде авиациялық персоналға жүргізілетін емдеу-сауықтыру іс-шараларының орындалу сапасын тексеру;

8) авиациялық әскери бөлім, әскери-медициналық мекеме дәрігеріне дәрігерлік-ұшқыш сараптамасы мәселелері бойынша әдістемелік және практикалық көмек көрсету;

9) мемлекеттік авиацияға қызметке кіретін Қазақстан Республикасы азаматтары және авиациялық персонал тұлғасының психофизиологиялық қасиетін айқындау жүктеледі.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Штаттан тыс уақытша әрекет ететін ДҰК осы Ереженің 25, 26-тармақтарына сәйкес авиациялық бөлімдерде, әскери оқу орындарында авиациялық персоналға көшпелі дәрігерлік-ұшқыштық куәландыру жүргізу үшін құрылады.

29. Штаттан тыс (тұрақты және уақытша әрекеттегі) ДҰК-ға авиациялық персонал даярлайтын әскери оқу орнына ұшқыш мамандығына оқуға түсуге, ұшуға үйретуге, ұшу жұмысына, ұшуға, ұшуға басшылық жасауға, пилотсыз әуе кемесін басқаруға, парашютпен секіруге жарамдылық санатын айқындау, сондай-ақ стационарлық медициналық куәландыруға (тексеруге, емдеуге) жіберуге мұқтаж адамдарды анықтау жүктеледі.

Штаттан тыс (тұрақты және уақытша әрекеттегі) ДҰК төрағасы медициналық куәландыру нәтижелерін медициналық куәландыру аяқталғаннан кейін бір айдан кешіктірмей штаттық ӘДК-ге жолдайды.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Авиациялық персоналды медициналық куәландыру кезінде ДҰК-ға куәландырылушы сауыққан немесе денсаулық жағдайында функционалдық сипаттағы өзгерістер болмаған жағдайда бұрын белгіленген ауыру диагнозын өзгерту құқығы беріледі.

Штаттан тыс (тұрақты және уақытша әрекеттегі) ДҰК амбулаториялық жағдайда ұшу жұмысына, ұшуға, ұшуға басшылық жасауға, пилотсыз әуе кемесін басқаруға, парашютпен секіруге, ұшуға үйретуге жарамдылықты шектемейтін ауру бойынша қорытындыны дербес шығарады.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Штаттан тыс (тұрақты және уақытша әрекеттегі) ДҰК-ға (ӘДК-ға) әдістемелік басшылық жасауды, практикалық көмек көрсетуді және олардың жұмысын бақылауды ҚР ҚМ ОӘДК жүзеге асырады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-тарау. Әскери-теңіз күштерінің әскери-дәрігерлік комиссиясы

32. ӘТК ӘДК ӘТК бас қолбасшысының бұйрығымен осы Ереженің 15-тармағында айқындалған құрамда құрылады және ӘТК-да әскери-дәрігерлік сараптамаға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады.

33. ӘТК ӘДК төрағасы әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша ҚР ҚМ ОӘДК бастығына бағынады.

34. ӘТК ӘДК-ға:

1) әскери қызметке (әскери жиындарға) шақырылған және (немесе) ӘТК-да қызмет ету үшін басқа әскер тектерінен, әскери оқу орындарынан келген (жіберілген) азаматтардың, ӘТК-да әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілердің, ӘТК-ның әскери-есептік мамандықтары бойынша оқытып-үйрету үшін іріктелген әскери қызметшілердің ӘТК-дағы әскери қызметке жарамдылығын айқындау мақсатында медициналық куәландыруды ұйымдастыру, жүргізу;

2) әскери-дәрігерлік сараптамаға қатысты бөлігінде әскери-медициналық мекемелерде, әскери бөлімдерде және әскери оқу орындарында емдеу-диагностикалық жұмысты ұйымдастыруды, жүргізуді және нәтижелерін бақылау;

3) ӘТК-да әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерді медициналық куәландыру нәтижелерін талдау және ӘТК қолбасшылығына және ҚР ҚМ ОӘДК төрағасына медициналық куәландыру нәтижелері туралы баяндау жүктеледі.

35. ӘТК ӘДК:

1) ӘТК-да қызмет етуге жарамдылық немесе жарамсыздық туралы қорытынды шығарады;

2) қайтадан медициналық куәландыру нәтижелері бойынша ӘТК-да қызмет етуге жарамдылық (жарамсыздық) туралы өз қорытындыларын немесе басқа да ӘДК қорытындыларын (ҚР ҚМ ОӘДК бекіткен қорытындылардан басқа) қайта қарайды;

3) ӘТК-да әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерді медициналық куәландыру мәселелері бойынша әдістемелік нұсқаулар мен ұсынымдар береді;

4) ӘТК әскери бөлімдеріндегі әскери қызметшілерді медициналық куәландыруды ұйымдастыруды және оның тәртібін тексереді;

5) әскери-дәрігерлік сараптама мәселелерін шешу үшін әскери бөлімдерден, жергілікті әскери басқару органдарынан (бұдан әрі – ЖӘБО), денсаулық сақтау ұйымдарынан құжаттарды сұратады.

9-тарау. Десанттық-шабуылдау әскерлерінің әскери-дәрігерлік комиссиясы

36. ДШӘ ӘДК ДШӘ қолбасшысының бұйрығымен осы Ереженің 15-тармағында айқындалған құрамда құрылады және ДШӘ-дағы әскери-дәрігерлік сараптамаға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады.

37. ДШӘ ӘДК төрағасы әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша ҚР ҚМ ОӘДК бастығына бағынады.

38. ДШӘ ӘДК-ға:

1) әскери қызметке (әскери жиындарға) шақырылған және (немесе) ДШӘ-да қызмет ету үшін басқа әскер түрлері мен тектерінен, әскери оқу орындарынан келген (жіберілген) азаматтардың, ДШӘ-да әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілердің, ДШӘ-ның әскери-есептік мамандықтары бойынша оқытып-үйрету үшін іріктелген әскери қызметшілердің ДШӘ-дағы әскери қызметке жарамдылығын айқындау үшін медициналық куәландыруды ұйымдастыру, жүргізу;

2) әскери-дәрігерлік сараптамаға қатысты бөлігінде әскери-медициналық мекемелерде, әскери бөлімдерде емдеу-диагностикалық жұмысты ұйымдастыруды, жүргізуді және оның нәтижелерін бақылау;

3) ДШӘ-да әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерді медициналық куәландыру нәтижелерін талдау және ДШӘ қолбасшылығына және ҚР ҚМ ОӘДК төрағасына медициналық куәландыру нәтижелері туралы есеп берулерді ұсыну жүктеледі.

39. ДШӘ ӘДК:

1) ДШӘ-дағы қызметке жарамдылық немесе жарамсыздық туралы қорытынды шығарады;

2) қайтадан медициналық куәландыру нәтижелері бойынша ДШӘ-да қызмет етуге жарамдылық (жарамсыздық) туралы өз қорытындыларын немесе басқа да ӘДК қорытындыларын (ҚР ҚМ ОӘДК шығарған қорытындылардан басқа) қайта қарайды;

3) ДШӘ-да әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерді медициналық куәландыру мәселелері бойынша әдістемелік нұсқаулар мен ұсынымдар береді;

4) ДШӘ-ның әскери бөлімдерінде әскери қызметшілерді медициналық куәландыруды ұйымдастыруды және оның тәртібін тексереді;

5) әскери-дәрігерлік сараптама мәселелерін шешу үшін әскери бөлімдерден, ЖӘБО-дан, денсаулық сақтау ұйымдарынан құжаттарды сұратады.

10-тарау. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, қала және аудан жергілікті атқарушы органының медициналық комиссиялары

40. ЖАО медициналық комиссияларының жұмысы Кодекстің 12-бабы 2-тармағының 30) тармақшасына, 13-бабының 17) тармақшасына және "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы 29-бабының 1-тармағына сәйкес ұйымдастырылады.

41. Медициналық комиссиялар құрамына денсаулық сақтау ұйымдарынан ӘДС мәселелері бойынша даярлығы бар маман-дәрігерлер: хирург, терапевт, невропатолог, психиатр, окулист, оториноларинголог, дерматовенеролог, стоматолог бөлінеді.

Қажет болған кезде медициналық комиссиялар құрамына басқа мамандықтардың дәрігерлері, сондай-ақ орта медициналық персонал тартылады.

42. ЖАО медициналық комиссиясының жұмысын ұйымдастыруды және оның сапасын бақылау облыс (республикалық маңызы бар қала және астана) қорғаныс істері жөніндегі департаменті медицина қызметінің бастығына (дәрігеріне) жүктеледі.

43. Қаланың, ауданның ЖАО медициналық комиссиялары:

1) осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес маман-дәрігерлердің кабинеттерін әскерге шақыру (жиын) пункттерінде медициналық куәландыру үшін қажетті құралдар, медициналық және шаруашылық мүлік тізбесімен жарактандыруды тексереді;

2) амбулаториялық (стационарлық) тексерілуге (емделуге) мұқтаж азаматтар жіберілетін медициналық ұйымдарды айқындайды;

3) тіркеу (әскерге шақыру) комиссиясы әскери қызметке уақытша жарамсыз деп таныған азаматтарды тексеру (емдеу) жүзеге асырылатын медициналық ұйымдарды айқындайды;

4) маман-дәрігерлердің мерзімді әскери қызметке шақырылуға (әскерге шақыру учаскелеріне тіркелуге) жататын азаматтардың диспансерлік есепте тұрғаны, медициналық көмекке жүгінгені туралы мәліметтерге, оның ішінде медициналық ақпараттық жүйеге қолжетімділігін қамтамасыз етеді;

5) мерзімді әскери қызметке шақыру (әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу) кезінде азаматтарды медициналық куәландыру нәтижесін медициналық ақпараттық жүйеге енгізудің толықтығы мен дұрыстығын бақылайды;

6) азаматтардың Талаптарға сәйкес әскери қызметке жарамдылық санаты туралы қорытынды шығарады және әскер түрлері мен тектері бойынша арналу көрсеткішін белгілейді;

7) азаматтарға әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу, мерзімді әскери қызметке шақыру кезінде медициналық куәландыру мәселелері бойынша түсіндірме береді;

8) шамалы шектеулермен әскери қызметке жарамды деп танылған, әскери қызметке уақытша жарамсыз, ауыз қуысын санациялауға, көру қабілетін түзетуге мұқтаж азаматтардың тізімін жасайды;

9) күн сайын қорытынды шығарады, азаматтарды медициналық куәландыру нәтижесін талдайды;

10) азаматтарды медициналық куәландырудың кемшіліктері туралы мерзімді әскери қызметке шақыру (әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу) комиссиясының төрағасына баяндайды;

11) азаматтарды медициналық куәландыруға байланысты шағымдар мен өтініштерді шешуге қатысады.

Ескерту. Ереже 43-тармақпен толықтырылды – ҚР Қорғаныс министрінің 29.11.2022 № 1143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ЖАО медициналық комиссиялары:

1) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарымен, денсаулық сақтау ұйымдарымен, басқа да ұйымдармен азаматтарды әскери қызметке даярлауды медициналық қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара іс-қимылды ұйымдастырады;

2) жиын пункті маман-дәрігерлерінің кабинеттерін құралмен, медициналық және шаруашылық мүлікпен жаратқандыруды тексереді;

3) маман-дәрігерлерге азаматтарды медициналық куәландыруды ұйымдастыру және жүргізу туралы нұсқау береді, әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді түсіндіреді;

4) бағынысты медициналық комиссиялардың жұмысына әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады, олардың жұмысын бақылайды және оларға әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша практикалық көмек көрсетеді;

5) азаматтарға денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке шақыруды кейінге қалдырудың және одан босатудың негізділігін зерделейді;

6) ресімдеу сапасын, бағынысты медициналық комиссиялардың маман-дәрігерлері шығарған қорытындылардың негізділігін және олардың Талаптарға сәйкестігін тексереді;

7) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына тікелей жөнелту алдында облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) жиын пунктінде аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиясы мерзімді әскери қызметке шақырған азаматтарға бақылау медициналық қарап-тексеруді жүргізеді;

8) аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиялары әскери қызметке жарамсыз және әскери қызметке уақытша жарамсыз деп танылған азаматтарға, сондай-ақ медициналық куәландыру нәтижелері бойынша олардың әскери қызметке жарамдылық санаты туралы қорытындылармен келіспейтіні туралы мәлімдеген азаматтарға қайта медициналық куәландыруды жүргізеді;

9) әскери қызметке жарамдылығы (жарамсыздығы) санатын айқындаумен өзінің келіспейтіні туралы мәлімдеген азаматтардан денсаулық жағдайының өзгеруін растайтын құжаттарды сұратады;

10) бағынысты медициналық комиссиялардың қорытындыларын қарайды (қайта қарайды), бекітеді (күшін жояды);

11) штаттық ӘДК-мен келісілгеннен кейін өз қорытындыларын қайта қарайды;

12) Қарулы Күштерден, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардан мерзімді қызмет әскери қызметшілерін қайтару себептерін есепке алуды, зерделеуді және талдауды жүргізеді;

13) азаматтарды медициналық куәландыру және тексеру (емдеу) нәтижелерін жинақтайды;

14) әскерге шақыру (тіркеу) кампаниясының қорытындысы бойынша облыстың (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) жергілікті атқарушы органының басшысына (әкіміне), денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары басшысына медициналық комиссиялардың жұмысын жақсарту жөнінде ұсыныстар береді.

Ескерту. Ереже 44-тармақпен толықтырылды – ҚР Қорғаныс министрінің 29.11.2022 № 1143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштеріндегі әскери-
дәрігерлік сараптама
комиссиялары туралы ережеге
1-қосымша

Әскерге шақыру (жиын) пунктінде медициналық куәландыру үшін құралдар, медициналық және шаруашылық мүлік тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 18.07.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Дәрігерлік-медициналық құралдар, заттар мен аппарат	Саны	Өлшем бірлігі
Антропометрия кабинеті			
1.	Медициналық таразы	1	дана
2.	Қол динамометрі (тегіс серіппелі)	2	дана
3.	Сантиметрге бөлінген өлшеу таспасы	1	дана
4.	Анатомиялық пинцет	2	дана
5.	Бой өлшегіш	1	дана
6.	Спирометр	1	дана

7.	Үлкейткіш шыны (лупа)	1	дана
8.	Стетофонендоскопы бар тонометр	1	жиынтық
9.	Стационарлық бактерицидтік сәулелендіргішнемесе рециркулятор	1	дана
10.	Наркологиялық тесті (резервтегіні ескеріп, тек облыстық жиын пунктінде әскерге жөнелтілетін адамдар саны бойынша)	-	-

Шығыс материалдары (күніне 50 куәландырушыға): 70 % этил спиртінің сулы ерітіндісі – 100 миллилитр, медициналық қолғап – 50 жұп, 100 грамм мақта, құралдарды өңдеуге арналған дезинфекциялау ерітіндісі, құралдарды өңдеуге арналған ыдыс – 2 дана, шприц (бірреттік) 5,0 миллилитр – 50 дана, медициналық халат (немесе костюм) – 2 дана, аммиак – 5 миллилитр, бөлме термометрі – 1 дана

Терапевт кабинеті

11.	Стетофонендоскопы бар тонометр	2	жиынтық
12.	Медициналық термометр	3	дана
13.	Тілге арналған түзу екіжақты шпатель	5	дана
14.	Бүйрек пішінді эмальданған науа	1	дана
15.	Медициналық кушетка	1	дана
16.	Үстел шамы	1	дана
17.	Стационарлық бактерицидтік сәулелендіргішнемесе рециркулятор	1	дана
18.	Пульсоксиметр	1	дана
19.	Кардиографқа арналған термоқағаз таспасы бар көп арналв электрокардиограф (тек облыстық бақылау комиссиясына)	1	жиынтық
20.	Компьютер (монитор, жүйелік блок, пернетақта, компьютерлік тінтуір, үздіксіз қоректендіру көзі)	1	жиынтық
21.	Принтер	1	дана

Шығыс материалдары (күніне 50 куәландырушыға): 70 % этил спиртінің сулы ерітіндісі – 100 миллилитр, медициналық қолғап – 50 жұп, 100 грамм мақта, құралдарды өңдеуге арналған дезинфекциялау ерітіндісі, құралдарды өңдеуге арналған ыдыс – 2 дана, медициналық халат (немесе костюм) – 2 дана, аммиак – 5 миллилитр

Хирург кабинеті

22.	Стетофонендоскоп	1	дана
23.	Бұрыш өлшегіш	1	дана
24.	Негатоскоп	1	дана
25.	Сантиметрге бөлінген өлшеу таспасы	1	дана
26.	Медициналық кушетка	1	дана
27.	Стационарлық бактерицидтік сәулелендіргішнемесе рециркулятор	1	дана
28.	Компьютер (монитор, жүйелік блок, пернетақта, компьютерлік тінтуір, үздіксіз қоректендіру көзі)	1	жиынтық
29.	Принтер	1	дана
Шығыс материалдары (күніне 50 қуәландырушыға): 70 % этил спиртiнiң сулы ерiтiндiсi – 100 миллилитр, медициналық қолғап – 50 жұп, 100 грамм мақта, құралдарды өңдеуге арналған дезинфекциялау ерiтiндiсi, құралдарды өңдеуге арналған ыдыс – 2 дана, медициналық халат (немесе костюм) – 2 дана			
Невропатолог кабинеті			
30.	Неврологиялық шағын балға	1	дана
31.	Тiлге арналған түзу екiжақты шпатель	5	дана
32.	Сантиметрге бөлінген өлшеу таспасы	1	дана
33.	Бүйрек пішіндi науа	1	дана
34.	Медициналық қолшам (офтальмоскопияға арналған)	1	дана
35.	Стетофонендоскопы бар тонометр	1	жиынтық
36.	Медициналық кушетка	1	дана
37.	Стационарлық бактерицидтік сәулелендіргішнемесе рециркулятор	1	дана
38.	Компьютер (монитор, жүйелік блок, пернетақта, компьютерлік тінтуір, үздіксіз қоректендіру көзі)	1	жиынтық
39.	Принтер	1	дана
Шығыс материалдары (күніне 50 қуәландырушыға): 70 % этил спиртiнiң сулы ерiтiндiсi – 100 миллилитр, медициналық қолғап – 50 жұп, құралдарды өңдеуге арналған дезинфекциялау ерiтiндiсi, құралдарды өңдеуге арналған ыдыс – 2 дана, медициналық халат (немесе костюм) – 2 дана			
Психиатр кабинеті			

40.	Неврологиялық шағын балға	1	дана
41.	Медициналық қолшам (офтальмоскопияға арналған)	1	дана
42.	Стационарлық бактерицидтік сәулелендіргішнемесе рециркулятор	1	дана
43.	Компьютер (монитор, жүйелік блок, пернетақта, компьютерлік тінтуір, үздіксіз қоректендіру көзі)	1	жиынтық
44.	Принтер	1	дана
Шығыс материалдары (күніне 50 куәландырушыға): 70 % этил спиртінің сулы ерітіндісі – 100 миллилитр, медициналық қолғап – 50 жұп, медициналық халат (немесе костюм) – 2 дана			
Оториноларинголог кабинеті			
45.	Барани креслосы (тек облыстық медициналық комиссияға)	1	дана
46.	Отоскоп	1	дана
47.	№ 1, 2, 3, 4 құлақ воронкасы	3	жинақ
48.	Пневматикалық құлақ воронкасы	1	дана
49.	Біржақты керемдікті айқындаған кезде естуді зерттеуге арналған құлақ тығыны	1	дана
50.	Көмей айнасы	2	дана
51.	Мұрын айнасы	15	дана
52.	Воячек ұшы сүйір құлақ зонды	1	дана
53.	Түйме тәрізді зонд	2	дана
54.	Мактаға арналған бөлігі бар құлақ зонды	1	дана
55.	Қарапайым құлақ манометрі (отоманометр)	1	дана
56.	Қабырғасы иілген құлақ пинцеті	1	дана
57.	Маңдай рефлекторы	1	дана
58.	Бүйрек пішінді эмальданған науа	2	дана
59.	Медициналық термометр	1	дана
60.	Құрғақ-кептіру шкафы немесе стерилизатор	1	дана

61.	Тілге арналған түзу екіжақты шпатель	15	дана
62.	Спирттік шам	1	дана
63.	Үстел шамы	1	дана
64.	Жиынтықта 3S LED маңдайға арналған жіңішке жарық бағыттайтын медициналық жарық түсіргіші	1	жиынтық
65.	Жиынтықта стерильді құралдарды сақтауға арналған камера	1	жиынтық
66.	Стационарлық бактерицидтік сәулелендіргіш немесе рециркулятор	1	дана
67.	Компьютер (монитор, жүйелік блок, пернетақта, компьютерлік тінтуір, үздіксіз қоректендіру көзі)	1	жиынтық
68.	Принтер	1	дана
Шығыс материалдары (күніне 50 куәландырушыға): 70 % этил спиртінің сулы ерітіндісі – 100 миллилитр, медициналық қолғап – 50 жұп, 100 грамм мақта, құралдарды өңдеуге арналған дезинфекциялау ерітіндісі, құралдарды өңдеуге арналған ыдыс – 2 дана, медициналық халат (немесе костюм) – 2 дана			
Окулист кабинеті			
69.	Үлкен қабақ көтергіш	2	дана
70.	Скиаскопиялық сызғыш	2	дана
71.	Көзілдірік таңдауға арналған өлшеу сызғышы	1	дана
72.	Күн қағарлы биноклярлық лупа	1	дана
73.	Поляк оптоотүрі	1	дана
74.	Жанама офтальмоскоп	1	дана
75.	Тікелей офтальмоскоп	1	дана
76.	Көзілдірік әйнегі	1	жинақ
77.	Таңба проекторы	1	жиынтық
78.	Головин-Сивцев кестесіне арналған жарық түсіру аппараты	1	дана
79.	Офтальмологиялық шам	1	дана
80.	Көру өткірлігін айқындауға арналған Головин-Сивцев кестесі	1	жиынтық
81.	Түсті көруді зерттеуге арналған межелеу кестесі	1	жиынтық

82.	Төмендеген көру симуляциясын зерттеуге арналған бақылау кестесі және Поляк белгілері	1	жиынтық
83.	Бүйрек пішінді эмальданған науа	2	дана
84.	Көзішілік қысым тонометрі түйіспелі	1	дана
85.	Жас жолын жууға арналған екі доғалұшты канюлі бар шприц	2	дана
86.	Үстел шамы	1	дана
87.	Медициналық қолшам (офтальмоскопияға арналған)	1	дана
88.	Стационарлық бактерицидтік сәулелендіргішнемесе рециркулятор	1	дана
89.	Биноклярлық көруді анықтауға арналған поляроидты көзілдірігі бар төртнүктелі тұссынағы	1	жиынтық
90.	Компьютер (монитор, жүйелік блок, пернетақта, компьютерлік тінтуір, үздіксіз қоректендіру көзі)	1	жиынтық
91.	Принтер	1	дана
Шығыс материалдары (күніне 50 қуәландырушыға): 70 % этил спиртінің сулы ерітіндісі – 100 миллилитр, медициналық қолғап – 50 жұп, 100 грамм мақта, құралдарды өңдеуге арналған дезинфекциялау ерітіндісі, құралдарды өңдеуге арналған ыдыс – 2 дана, медициналық халат (немесе костюм) – 2 дана, көру өткірлігін диагностикалау үшін пайдаланылатын дәрілік препарат (мидриатик)			
Стоматолог кабинеті			
92.	Тіс айнасы	25	дана
93.	Істік пішінді түзу тіс зондысы	3	дана
94.	Бұрышы иілген тіс зондысы	25	дана
95.	Жалпы мақсаттағы анатомиялық пинцет	2	дана
96.	Стандартты емес иілген тіс пинцеті	10	дана
97.	Жарықтандыратын аспап	1	дана
98.	Құралдарды ультрадыбыстық тазалауға арналған аппарат	1	дана

99.	Жиынтықта стерильді құралдарды сақтауға арналған камера	1	жиынтық
100.	Стационарлық бактерицидтік сәулелендіргіш немесе рециркулятор	1	дана
101.	Компьютер (монитор, жүйелік блок, пернетақта, компьютерлік тінтуір, үздіксіз қоректендіру көзі)	1	жиынтық
102.	Принтер	1	дана
Шығыс материалдары (күніне 50 қуәландырушыға): 70 % этил спиртінің сулы ерітіндісі – 100 миллилитр, медициналық қолғап – 50 жұп, 100 грамм мақта, құралдарды өңдеуге арналған дезинфекциялау ерітіндісі, құралдарды өңдеуге арналған ыдыс – 2 дана, медициналық халат (немесе костюм) – 2 дана			
Дерматолог кабинеті			
103.	Лупа	1	дана
104.	Дерматоскоп	1	дана
105.	Медициналық кушетка	1	дана
106.	Медициналық ширма	1	дана
107.	Стационарлық бактерицидтік сәулелендіргіш немесе рециркулятор	1	дана
108.	Компьютер (монитор, жүйелік блок, пернетақта, компьютерлік тінтуір, үздіксіз қоректендіру көзі)	1	жиынтық
109.	Принтер	1	дана
Шығыс материалдары (күніне 50 қуәландырушыға): 70 % этил спиртінің сулы ерітіндісі – 100 миллилитр, медициналық қолғап – 50 жұп, 100 грамм мақта, құралдарды өңдеуге арналған дезинфекциялау ерітіндісі, құралдарды өңдеуге арналған ыдыс – 2 дана, медициналық халат (немесе костюм) – 2 дана			
Республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, облыстардың медициналық комиссиясына арналған қосымша диагностикалық жабдық			
110.	Авторефрактометр	1	дана
111.	Саңылау шамы	1	дана
112.	Зең ауыруын диагностикалауға арналған люминесцентті шам	1	дана
113.	Құлақ, тамақ пен мұрын қуысының эндоскопиялық визуалды жүйесі (отоларингологтың жұмыс орны)	1	жиынтық

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидаларын және әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 373 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11846 болып тіркелген, 2015 жылғы 26 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидаларын және әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 373 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2018 жылғы 18 сәуірдегі № 232 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16898 болып тіркелген, 2018 жылғы 24 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

3. "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидаларын және әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 373 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 1058 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19761 болып тіркелген, 2019 жылғы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).